

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ



**Білім алушылардың отбасыларымен мектептердің ынтымақтастық
формалары мен әдістерін енгізу және кеңейту бойынша әдістемелік
ұсынымдар**

Астана 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2025 жылғы 5 қыркүйек № 4 хаттама)

«Білім алушылардың отбасыларымен мектептердің ынтымақтастық формалары мен әдістерін енгізу және кеңейту бойынша әдістемелік ұсынымдар

/Әдістемелік ұсынымдар.— Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025. — 202 бет

Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының нысандары мен әдістерін енгізу және кеңейту бойынша әзірленген әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдары мен ата-аналардың өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған. Әдістемелік ұсынымдамада «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектеп пен отбасы серіктестігін ұйымдастырудың теориялық негіздері мен заманауи тәсілдері, практикалық формалары, сыныптық және жалпы мектеп ішілік іс-шаралар, ата-аналар клубтары, консультациялар, бірлескен жобалар, сондай-ақ мониторинг және бағалау құралдары ұсынылды.

Әдістемелік ұсынымдама білім беру ұйымдарының басшыларына, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, педагогтерге, сынып жетекшілеріне, педагог-психологтерге, әлеуметтік педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетуге бағытталған.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2025

КІРІСПЕ

Қазіргі заманда білім беру жүйесі оқушының тұлғалық дамуын жан-жақты қамтамасыз етумен қатар, оның әлеуметтік-мәдени құндылықтарға бейімделуіне жағдай жасауды талап етеді. Бұл үдерісте мектеп пен отбасының өзара ықпалдастығының рөлі айрықша. Өйткені ата-ана – баланың алғашқы тәрбиешісі, ал мектеп – оның білім алып, әлеуметтенетін ортасы. Екі институттың тиімді ынтымақтастығы білім алушының үйлесімді дамуына, құндылық бағдарларының қалыптасуына және азаматтық жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев биылғы 2025 жылдың 15 тамызында өткен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы тамыз конференциясының пленарлық отырысында: «қазір елімізде рухы азат, ойы еркін ұрпақ өсіп келеді. Заңды сыйлау, тәртіпке бағыну қоғамның мызғымас қағидасына айнала бастады. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан жаңа сипатты ел болу жолына бет бұрды. Бірақ өзгерістерді жасау – бір бөлек болса, оны біржола орнықтыру – бір басқа мәселе. Ол үшін, ең алдымен, қоғам санасы түбегейлі жаңғыруы қажет. Осы ретте сіздерге, яғни, ұстаздар қауымына зор жауапкершілік жүктеледі. Себебі, нағыз «Адал азамат» мектеп қабырғасында қалыптасады» деп мұғалімдерге бала тәрбиесіне үлкен сенім артып білім саласындағы бірқатар мәселелерге назар аудару керектігін ұсынды[1].

Біріншіден, білім мен тәрбиенің тұтастығына баса назар аудару;

Екіншіден, «Отбасы – мектеп – мемлекет» үштігінің үйлесімділігін қамтамасыз ету;

Үшіншіден, еңбекке құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру;

Төртіншіден, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясының мазмұнын тек экологиялық тазалық тұрғысынан ғана емес, ой-сана тазалығы ретінде түсіндіріп, балаларды адалдыққа, әділдікке, жауапкершілікке және жемқорлыққа қарсы мәдениетке тәрбиелеу;

Бесіншіден, заң мен тәртіп үстемдігін нығайту, қауіпсіз мектеп мәдениетін орнықтыру – буллинг пен әлімжеттіктің алдын алу, балаларды әлеуметтік кеселдерден қорғау.

Сонымен қатар, тәрбие жұмысында цифрлық орта мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану[1].

Олай болса, барлық білім беру ұйымдары алдында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын сапалы іске асыру міндеті тұр.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2025 жылдың 26 мамырдағы №123 бұйрығына сәйкес бағдарламаның атауы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы болып өзгертілді[2].

Әдістемелік ұсынымдаманың басты мақсаты – мектеп пен ата-аналардың серіктестігін күшейту арқылы оқушылардың сапалы білім алуына, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіруіне жағдай жасау.

Бірінші бөлімде мектепке білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты енгізудің мақсаттары, міндеттері мен әдіснамасына қысқаша шолу жасалды.

Білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету, ата-аналардың тәрбиелік әлеуетін күшейту, оларды білім беру процесінің белсенді қатысушысы ету, баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеретін ортақ құндылықтық бағдар қалыптастыру мәселелері көтерілді. Осы мәселелерді шешуде ата-аналарға тәрбие мен оқытудағы заманауи талаптар туралы жүйелі ақпарат беру, ата-аналарды мектептің тәрбие жұмысына тартудың түрлі формаларын енгізу, баланың дамуына қатысты мәселелерді шешуде мектеп пен ата-ананың бірлескен жауапкершілігін арттыру, әлеуметтік серіктестік қағидаттарына сүйене отырып, ата-аналармен жұмыс жүргізудің тұрақты жүйесін қалыптастыру керек.

Әдіснамалық негіздеріне талдау жасай отырып, құндылыққа негізделген тәсілдемесіне «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарына сипаттама жасалды. Ынтымақтастық педагогикасы (Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, В.А. Сухомлинский, Ш. Амонашвили идеялары), жүйелілік және кешенділік қағидаты – ата-аналармен жұмысты тек жекелеген іс-шара ретінде емес, тәрбиелік жүйенің құрамдас бөлігі ретінде ұйымдастыру мәселесіне, жас ерекшеліктерін ескеруде бастауыш, негізгі және жоғары сынып оқушылары ата-аналарымен жұмыстың ерекшелігіне теориялық және практикалық сипаттама берілді. Әдістемелік ұсынымдаманың бірінші бөлімінде жалпы теориялық-әдіснамалық талдау жасалып, мектеп-ата-ана серіктестігінің не үшін қажет, қандай міндет атқарады, қай тәсілдерге сүйенеді деген сұрақтарға жауап береді.

Әдістемелік ұсынымдаманың екінші бөлімінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында білім беру ұйымдарында ата-аналарға арналған ағартушылық іс-шараларды өткізудегі негізгі ұсынымдар».

Бұл бөлімде негізінен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын ата-аналар арасында насихаттау, отбасы тәрбиесінде осы құндылықтардың көрініс табуын қамтамасыз ету, мектеп пен ата-ананың тәрбиелік ықпалын бір арнаға тоғыстыру мәселелері көтерілді.

Ата-аналарға арналған ағартушылық іс-шаралардың мақсаты көзделе отырып, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, отбасылық құндылықтарды нығайту, проблемаларды шешу жолдары бойынша практикалық кеңестер беру, мектеп пен ата-ана арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру. Сонымен қатар іс-шара түрлері ұсынылды. Ата-аналар университеті / ата-аналар клубы (тәрбиенің өзекті мәселелері бойынша тұрақты дәрістер, семинарлар), тақырыптық тренингтер (қарым-қатынас мәдениеті, балаға психологиялық қолдау көрсету, цифрлық қауіпсіздік),

пікірталас алаңдары мен дөңгелек үстелдер (қоғамдық-әлеуметтік тақырыптар бойынша), шеберлік сыныптары (педагог-психолог, әлеуметтік педагог, құқық қорғау органдары мамандарының қатысуымен), отбасылық мерекелер, спорттық жарыстар, шығармашылық байқаулар – бірлескен іс-әрекет арқылы ата-аналарды мектеп өміріне тарту бойынша әдістемелік көмек ретінде іс-шаралар үлгісі ұсынылды. Екінші бөлімде мектеп пен отбасы ынтымақтастығын «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтары негізінде қалай жүзеге асыруға болатыны, ата-аналарға ағартушылық іс-шараларды қандай формада, қандай мазмұнда және қандай әдіспен өткізуге болатыны нақтыланады.

Әдістемелік ұсынымдаманың үшінші бөлімінде әр жастағы білім алушылардың отбасыларымен мектептердің тиімді ынтымақтастық формалары мен әдістерін енгізу және кеңейту бойынша әдістемелік ұсынымдар берілді. Бұл бөлімде жалпы мектептік деңгейде: ата-аналар жиналыстары, конференциялар, ашық есік күндері, ата-аналар комитетінің жұмысы, сынып деңгейінде: сынып сағаттарына қатыстыру, отбасылық жобалар, ата-аналар клубы, бірлескен шығармашылық және спорттық іс-шаралар, Жеке деңгейде: педагог–ата-ана–оқушы үштігі, жеке кеңестер, үйге бару (патронаж), онлайн байланыс (мессенджер, платформа). ұсынылды.

Диалогтық әдістер: әңгіме, пікірталас, дөңгелек үстел, іс-әрекеттік әдістер: бірлескен жобалар, тренингтер, шеберлік сағаттары; ақпараттық-ағартушылық әдістер: дәріс, семинар, буклет, онлайн вебинар, рефлексиялық әдістер: сауалнама, кері байланыс парақтары, ата-аналар пікірін талдау. Сонымен қатар білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай бастауыш мектеп, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру негізінде атқарылатын іс-шаралар енгізілді. Сондай-ақ Цифрлық құралдарды (онлайн платформалар, чаттар) пайдалана отырып ата-аналардың қолжетімділігін арттыру, жергілікті қоғамдастықпен (мәдениет үйлері, спорт орталықтары, қоғамдық ұйымдар) байланыс орнату, үздік тәжірибелерді тарату, ата-аналарды көшбасшылыққа тарту бойынша іс-шаралар үлгісі ұсынылды.

1 МЕКТЕПKE БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖҰМЫСТЫ ЕНГІЗУДІҢ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ӘДІСНАМАСЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – оқушының тұлғалық әлеуетін дамытуда мектеп пен отбасының өзара ынтымақтастығын күшейту. Бала тәрбиесі тек мектептің ғана емес, ата-ананың да жауапкершілігіне негізделген әлеуметтік құбылыс.

Қазіргі білім беру жүйесінде мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықтың жаңа деңгейге көтерілуі ерекше мәнге ие. Ата-аналар білім алушылардың тұлғалық дамуына ықпал ететін басты әлеуметтік институттардың бірі болып табылады.

Сондықтан ата-аналармен жүргізілетін жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыру – білім сапасын арттырудың, тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды факторы. Сондай-ақ мектеп пен отбасының серіктестігін ғылыми тұрғыда негіздеу, оның әдіснамалық ұстанымдарын айқындау – тәрбие жұмысының табысты жүзеге асуының кепілі.

Цифрландыру дәуірінде, ақпарат ағыны күшейген қазіргі қоғамда мектеп пен ата-ана арасындағы байланыс жаңа мазмұнға ие болып, әртүрлі формалар мен әдістерді талап етеді. Бұл тақырыптың өзектілігі ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жетілдіру қажеттілігінен және олардың мектептің тәрбиелік ортасындағы рөлін күшейтуден туындайды.

Ғылыми-тәжірибелік маңызы.

Мектеп пен отбасының өзара ықпалдастығы білім алушылардың адамгершілік қасиеттерін, құндылық бағдарларын және азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруда ерекше маңызға ие. Осы тұрғыда ата-аналармен жұмыстың ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтау педагогикалық теорияны байытады және мектеп тәжірибесіне нақты ұсыныстар береді. Бұл зерттеу нәтижелері тәрбие процесін жетілдіруге, мектеп мәдениетін дамытуға, ата-аналардың педагогикалық белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Зерттеу нысаны – мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі.

Зерттеу пәні – ата-аналармен жұмыстың мазмұны, формалары мен әдістері.

Жалпы мақсат пен күтілетін нәтиже. Ата-аналармен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың педагогикалық мәдениетін арттыру арқылы білім алушылардың сапалы білім алуына, тұлғалық дамуына және әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Бұл бағыттағы міндеттер:

ата-аналардың мектеп өміріне қатысуын кеңейту;

бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігін күшейту;

мектеп пен отбасы ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеру.

Күтілетін нәтиже: ата-аналар мен мектептің бірлескен іс-әрекеті арқылы бала тұлғасының үйлесімді дамуына ықпал ету.

Мақсаты

Мектеп пен отбасының өзара ықпалдастығын жетілдіру арқылы білім алушылардың тұлғалық дамуына, рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына және оқу-тәрбие процесінің тиімділігіне қол жеткізу.

Міндеттері

1. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, олардың құқықтық және тәрбиелік жауапкершілігін күшейту.
2. Бала тәрбиесіндегі мектеп пен отбасының бірлескен іс-әрекетінің тиімді моделін қалыптастыру.
3. Білім алушылардың оқу жетістіктерін, құндылық бағдарларын дамытуда ата-аналардың белсенді қатысуына жағдай жасау.
4. Отбасылық тәрбие ресурстарын ғылыми негізде қолданып, мектептің тәрбие экожүйесіне енгізу.
5. Мектеп пен ата-ана арасындағы коммуникацияның заманауи әдістерін (цифрлық платформалар, ата-аналар клубтары, кеңес беру қызметтері) қолдану.
6. Тәрбиелік процестің нәтижелілігін арттыру мақсатында ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Мектепте ата-аналармен жұмысты енгізудің әдіснамалық негіздері

Мектеп пен ата-аналардың өзара әрекеттестігін ұйымдастыру педагогикалық ғылымда ерекше маңызға ие бағыттардың бірі. Бұл мәселені зерттеу барысында бірқатар отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

Я.А. Коменский мен Ж.Ж. Руссо еңбектерінде отбасы тәрбиесінің баланың тұлғалық дамуына ықпалы негізделген. К.Д. Ушинский отбасындағы тәрбиелік ықпалдың жүйелілігі мен мектеп тәрбиесімен үйлесімділігі қажет екенін атап көрсеткен. Қазақ педагогикасында Ы. Алтынсарин ата-ананың баланың адамгершілік қалыптасуындағы орнына назар аударған, ал Абай Құнанбайұлының қара сөздерінде отбасылық тәрбие мен рухани құндылықтардың байланысы айқындалған.

Кеңестік дәуірде В.А. Сухомлинский «мектеп пен отбасы – тәрбиенің екі қанаты» деп бағалап, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттырудың қажеттілігін негіздеген.

Халықаралық ынтымақтастық үлгілері

Өртүрлі елдердің тәжірибесі мектеп пен отбасының жүйелі өзара әрекеттестігі білім нәтижелеріне оң ықпал ететінін дәлелдейді.

- Финляндия: «сенім үшбұрышы» — бала, мұғалім, ата-ана. Ата-аналар баланың жеке оқу траекториясын жоспарлауға белсенді қатысады.
- Сингапур: «Parent Support Groups» желісі, мұнда ата-аналар қызығушылық клубтарына бірігіп, мектепке үйірмелер мен іс-шараларды ұйымдастыруға көмектеседі.
- Канада: «School Councils» тәжірибесі, ол мектеп саясатына ықпал ету құқығына ие.

Қазақстан үшін бұл тәжірибелерді ұлттық контекстке бейімдеп қабылдау маңызды: мектептік «Ата-ана клубтарын» дамыту, ата-аналарды сараптамалық және кеңесші кеңестерге тарту.

Отандық ғалымдар Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, Ә. Қоңыратбаев, А. Құсайынова сияқты ғалымдар ұлттық құндылықтар негізінде ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін қарастырған.

Ынтымақтастық әдіснамасы тек заманауи педагогикалық теорияларға ғана сүйенбеуі тиіс — қазақ педагогикасының бай мұрасын да ескеру қажет.

Ы. Алтынсарин еңбектерінде ата-ананың тәрбиелік процеске белсенді қатысуын көздейтін «ашық мектеп» идеясы айқындалған;

А. Байтұрсынұлы тұлғаның қалыптасуында отбасы тілі мен мәдениетінің рөлін ерекше атап өткен;

Ж. Баласағұн тәрбиенің ұрпақтар бірлігінсіз мүмкін еместігін жазған.

Қазіргі мектеп бұл идеяларды практикаға енгізе алады: дәстүрлерді (қонақ күту, үлкенге құрмет, кішіге қамқор) заманауи әдістермен (жобалық іс-әрекет, медиасауаттылық, цифрлық қауіпсіздік) ұштастыру арқылы

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру және оны мектеп тәжірибесіне енгізу бірқатар құқықтық актілермен реттеледі. Бұл актілер ата-аналардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ білім беру ұйымдарының ата-аналармен өзара іс-қимылын нақты айқындайды.

Еліміздің негізгі заңы ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясы бала тәрбиесі мен ата-ананың жауапкершілігін құқықтық тұрғыда белгілейді. Конституцияның 27-бабында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі міндеті» деп көрсетілген. Бұл қағида ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлін айрықша мәнге иетеді[3].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ата-аналардың білім беру процесіндегі рөлін нақты айқындайды. Заңның 8-бабында ата-аналардың құқықтары мен міндеттері көрсетілген: баланың қабілеттерін дамытуға жағдай жасау, оқу-тәрбие процесіне қатысуға, оның сапасына бақылау жасауға мүмкіндік беру. Сонымен қатар, 49-бапта білім беру ұйымдарының ата-аналармен өзара іс-қимылы реттеліп, мектеп пен ата-ананың серіктестік негізінде әрекет етуі заңды міндет ретінде белгіленген[4].

Қазақстан Республикасы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінде ата-ананың құқықтық жауапкершілігі жан-жақты қамтылған. Кодекстің 70-бабында ата-аналардың балаға қатысты құқықтары мен міндеттері қарастырылса, 75-бапта олардың баланың тәрбиесіне, білім алуына және денсаулығына жауапкершілігі бекітіледі. Бұл нормалар ата-аналармен мектеп арасындағы құқықтық серіктестіктің негізін құрайды[5].

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заң балалардың құқықтарын қорғауды және олардың толыққанды дамуына жағдай жасауды көздейді. Заңның 9-бабында бала отбасында тәрбиеленуге құқылы

екендігі атап көрсетілсе, 16-бапта білім алу құқығы мен оны қамтамасыз ету ата-ананың міндеті ретінде белгіленген. Ал 27-бапта ата-аналардың баланың құқықтарын қорғау жауапкершілігі нақтыланады[6].

Қазақстан Республикасы «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы ата-аналардың бақылау функциясын күшейтуге бағытталған. Заңның 7-бабында ата-аналар баланың мінез-құлқын бақылауға міндетті екендігі айтылса, 10-бапта білім беру ұйымдары мен ата-аналардың бірлескен профилактикалық жұмыстары қарастырылады[7].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында әзірленген «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасында ата-аналармен бірлескен жұмыстарын нығайту мақсатындағы іс-шаралар, әлеуметтік жобалар, «Өнегелі 15 минут» т.б. іс-шаралар және тәрбие жұмысына байланысты әдістемелік ұсынымдамалар ата-аналармен жұмыстың мазмұнын нақтылап, ұйымдастыру тетіктерін белгілейді[2,1].

Жоғарыда қарастырылған заңнамалар мен нормативтік-құқықтық актілер мектепте ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың құқықтық негізін құрайды. Конституциялық қағидалардан бастап салалық заңдарға дейінгі құжаттар ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін бекітумен қатар, мектеп пен отбасының бірлескен қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстан Республикасында ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың құқықтық және бағдарламалық негіздерін қарастырғанда, бірқатар стратегиялық құжаттарға назар аудару қажет. Солардың ішінде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы мен «Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» ата-аналар мен мектеп арасындағы серіктестікті жаңа мазмұнда дамытудың басты тетіктерін ұсынады.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі – адами капиталды дамыту және цифрлық сауаттылықты арттыру. Осы мақсатта білім беру ұйымдарын цифрландыру, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу міндеттері белгіленді.

Бұл ата-аналар мен мектеп арасындағы байланысқа тікелей ықпал етті: электронды күнделік, онлайн платформалар, цифрлық жүйелер арқылы ата-аналар баласының үлгерімі мен қатысуы туралы ақпаратты жедел алып отыру мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, цифрлық коммуникациялар ата-аналар жиналысын қашықтықтан өткізуге, ата-аналар клубтарын онлайн форматта ұйымдастыруға жағдай жасады.

Алайда, бағдарламаның басты назарында инфрақұрылым мен технологиялық жүйелер болғандықтан, ата-ана мен мектептің тікелей педагогикалық серіктестігін дамыту механизмдері жан-жақты нақтыланбаған.

«Білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Аталған құжаттың негізгі мақсаты – білім беру сапасын арттыру және адами капиталды дамыту

Бағдарламада ата-аналар білім беру процесінің серіктестері ретінде қарастырылып, олардың мектеп өміріне қатысуын кеңейту көзделген. Мәселен, тәрбие жұмыстары мен оқушыларды қолдау шараларына ата-аналарды тарту, әлеуметтік қолдау бағытында олардың белсенділігін арттыру қарастырылған[8].

Сонымен қатар, ата-аналардың қосымша білім беру іс-шараларына, мектепке дейінгі ұйымдардағы жұмыстарға қатысуы маңызды фактор ретінде аталған. Бұл қадам ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жетілдіруге және мектеп өміріндегі жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Осы құжаттарды басшылыққа ала отырып, білім беру ұйымдары ата-аналармен ынтымақтастықта, ата-аналар комитетінің жұмысын трансформациялауда өздерінің тәжірибелік модельдерін қалыптастыруы қажет.

Бұл құжаттардың үйлесімді жүзеге асырылуы ата-аналардың құқықтық мәдениетін арттырып, мектеп пен отбасы арасындағы серіктестікті жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, халықаралық деңгейдегі зерттеулерде (ЮНЕСКО, ЭЫДҰ) білім беру сапасын арттыруда мектеп пен ата-ананың серіктестігі негізгі факторлардың бірі ретінде көрсетіледі. Бұл еңбектер ата-аналардың құқықтық мәдениетін көтерудің, тәрбие үдерісіне белсенді қатыстырудың әдістемелік негізін құрайды.

Зерттеудің әдіснамалық базасы:

теориялық талдау әдісі – педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік еңбектерге шолу жасау арқылы ата-аналармен жұмыстың ғылыми негізін айқындау;

эмпирикалық әдістер – сауалнама, әңгімелесу, бақылау, құжаттарды талдау арқылы ата-аналардың құқықтық мәдениеті мен жауапкершілік деңгейін анықтау;

салыстырмалы талдау әдісі – мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігін әртүрлі білім беру жүйелері аясында қарастыру;

практикалық эксперимент – ата-аналармен жұмыс формалары мен әдістерінің тиімділігін тексеру.

Әдіснамалық негіздеме осылайша мектеп пен ата-аналардың ынтымақтастығын кешенді қарастыруға, тәрбие процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Ата-аналармен жұмыстың әдіснамасы педагогика ғылымының негізгі теориялық қағидалары мен тәрбиелік концепцияларына сүйенеді. Оның ғылыми-әдіснамалық негізін бірнеше бағыт құрайды:

1. Философиялық негіздер

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың философиялық мәні – адамды тұлға ретінде дамыту, оның рухани-адамгершілік құндылықтарын

қалыптастыру. Гуманизм, тұлғаға бағытталған көзқарас, әлеуметтік әділеттілік идеялары ата-аналармен жұмыс жасауда басты бағдар болып табылады.

2. Психологиялық негіздер

Отбасы – баланың алғашқы әлеуметтік ортасы. Сондықтан ата-анамен жұмыс психологиялық тұрғыдан баланың жас ерекшеліктерін, тұлғалық даму сатыларын ескеруге бағытталады. Ата-аналармен жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін олардың психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, отбасы типологиясына қарай сараланған тәсіл қолдану қажет. Мектеп тарапынан ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға бағытталған дәрістер, тренингтер, семинарлар ұйымдастыру өзекті. Сонымен бірге мектеп психологы мен әлеуметтік педагог тарапынан жүйелі қолдау көрсету – ата-аналар мен мектеп арасындағы сенімді нығайтады. Л.С. Выготскийдің әлеуметтік-мәдени даму теориясы, Э. Эриксонның психоәлеуметтік даму кезеңдері ата-аналармен жұмыстың психологиялық астарларын айқындайды.

3. Педагогикалық негіздер

Педагогикалық тұрғыдан ата-аналармен жұмыс:

- тәрбие мен оқытудың бірлігі;
- мектеп пен отбасының өзара ықпалдастығы;
- тәрбиелік ықпалдың жүйелілігі мен үздіксіздігі қағидаларына сүйенеді.

Н. Крупская, В. Сухомлинский еңбектерінде отбасының бала тәрбиесіндегі орны ерекше атап өтіледі.

4. Құқықтық-нормативтік негіздер

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Балалар құқықтары туралы Конвенция, сондай-ақ білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттар мен бағдарламаларға негізделеді. Бұл құжаттар ата-аналардың құқықтары мен міндеттерін, мектеппен өзара іс-қимылын айқындайды.

5. Әлеуметтік-мәдени негіздер

Әдіснама ұлттық салт-дәстүрлерді, халықтық педагогиканы, мәдениет пен руханият құндылықтарын қамтиды. Бұл ата-аналардың тәрбиелік әлеуетін арттырып, отбасындағы құндылықтар мен мектептегі құндылықтарды ұштастыруға мүмкіндік береді.

6. Инновациялық негіздер

Қазіргі заманда ата-аналармен жұмыс инновациялық технологияларға сүйенеді:

- цифрлық коммуникациялар (онлайн жиналыстар, чаттар, мектеп сайттары);
- интерактивті әдістер (коучинг, тренинг, фасилитация);
- жобалық және қызметтік тәсілдер.

Ата-аналармен жұмыстың теориялық негіздері педагогика классиктерінің еңбектерінде кеңінен көрініс тапқан. Мәселен, Ы.Алтынсарин отбасылық тәрбиенің баланың адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы маңызын атап көрсетсе, А.С. Макаренко ата-ананың тәрбие процесіндегі белсенді рөлін

негіздеді. В.А. Сухомлинский мектеп пен отбасының біртұтас тәрбие жүйесін құру қажеттігін ұсынды. Қазіргі зерттеулерде У. Бронфенбреннердің экологиялық жүйелер теориясы, И.Я. Лернер мен Л.И. Новикованың педагогикалық серіктестік идеялары, сондай-ақ құндылыққа негізделген тәрбие тұғырлары кеңінен қолданылып келеді.

- *Әлеуметтік серіктестік теориясы* (Parsons, Coleman, т.б.) – мектеп пен отбасының қоғамдағы ортақ жауапкершілігін негіздеу[9].

Әлеуметтік серіктестік теориясы бойынша, қоғамның тұрақты дамуы түрлі әлеуметтік институттардың – мемлекет, мектеп, отбасы, қоғамдастық – өзара үйлесімді әрекеттестігіне байланысты. Парсонстың құрылымдық-функционалдық теориясында отбасы – баланың әлеуметтенуінің негізгі агенті, ал мектеп – оның әлеуметтік рөлдерді игеруін қамтамасыз ететін жүйе ретінде қарастырылады.

Дж. Коулман «Әлеуметтік капитал» ұғымын енгізіп, отбасы мен мектеп арасындағы сенімге негізделген байланыстардың бала дамуына әсерін атап көрсетті[10].

Сонымен қатар әлеуметтік серіктестік теориясы мектеп пен отбасының бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілігін түсіндіреді. Бұл көзқарасқа сәйкес, қоғамның тұрақты дамуы үшін отбасы, мектеп және әлеуметтік институттар өзара ынтымақтастықта болуы тиіс. Қазақстандық ғалымдар С. Қалиев, Ә. Бейсенбаева еңбектерінде отбасы мен мектептің серіктестігін білім алушылардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етудегі маңызды фактор ретінде қарастырады[11.12].

Әлеуметтік серіктестік тұрғысынан алғанда, ата-аналар мен мектеп бір-біріне қарсы емес, қайта қоғам алдындағы ортақ жауапкершілікті бөлісетін серіктестер болып саналады. Бұл теория мектеп пен ата-ананың серіктестік келісімдері мен бірлескен жобаларын ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді.

- *Экожүйелік тәсіл* (U. Bronfenbrenner) – бала дамуын макро, мезо, микроорта байланыстарында қарастыру маңызды[13].

Бронфенбреннердің экологиялық жүйелер теориясы бала дамуын бір-бірімен байланысты бірнеше деңгейде қарастырады:

Микроорта – отбасы, мектеп, құрдастар;

Мезоорта – отбасы мен мектептің өзара байланысы;

Экзоорта – ата-ананың жұмысы, әлеуметтік институттар, жергілікті қауым;

Макроорта – қоғамның мәдениеті, құндылықтары, заңнамасы;

Хроносистема – уақыт ағымындағы өзгерістер.

Бала тұлғасының дамуына отбасы, мектеп, құрдастар ортасы ғана емес, сонымен бірге медиа, қоғамдық ұйымдар, мәдени құндылықтар әсер етеді. Қазақстандық ғалымдар А. Айтпаева, Қ. Жарықбаев еңбектерінде ұлттық құндылықтар мен дәстүрлердің экожүйелік тәрбиелік ықпалына ерекше мән береді. Бұл тәсіл мектеп пен отбасының ықпалдастығын тек педагогикалық қана емес, әлеуметтік-мәдени жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға

мүмкіндік береді[14,15].

Бұл тәсіл мектеп пен отбасы байланысын тек тікелей қарым-қатынас деңгейінде емес, кең әлеуметтік контексте қарастыруға мүмкіндік береді. Мәселен, ата-ананың жұмыс уақыты немесе әлеуметтік жағдайы баланың мектептегі жетістігіне әсер етуі мүмкін. Сондықтан экожүйелік тұрғыдан ата-аналармен жұмыс кешенді түрде ұйымдастырылуы қажет.

- *Мектеп мәдениеті теориялары* (E. Schein, C. Deal & K. Peterson) – мектеп пен отбасы құндылықтарының сәйкестігін ғылыми тұрғыдан талдау.

Э. Шейн ұйым мәдениетінің үш деңгейін (көрінетін артефактілер, жарияланған құндылықтар, терең сенімдер мен ұстанымдар) талдай отырып, мектепті де өзіндік мәдениеті бар ұйым ретінде сипаттайды[16].

Дил және Питерсон мектеп мәдениетін педагогикалық қауымдастықтың ортақ құндылықтары, дәстүрлері мен нормалары арқылы айқындады. Бұл тұрғыда ата-аналардың құндылықтары мектептің миссиясымен үйлесуі маңызды. Егер мектеп пен отбасы құндылықтары өзара сәйкес келсе, тәрбие процесінің тиімділігі артады. Ал қайшылық туған жағдайда, балада құндылықтық диссонанс орын алады[17].

Қазақстандық ғалымдар М. Жадрин, С. Әбеннова зерттеулерінде мектеп мәдениетінің құндылықтық сипаты, оқушылардың мінез-құлық нормалары мен тәрбие жүйесіндегі орны жан-жақты қарастырылады. Бұл тұрғыдан отбасы құндылықтары мен мектеп мәдениетінің үйлесімділігі – баланың үйлесімді дамуының кепілі[18,19].

Мектеп мәдениеті теориялары ата-аналарды мектептің құндылықтық кеңістігіне тартудың, мектеп мәдениетін қалыптастырудағы ата-аналардың үлесін арттырудың ғылыми негізін береді.

Мектепте ата-аналармен жұмысты енгізудің әдіснамалық негіздері

№	Әдіснамалық негіздер	Мазмұны	Негізгі қағидалар мен тұғырлар
1	Философиялық негіздер	Адамды тұлға ретінде дамыту, гуманизм, әлеуметтік әділеттілік идеялары	Гуманизм, тұлғаға бағдарлану, құндылықтық көзқарас
2	Психологиялық негіздер	Баланың жас ерекшеліктерін, тұлғалық даму сатыларын ескеру	Л.С. Выготскийдің әлеуметтік-мәдени теориясы, Э. Эриксонның даму кезеңдері
3	Педагогикалық негіздер	Мектеп пен отбасының тәрбиелік ықпалын үйлестіру	Тәрбие мен оқытудың бірлігі, жүйелілік, үздіксіздік (Н. Крупская, В. Сухомлинский)

4	Құқықтық- нормативтік негіздер	ҚР «Білім туралы» Заңы, Балалар құқықтары туралы Конвенция, мемлекеттік стандарттар	Ата-ананың құқықтары мен міндеттері, мектеппен серіктестік
5	Әлеуметтік-мәдени негіздер	Ұлттық дәстүрлер, халықтық педагогика, мәдени-рухани құндылықтар	Отбасы мен мектеп құндылықтарының сабақтастығы
6	Инновациялық негіздер	Қазіргі технологиялар мен әдістерді пайдалану	Цифрлық коммуникациялар, тренингтер, коучинг, жобалық тәсілдер

Зерттеудің ғылыми негізділігі мен практикалық құндылығын қамтамасыз ету үшін ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру белгілі бір әдіснамалық тұғырларға сүйенуі тиіс. Тұғырлар – педагогикалық құбылысты жүйелі қарастыруға, оның мазмұны мен құрылымын айқындауға, зерттеу нәтижелерін ғылыми негізде дәлелдеуге мүмкіндік беретін теориялық бағдарлар.

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру күрделі әлеуметтік-педагогикалық үдеріс болғандықтан, ол бір ғана теорияға сүйеніп қарастырылмайды.

Әрбір тұғыр мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігін түрлі қырынан қарастыруға мүмкіндік береді: тұлғаның құндылықтық дамуын айқындаса – философиялық, баланың жас ерекшеліктерін ескерсе – психологиялық, тәрбие мен оқытудың бірлігін қамтамасыз етсе – педагогикалық, құқықтары мен міндеттерін нақтыласа – құқықтық, ұлттық дәстүрді енгізсе – әлеуметтік-мәдени, ал заманауи технологияларды пайдалануды қамтамасыз етсе – инновациялық тұғырлар өзектілікке ие болады.

Әдіснамалық тұғырлар – мектепте ата-аналармен жұмысты енгізу бірнеше әдіснамалық негіздерге сүйенеді:

Жүйелілік тұғыр – ата-аналармен жұмыстың барлық бағыттарын біртұтас жүйе ретінде қарастыруды көздейді. Яғни, ата-анамен жұмыс – жиналыс немесе кездейсоқ іс-шара емес, ол оқу-тәрбие процесінің ажырамас бөлігі.

Мысалы, мектептің тәрбие жоспары мен даму бағдарламасында ата-аналармен жұмыс арнайы бөлім ретінде енгізіліп, сабақтан тыс іс-шаралар, ата-аналар комитетінің жұмысы, ата-аналардың қатысуымен өтетін жобалар бір-бірімен байланыстырылады. Бұл балаға мектеп пен отбасының біртұтас әсерін қамтамасыз етеді.

Іс-әрекеттік тұғыр – ата-аналарды мектеп өміріне белсенді қатыстыруды мақсат етеді. Яғни, ата-аналарды мектеп өміріне нақты жобалар мен бірлескен іс-шаралар арқылы тарту. Бұл жерде ата-ана тек бақылаушы емес, мектептің нақты жобаларына қатысушы тұлға ретінде қарастырылады.

Мысалы, «Ашық есік күндері» арқылы ата-аналардың сабақтарға қатысуы; оқушылардың ғылыми жобаларын қорғауда ата-аналардың қазылар

алқасына қосылуы; мектептің әлеуметтік-мәдени іс-шараларын (көрме, спорттық жарыс, қайырымдылық акциясы) бірге ұйымдастыру.

Осы тәсіл ата-ананың баласына, мектепке деген жауапкершілігін күшейтеді.

Серіктестік тұғыр – ата-аналар мектептің тең құқылы серіктесі ретінде қарастырылады. Мұнда ата-аналар мектептің басты шешім қабылдау процестеріне тартылып, пікірлері ескеріледі.

Мысалы, ата-аналар комитеті мектептің тәрбие жұмысына қатысты ұсыныстар беріп, жоспарды бекітуде белсенді рөл атқарады;

Ата-аналар мен педагогтер бірлесіп тәрбие бағыттарын айқындайды («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында құндылықтарды жүзеге асыру);

Ата-аналардың бастамасымен мектеп жобаларына демеушілік немесе ресурстық қолдау көрсетіледі.

Құндылықтық-бағдарлы тұғыр – ата-аналармен жұмыс мазмұны «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарына негізделеді. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасындағы алты құндылық (тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық) ата-аналармен жұмыстың өзегіне айналады.

Мысалы, ата-аналарға арналған семинарлар мен тренингтерде «отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие» тақырыптарындағы іс-шаралар, балалардың патриоттық іс-шараларына ата-аналарды тарту арқылы «үлкенді сыйлау», «туған жерді қорғау» сияқты дәстүрлі құндылықтар тәжірибеде жүзеге асады.

Цифрлық-педагогикалық тұғыр – қазіргі заманда ата-аналармен жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін цифрлық технологияларды пайдалану маңызды. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында мектептерде ата-аналармен байланысты жаңа форматтар енгізілуде мысалы, электронды күнделік пен мобильді қосымшалар арқылы баланың үлгерімі мен тәртібін онлайн бақылау; Zoom, Google Meet платформаларында ата-аналар жиналыстарын өткізу; WhatsApp және Telegram топтары арқылы жедел ақпарат алмасу; мектеп сайтында «Ата-аналар бұрышы» айдарын ашып, қажетті кеңестер мен хабарламаларды жариялау.

Бұл тәсіл ата-аналарға уақыт үнемдеуге, мектеппен үздіксіз байланыста болуға мүмкіндік береді. ата-аналармен байланысты жаңа форматта (онлайн жиналыстар, электронды күнделік, мобильді қосымшалар) жүзеге асыруда тиімді.

Әдіснамалық құралдарды тиімді қолдану маңызды.

Сапалық әдістер: фокус-топ, кейс-талдау, нарративтік сұхбат (ата-аналардың тәжірибесін зерттеу үшін).

Цифрлық әдістер: диагностикалық карталар, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін өлшеу индикаторлары.

Мониторинг жүйесі: ата-аналардың мектеп өміріне қатысу белсенділігін бағалау көрсеткіштері.

Практикалық маңыздылығы:

Мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты жүйелі түрде ұйымдастыру қазіргі білім беру жүйесінде тәрбие мен оқыту сапасын арттырудың маңызды шарты. Зерттеу нәтижелері мектеп практикасына тікелей енгізуге болатын мынадай бағыттарда құнды:

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жетілдіру

Әзірленген әдістемелік ұсынымдар ата-аналарға арналған тренингтер, семинарлар, кеңестерде қолданылып, олардың бала тәрбиесіндегі құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының тиімді моделін қалыптастыру

Әзірленген формалар мен әдістерді (ата-аналар клубтары, бірлескен жобалар, отбасылық мерекелер) мектеп тәжірибесіне енгізу арқылы оқушының тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасалады.

Цифрлық технологияларды пайдалану

Зерттеу барысында ұсынылған цифрлық-педагогикалық тұғыр (онлайн жиналыстар, электрондық күнделік, мессенджерлік чаттар) ата-анамен жедел және ашық байланыс орнатуға ықпал етеді.

Тәрбиелік үдерістің нәтижелілігін арттыру

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету тәсілдері ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін күшейтіп, тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Ұлттық құндылықтарды интеграциялау

Ұлттық педагогика мен отбасылық дәстүрлерді мектептегі тәрбие жүйесіне енгізу ата-ана мен мектеп байланысын рухани-мәдени тұрғыда байытады.

Білім беру ұйымдары үшін әдістемелік база

«Ата-аналар клубы», «Педагогикалық консилиум», «Ашық есік апталығы» т.б. тиімді практикалық формаларды енгізу.

Ата-аналарға арналған цифрлық сауаттылық курстары (онлайн платформаларды пайдалану үшін).

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы әлеуметтік жобалар мен іс-шараларды сапалы іске асыру.

Зерттеу нәтижелері мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, сынып жетекшілеріне, педагог-психологтарға ата-аналармен жұмысты жоспарлауда және жүзеге асыруда нақты әдістемелік қолдау көрсетеді. Әдістемелік ұсынымдама жұмысы мектеп тәжірибесін жетілдіруге, педагогтер мен ата-аналардың бірлескен әрекетін нығайтуға, бала тәрбиесінің сапасын арттыруға нақты үлес қосады.

Мектепте ата-аналармен жұмысты енгізудің әдіснамалық негіздері жүйелілік, серіктестік, құндылықтық және цифрлық-педагогикалық тұғырларға сүйене отырып айқындалады. Бұл бағыттағы жұмыстардың тиімділігі ғылыми

теориялар мен құқықтық-нормативтік актілерге, педагогикалық тәжірибелерге негізделіп жүзеге асқанда ғана жоғары нәтиже береді.

2 «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН АҒARTУШЫЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУДЕГІ НЕГІЗГІ ҰСЫНЫМДАР

Қазіргі білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік, мәдени және экономикалық жағдайлаға байланысты терең өзгерістер кезеңін бастан кешуде. Бұл өзгерістердің негізгі бағыттарының бірі – тәрбие мен білім беру процесінде отбасының рөлін қайта қарау. Мектеп дәстүрлі түрде тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды функциясын орындайды, бірақ отбасының қолдауынсыз және ата-аналармен белсенді қарым-қатынасыз бұл процесс толық жүзеге аспайды. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы, өскелең ұрпақтың құндылық бағдарларының өзгеруі, әлеуметтік тәуекелдер мен сын-қатерлердің артуы жағдайында отбасы мен мектептің күш-жігерін біріктіру қажеттілігі ерекше өзекті.

Отбасы мен мектеп – бұл баланың жеке басының қалыптасуын анықтайтын екі негізгі әлеуметтік институт. Оқу процесінің тиімділігі көбінесе осы институттардың іс-әрекеттерінің қаншалықты үйлесімді екендігіне байланысты. Жаһандық өзгерістер, цифрландыру және әлеуметтік тәуекелдерді күшейту жағдайында отбасы мен мектептің әріптестік өзара іс-қимылын жолға қою міндеті стратегиялық маңызды болып отыр.

Осы әдістемелік ұсынымдама білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдарына, сынып жетекшілеріне, әлеуметтік педагогтерге және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына білім алушылардың отбасыларымен ынтымақтастықты тиімді құруға көмектесуге бағытталған.

Ұсынымдаманың осы бөлімінде:

- мектеп пен отбасының өзара іс-қимылының теориялық-әдіснамалық негіздері;
- педагогикалық практикада өзінің тиімділігін дәлелдеген ынтымақтастық нысандары мен әдістері;
- ата-аналарды тәрбие процесіне тартудың жаңа тәсілдері;
- ата-аналардың мектеп өміріне қатысуын ұйымдастырудың практикалық құралдары;
- білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында әріптестік тәжірибені кеңейту бойынша ұсыныстар берілді.

Бұл ұсынымдардың мақсаты – оқушылардың бойында адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық және азаматтық жетілу құндылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік беретін мектеп пен отбасы арасындағы тұрақты әріптестік жүйесін құру арқылы мектептердегі тәрбие жұмысының сапасын арттыруға ықпал ету.

Мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуінің теориялық негіздері

1. Отбасы бастапқы әлеуметтену институты ретінде

Отбасы – баланың әлеуметтенуінің алғашқы және негізгі институты. Бала бойындағы тұлғалық құндылықтар, көзқарастар, мінез-құлық модельдері

негізінен отбасында қаланады. Педагогтер мен психологтер негізгі жеке сипаттамалардың 70% -ы дәл мектепке дейінгі және бастауыш мектеп кезеңінде отбасының әсерінен қалыптасатынын атап өтсе, қазіргі ғалымдар барлық құндылықтардың іргетасын отбасында 7 жасқа дейін бойына сіңіріп, баланы өмірге қабам басуына ықпал етеді дегенді айтады[20]. Ендеше баланың тұлғалық қалыптасуында ата-ана рөлі маңызды, ол отбасы тәрбиесінде барлық күш-жігерін салуы тиіс.

Отбасының негізгі функциялары:

- Тәрбиелік – балада моральдық және этикалық нормаларды, мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;
- Коммуникативті – қарым-қатынас модельдерін игеру, эмоционалды саланы дамыту;
- Мәдени-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен, ұлттық және отбасылық құндылықтармен таныстыру;
- Білім беру – оқу процесін қолдау, білімге деген қызығушылықты қалыптастыру;
- Қорғаныс – қауіпсіздік пен психологиялық жайлылық сезімін қамтамасыз ету.

Осылайша, мектеп пен отбасы қарама-қайшылықта емес, бірлікте әрекет етуі керек. Білім беру тәсілдеріндегі қайшылықтар педагогикалық процестің нәтижелерін әлсіретеді.

Мектептің білім алушылардың отбасыларымен өзара іс-қимылының нысандары мен әдістері

Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының маңызы

Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы білім беру процесінің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Академиялық үлгерім деңгейі ғана емес, сонымен қатар баланың жеке қасиеттерін, оның құндылық бағдарларын, әлеуметтік мінез-құлқын қалыптастыру мұғалімдердің, ата-аналардың және білім алушылардың өзара қарым-қатынасының қаншалықты тиімді қалыптасқанына байланысты. отбасы баланың дүниетанымының негізін құрайды, ал мектеп осы көзқарастарды бекітеді және дамытады (Л.С. Выготский, В. А. Сухомлинский, И. В. Гребенников және т. б.)[21]. Сондықтан өзара әрекеттесу формалары жүйелі, әр түрлі болуы керек және уақыт сынақтарына жауап беруі керек.

Мектеп пен отбасының өзара әрекеттесу формаларының жіктелуі. Ынтымақтастық нысандары мен әдістерін бірнеше негіздер бойынша жіктеуге болады:

Өзара іс-қимыл мақсаттары бойынша:

- ақпараттық-ағартушылық;
- тәрбиелік; ұйымдық-белсенділік;
- түзету және дамыту.

Өзара әрекеттесу сипаты бойынша:

- Жеке (белгілі бір отбасымен жұмыс);

Топтық (ата-аналар комитеттерімен, бастамашыл топтармен жұмыс);
Бұқаралық (жалпы мектептік жиналыстар, конференциялар, акциялар).

Формат бойынша:

дәстүрлі (жиналыстар, кеңестер, дәрістер);

интерактивті (тренингтер, шеберлік-сыныптар, дөңгелек үстелдер);

инновациялық (онлайн-платформалар, цифрлық чаттар, ата-аналар порталдары).

Өзара әрекеттесудің дәстүрлі формалары

Ата-аналар жиналысы – балалардың жетістіктері мен қиындықтарын талқылауға, тұтас педагогикалық кеңістікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін классикалық формалар.

Жалпы мектептер – мектептің даму стратегиясы мәселелеріне арналған. Сынып – белгілі бір сыныптың жетістіктерін, тәртіп мәселелерін, бейімделуді қарастырады.

Жеке әңгімелер мен кеңестер – әр отбасымен жеке жұмыс. Мінез-құлық, оқу үлгерімі, әлеуметтену мәселелерінде тиімді. Ата-аналарға арналған дәрістері мен педагогикалық университеттері – ата-аналар үшін олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыруға бағытталған арнайы сабақтар циклі.

Бірлескен іс-шаралар – концерттер, спорттық жарыстар, жорықтар, Ашық есік күндері. Олар сенім мен өзара түсіністік атмосферасын қалыптастырады.

Өзара әрекеттесудің инновациялық формалары

Қазіргі қоғам цифрландыруды, ата-аналардың жұмыспен қамтылуын, қарым-қатынас форматының өзгеруін ескеретін ынтымақтастықтың жаңа нысандарын талап етеді.

Онлайн байланыс: мектеп чаттары (WhatsApp, Telegram); электрондық күнделіктер (Kundelik.kz және т. б.), онлайн конференциялар (Zoom, MS Teams).

«Мектеп – отбасы – мемлекет» серіктестік жобалары: ата-аналар мектеп іс-шараларын ұйымдастыруға, тәлімгерлікке, кәсіптік бағдарлауға тартылады.

Кейс – әдістер және проблемалық пікірталастар: нақты жағдайларды талдау (мысалы, буллинг жағдайлары, бейімделу қиындықтары), шешімдерді бірлесіп іздеу.

Интерактивті қызығушылық клубтары: киноклубтар, спорт секциялары, балалар мен ата-аналар бірге қарым-қатынас жасай алатын үйірмелер.

Ата-аналармен жұмыс істеу әдістері

Ынтымақтастық әдістерін шартты түрде педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық деп бөлуге болады. Педагогикалық әдістер: сендіру (түсіндіру, дәрістер, әңгімелер); жаттығу (бірлескен қызмет, жобалар); ынталандыру (ынталандыру, ата-аналарға алғыс хаттар).

Әлеуметтік-психологиялық әдістер:

- диагностика (сауалнама, социометрия, ата-аналар мен балаларға

арналған психологиялық тесттер);

- кеңес беру (психологтің, әлеуметтік педагогтің жеке консультациялары);

- фасилитация (жалпы мәселелерді шешуге бағытталған топтық талқылаулар жүргізу).

Ата-аналар комитеттерінің қатысуы

Ата-аналар комитеттері ынтымақтастықтың маңызды буыны болып табылады.

Олардың функциялары: іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуге көмектесу;

Мектеп кеңесі арқылы мектепті басқаруға қатысу;

Шаруашылық мәселелерді шешуге көмек;

Ата-аналар мен әкімшілік арасындағы медиация.

Қазіргі ата-аналар комитеттері серіктестік қауымдастықтарға айналуы керек, мұнда мектепті материалдық қолдауға емес, тәрбиелік және құндылық миссиясына баса назар аударылады.

Отбасылармен жұмысты даралау

Әр отбасы ерекше, сондықтан мұғалім сараланған тәсілді құруға міндетті: қолайсыз отбасылармен жұмыс (патронаж, әлеуметтік қызметтер арқылы);

дарынды балаларды қолдау (ата-аналардың конкурстарға, олимпиадаларға бірлескен қатысуы);

мигранттардың отбасыларын сүйемелдеу (балаларды бейімдеу, мәдени өзара іс-қимыл).

Мәселелер мен қиындықтар

Іс жүзінде қиындықтар бар: ата-аналардың төмен педагогикалық мәдениеті;

ата-аналардың уақыт тапшылығы;

мектеп пен отбасы арасындағы қайшылықты жағдайлар;

ата-аналар жиналыстарын рәсімдеу.

Оларды жеңу үшін диалог пен серіктестікке бағытталған икемді, әр түрлі өзара әрекеттесу түрлерін қолдану қажет.

Осылайша, мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуінің формалары мен әдістері болуы керек:

жүйелік және көп деңгейлі;

отбасылардың жеке ерекшеліктерін ескеру;

дәстүрлі және инновациялық тәсілдерді біріктіру;

сенім, құрмет және өзара жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.

Бұл формаларды тиімді пайдалану ата-аналар мен тәрбиешілер одақтас ретінде әрекет ететін біртұтас білім беру экожүйесін қалыптастыруға жағдай жасайды.

2. Мектеп әлеуметтік тәрбие институты ретінде

Қазіргі қоғам білім беру жүйесіне жоғары талаптар қояды. Мектеп өскелең ұрпақтың әлеуметтенуін, құндылық бағдарлары мен жеке қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік институт ретінде әрекет етеді. Жаһандану, цифрландыру және мәдени әртүрлілік жағдайында мемлекеттің, отбасының және жеке тұлғаның мүдделерін ескеретін мақсатты тәрбие жұмысының қажеттілігі артып келеді. Мектеп – бұл бала қоғамдық өмірдің нормалары мен ережелерін меңгеретін, жауапкершілікті, адалдықты, өзара көмек пен азаматтық белсенділікті үйренетін орта[22].

Міндеттері: мектептің әлеуметтік тәрбие институты ретіндегі мәнін талдау. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие қызметінің негізгі бағыттары мен тетіктерін айқындау. Мұғалімдерге білім алушылармен, ата-аналармен және әлеуметтік серіктестермен тиімді қарым-қатынас жасау. Мектептегі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеуге байланысты заманауи қиындықтар мен тәуекелдердің алдын алу шараларын ұйымдастыру.

Әдістемелік ұсынымдама мұғалімдер мен мектеп әкімшіліктеріне тәрбие процесінде әдістемелік қолдау көрсетуге бағытталған. Әлеуметтік институт дегеніміз – белгілі бір нормалар мен құндылықтарға негізделген адамдардың мінез-құлқын реттейтін қоғамдық өмірді ұйымдастырудың тұрақты формасы. Тәрбие – мәдениеттің сабақтастығын және жеке тұлғаны қоғамға белсенді қатысуға дайындауды қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік процестердің бірі. Мектеп негізгі әлеуметтік білім беру институты болып табылады, тұлғаның жүйелі және мақсатты қалыптасуын қамтамасыз етеді; отбасының, қоғамның және мемлекеттің тәрбиелік функцияларын біріктіреді.

Мектептің орны басқа әлеуметтік институттар арасында отбасы, діни ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық қозғалыстар және цифрлық орта да тәрбиеге айтарлықтай әсер етеді. Алайда мектеп: баламен жүйелі және күнделікті өзара әрекеттеседі; тәрбие жұмысын ұйымдастыру үшін кәсіби кадрлары бар; білім беру және тәрбие міндеттерін байланыстырады. Мектеп отбасының, қоғамның және мемлекеттің күш-жігерін біріктіретін «білім беру ортасы» болып табылады.

Мектептегі білім берудің қазіргі тенденциялары. Қазіргі білім беру қызметінің негізгі бағыттары:

білім алушыларда жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру (адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, мейірімділік); азаматтық бірегейлік пен патриотизмді дамыту;

қарым қатынас мәдениетін тәрбиелеу;

әр баланың жеке басын қолдау;

цифрлық сауаттылық және интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық.

Бүгінгі таңда мектептің тәрбиелік функциясы мемлекет пен қоғамның стратегиялық басымдық деңгейіне шығады, өйткені ол жеке тұлғаның үйлесімді дамуын және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Қазіргі мектеп білім деңгейіне ғана емес, азаматтың жеке басын

қалыптастыруға да жауапты. Білім беруді дамытудың ұлттық стратегияларында мектеп оқушыларында адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, заң мен тәртіптің үстемдігін нығайту, ұлттық мұраны құрметтеу сияқты қасиеттерді тәрбиелеу қажет.

Тәрбие процесіндегі мектептің функциялары:

Білім беру – білім беру және дағдыларды қалыптастыру;

- Тәрбие – құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- Дамыту – жеке әлеуетін ашу;
- Әлеуметтік-ұйымдастырушылық – балаларды қоғамға біріктіру.

Сонымен қатар, мектеп отбасын толығымен алмастыра алмайды ол отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін толықтырады және кеңейтеді.

Бала тәрбиесіндегі отбасының маңызы

Отбасы – баланы әлеуметтендірудің алғашқы және негізгі институты.

Бұл отбасында қалыптасады:

негізгі құндылықтар (жақсылық, адалдық, құрмет)

мінез-құлық әдеттері;

еңбекке, оқуға, адамдарға деген көзқарас;

қауіпсіздік пен сенімділік сезімі.

Мысалы: егер ата-аналар баланы жас кезінен бастап көршілерімен амандасуға, көмек үшін алғыс айтуға және үлкендерге құрмет көрсетуге үйретсе, онда бұл мінез-құлық мектепте де сақталады.

Отбасының негізгі функциялары:

Эмоционалды – махаббат, қолдау, қауіпсіздік.

Әлеуметтік – әлеуметтену нормаларды беру.

Тәрбиелік – жеке тұлғаны қалыптастыру.

Білімділік – білім алуына, оқуына жан-жақты көмек.

Экономикалық – өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету.

Бала тәрбиесіндегі мектептің рөлі

Мектеп бала үшін екінші маңызды білім беру институты. Ол орындайды:

білім беру функциясы (білім, білік, дағды береді);

әлеуметтік-тәрбиелік (тәртіпті, ұжымшылдықты, азаматтық ұстанымды тәрбиелейді);

мәдени (тарихпен, өнермен, дәстүрлермен таныстырады).

Мысалы: мектепте бала ұжымда жұмыс істеуді, ынтымақтастықты, жанжалдарды шешуді үйренеді. Ол әрқашан отбасында үйрене алмайтын нәрсені мектеп ортасы өтейді.

Отбасы мен мектеп функцияларын салыстыру

Функция	Отбасы	Мектеп
Эмоционалды	Сүйіспеншілік, қамқорлық, қауіпсіздік сезімі	Қолайлы психологиялық климат құру
Әлеуметтік	Нормалар мен дәстүрлерді беру	Азамат пен қоғам мүшесін тәрбиелеу
 - Мектеп педагогтері тарапынан тәрбие іс-шараларын іске асыруға қызығушылықтың жеткіліксіздігі
 - Менің балам мен басқа оқушылар немесе мұғалімдер арасындағы жанжалды жағдайларды шешудегі қиындықтар
 - Психологиялық және эмоционалдық қажу
 - Баламның тәртібі мен мінез-құлықтарын реттеуге қатысты проблемалар
 - Балаларды тәрбиелеуге қатысты ақпараттық материалдардың (кітаптар, дәрістер, фильмдер және т.б.) ашық қолжетімділіктің болмауы


7. Балаңыздың тәрбиесін, мінез-құлқын қалыптастыру және адамгершілік құндылықтары туралы қосымша ақпарат немесе ресурстар қажет пе? (әр жолдан бір жауап нұсқасын тандаңыз)

	Ия, бұл өте қажет, Мен оны маңызды және қажет деп санаймын	Иә, керек, кейде қиындықтарға тап боламын және көбірек ақпарат алғым келеді	Мен белгілі бір дәрежеде мұқтажмын, бірақ көбінесе өзім ретке келтіре аламын	Жоқ, қажет емес, менде жеткілікті білім мен тәжірибе бар	Жоқ, қажет болған кезде қажетті ақпаратты өзім тапқанды жөн көремін
Балалар мен жасөспірімдер арасындағы буллинг пен кибербуллингке байланысты тәуекелдерді анықтау және алдын алу					
Балалар мен жасөспірімдер арасындағы жағымсыз әдеттер мен құқық бұзушылықтарға байланысты тәуекелдерді анықтау және алдын алу					
Табиғи ресурстар мен қоғам игілігіне ұқыпты қарау					
Адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру (адалдық, құрмет,					


жауапкершілік)					
Жеке қауіпсіздік және интернеттегі қауіпсіздік					
Отбасылық құндылықтар мен дәстүрлер					
Қаржылық сауаттылық					
Шығармашылы қ, спорт, және хобби					
Қайырымдылы, қоғамдық дамуға қосқан үлесі					

Жүргізілген сауалнама нәтижесі ұсынылды.


Сурет 1. Сауалнамаға қатысқан ата-аналар туралы жалпы ақпарат / тұратын аймақтары /%




Сурет 2. Сауалнамаға қатысқан ата-аналар туралы жалпы ақпарат / жынысы /%




Сурет 3. Сауалнамаға қатысқан ата-аналар туралы жалпы ақпарат / орналасқан жері /%




Сурет 4. Сауалнамаға қатысқан ата-аналар туралы жалпы ақпарат / жасы / %




Сурет 5. Сауалнамаға қатысқан ата-аналар туралы жалпы ақпарат / мектепте оқитын бала саны/ %




Сурет 6. Сауалнамаға қатысқан ата-аналар туралы жалпы ақпарат / баланы оқыту сыныбы / %



Сурет 3. Сауалнамаға қатысқан ата-аналар туралы жалпы ақпарат / балалары оқитын мектеп түрі / %



Сурет 3. Сіз мектептегі іс-шараларға қаншалықты жиі қатысасыз? / %



Сурет 3. Сіздің жұмыспен қамтылуыңыз / %



Сіздің білім деңгейіңіз / %



2 бөлім. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ақпараттандыру және қабылдау

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы туралы білесіз бе? (Бір жауап нұсқасын таңдаңыз)



Сіздің ойыңызша, балаңыздың келесі тақырыптық бағыттар бойынша мектептегі іс-шараларға қатысуы қаншалықты маңызды? (әр жолдан бір жауап нұсқасын таңдаңыз)) /%

	Мүлдем маңызды емес	Маңызды емес	Маңызды	Өте маңызды
Қауіпсіздік сабағы	14,4	12,5	31,5	31,5
Буллингтен қорған	15,3	15,7	30,2	30,2
Қауіпсіз қоғам	14,3	12,6	31,7	31,7
Цифрлық әлемге қауіпсіз қадам	14,8	14,1	29,1	29,1
Нашақорлық пен лудоманияның алдын алу	15,2	14	32,2	32,2
Өмірге салауатты қадам	14,1	12,1	36,3	36,3
Вандализмнің алдын алу	16	16	26,4	26,4
Ұлттық мәдениет, тіл, тарих	14,3	13	32,6	32,6


туралы хабардарлықты арттыру				
Кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру	14,2	12,6	35	35
Табиғат ресурстарына ұқыпты қарау	14,2	12,8	31,4	31,4
Айналадағы адамдарға құрмет көрсету	14,1	12,2	35,1	35,1
Инновациялық ойлау және шығармашылық	14,6	13,8	29	29
Әлеуметтік және қайырымдылық жобалары	14,8	15,1	26,5	26,5
Азаматтық өзін-өзі тану (сыбайлас жемқорлыққа қарсы ойдың болуы, заңнаманы сақтау, қоғамдық тәртіпті сақтау)	14,7	13,5	31,1	31,1

3 бөлім. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды жоспарлау және іске асыру


Сіз «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұйымдастырылған шараға қатысып тұрасыз ба? (Бір жауап нұсқасын таңдаңыз) / %




Ата-аналар жиналысына немесе балаңыздың сабақ үлгерімі, тәртібі және басқа мәселелері бойынша қаншалықты жиі барасыз немесе сынып жетекшімен хабарласасыз? (Бір жауап нұсқасын таңдаңыз) / %




Сіз балаңызбен оның тәрбиесіне, адамгершілік құндылықтарына немесе мінез-құлық ережелеріне қатысты тақырыптар бойынша қаншалықты жиі сөйлесесіз? (Бір жауап нұсқасын таңдаңыз) / %



Балаңызбен қандай тақырыптар бойынша жиі сөйлесесіз? (Бір жауап нұсқасын таңдаңыз) %



Сурет 10. Балаңызға талқыланатын құндылықтарды жақсы түсінуге және қабылдауға көмектесетін қандай форматтағы әңгімелерді жиі таңдайсыз?
%



«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде мектептегі тәрбие іс-шараларын іске асыруды қамтуға қатысты келесі тұжырымдармен қаншалықты келісесіз? (әр жолдан бір жауап нұсқасын таңдаңыз) / %

	Толық келіспеймін	Келіспеймін	Ішінара келісемін, ішінара келіспеймін	Келісемін	Толық келісемін
Менің балам оқитын мектепте мұғалімдер мен басшылар оқушылар арасында белсенді тәрбие жұмысын жүргізеді	18,9	9,2	10,7	43,2	17,9
Мен мектептегі тәрбие іс-шаралары аясында мұғалімдермен және оқушылардың ата-аналарымен үнемі қарым-қатынас жасаймын	17,9	10,9	12,6	42,2	16,4
Мен баламның мектебінің немесе сыныбының тәрбиелік іс шараларына белсенді қатысамын	17,9	11,9	14,6	40	15,5
Мен баламның мектебінің немесе сыныбының	17,7	13,4	16,4	38,1	14,3

тәрбиелік іс-
шараларын
жоспарлауға
және
ұйымдастыруға
белсенді
қатысамын

Менің балам
мектептің
немесе

сыныптың
тәрбиелік іс-
шараларына
белсенді
қатысады

Менің
баламның
сынып
жетекшісі ата-
аналармен
тәрбие

мәселесінде
бірлесіп әрекет

ету тәсілдерін
ұтымды жолға
қойған,

ұйымдастыру
формалары
сұранысқа ие
және ата-
аналар
сеніммен
қарайды

Мен ата-ана
ретінде
баламның

сынып
жетекшісінің
пікірін
тыңдаймын
және оны өз

18

10,3

11,1

41,8

18,8

18,1

9,6

8,3

42,4

21,7

18,1

8,9

7

41,9

24,2

ісінің маманы
деп санаймын
Мен сынып
жетекшісінен
бала тәрбиесі
тақырыбына
пайдалы және
қызықты
материалдар
мен
ұсынымдар ала
аламын

18,1 10,1 9 42 20,8

**Сіз сынып жетекшісінен тәрбие, моральдық құндылықтарды, қауіпсіз
мінез-құлық ережелерін үйрету тақырыбында үлестірме материалдар
немесе ұсынымдар мен кеңестерді қаншалықты жиі аласыз? %**



Оқу жылының басынан бастап мектепте оқушының ата-анасы ретінде сіз үшін қандай тақырыптық іс-шаралар өткізілді? (бір немесе бірнеше жауап нұсқасын таңдаңыз) %



3 бөлім. «адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды іске асыру шарттары

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының сіздің балаңызға әсері туралы келесі тұжырымдармен қаншалықты келісесіз? (әр жолдан бір жауап нұсқасын таңдаңыз) %


	Толық келіспеймін	Келіспеймін	Ішінара келісемін, ішінара келіспеймін	Келісемін	Толық келісемін
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы мектеп пен ата-аналар арасында тығыз қарым-қатынас орнатуға көмектеседі	18,3	9,6	12	43,1	17
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы іс-шаралар баламның нақты мүдделері мен қажеттіліктерін ескереді	17,3	10,6	12,3	43,8	16
Мен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын мектепке енгізгеннен кейін баламның мінез-құлқындағы оң, жағымды өзгерістерді	18	11,7	14,6	40,8	14,9

байқадым					
Менің баламның мектебі буллинг пен құқық бұзушылықтың алдын алуға жеткілікті көңіл бөледі	17,5	10,9	11,3	43,3	17
Менің балам сыныпта өзін жайлы сезінеді, сынып ұжымы ұйымшыл және бір-бірімен тату	17,6	9,6	9,2	42,9	20,6

Мектепте «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілгеннен кейін баланың өзін-өзі ұстау әдебін, шығармашылығын және әлеуметтік белсенділігін дамытуға байланысты шешімдер қабылданды ма? (Бір жауап нұсқасын тандаңыз) %



Сіз балаңыздың әлеуметтік белсенділігін (мектепте, сыныптан тыс іс-шараларда, қоғамдық және волонтерлік жобаларда қатысуын) қалай бағалайсыз? (Бір жауап нұсқасын таңдаңыз) %



Балаңыздың сынып жетекшісімен қарым-қатынас деңгейіне қаншалықты қанағаттанасыз? (Бір жауап нұсқасын таңдаңыз) %



Сынып жетекшісі сізге балаңыздың үлгерімі, тәртібі және басқа да маңызды мәселелер туралы кері байланыс береді ме? (Бір жауап нұсқасын таңдаңыз) %



Бала тәрбиесінде ата-ана ретінде қандай қиындықтарға тап боласыз? (бір немесе бірнеше жауап нұсқасын таңдаңыз) / %



Балаңыздың тәрбиесін, мінез-құлқын қалыптастыру және адамгершілік құндылықтары туралы қосымша ақпарат немесе ресурстар қажет пе? (әр жолдан бір жауап нұсқасын таңдаңыз) %

	Ия, бұл өте қажет, Мен оны маңызды және қажет деп санаймын	Иә, керек, кейде қиындықтарға тап боламын және көбірек ақпарат алғым келеді	Мен белгілі бір дәрежеде мұқтажмын, бірақ көбінесе өзім ретке келтіре аламын	Жоқ, қажет емес, менде жеткілікті білім мен тәжірибе бар	Жоқ, қажет болған кезде қажетті ақпаратты өзім тапқанды жөн көремін
Балалар мен жасөспірімдер арасындағы буллинг пен кибербуллингке байланысты тәуекелдерді анықтау және алдын алу	54,9	10,3	10	11	13,7
Балалар мен жасөспірімдер арасындағы жағымсыз әдеттер мен құқық бұзушылықтарға байланысты тәуекелдерді анықтау және алдын алу	54,6	10,7	9,6	11,5	13,6
Табиғи ресурстар мен қоғам игілігіне ұқыпты қарау	54,5	10,6	9,5	12	13,5
Адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру (адалдық, құрмет,	55,6	9,7	9	12,2	13,5

жауапкершілік)					
Жеке қауіпсіздік және интернеттегі қауіпсіздік	56	10,1	9,4	11,3	13,1
Отбасылық құндылықтар мен дәстүрлер	55,1	9,5	8,8	12,5	14
Қаржылық сауаттылық	54,8	10,7	9,4	11,6	13,5
Шығармашылық, спорт, және хобби	55,6	10,3	9,2	11,5	13,4
Қайырымдылық, қоғамдық дамуға қосқан үлесі	55	10,4	9,3	11,5	13,8

Осы сауалнама ата-аналардың білім беру процесіне қатысуын, мектептегі тәрбие іс-шараларына қатысуын және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын қабылдауын бағалау мақсатында жүргізілді. Зерттеу сонымен қатар ата-аналардың тәрбие мәселелеріндегі негізгі проблемалары мен қажеттіліктерін, мұғалімдермен өзара әрекеттесуін және мектептің тәрбие жұмысының балаларға әсерін анықтайды. Талдау нәтижелері негізгі тенденцияларды және кедергілерді анықтауға, отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуінің тиімділігін арттыру үшін оларды жеңудің мүмкін жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді.

Сауалнама әртүрлі аймақтардағы ата-аналардың кең ауқымын қамтыды. Респонденттер арасында әйел адамдар басым. Ата-аналардың негізгі жас тобы-30-45 жас. Ата-аналардың көпшілігі кәсіби қызметті тәрбиемен біріктіреді, бұл олардың мектеп іс-шараларына қатысуына шектеулер қояды. Уақыт тапшылығы қатысу деңгейіне әсер ететін негізгі факторға айналып отыр.

Зерттеудің негізгі аспектілерінің бірі ата-аналардың бағдарлама туралы хабардар болу дәрежесін және олардың оған деген көзқарасын зерттеу болды. Респонденттердің көпшілігі бастамамен таныс, бірақ қатысу деңгейі әртүрлі. Ата-аналар мектептің тәрбие жұмысының басты назарында болуы керек деп санайтын ең маңызды тақырыптарды атап өтті. Жеке қауіпсіздік (63%) және қорқытудың алдын алу (60,4%) маңызды бағыттар ретінде қарастырылады. Салауатты өмір салтын қалыптастыру (72,6%) да басты басымдықтардың бірі болып табылады. Азаматтық өзін-өзі тануды дамыту (57,6%) және әлеуметтік жобаларға қатысу (53%) салыстырмалы түрде аз қолдау тапты, бұл ата-

аналардың балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығының негізгі аспектілеріне көбірек бағытталғанын көрсетеді. Ата-аналар үшін онша маңызды емес тақырыптар – инновациялық ойлау және шығармашылық (58%), қайырымдылық және қоғамдық белсенділік (53%), бұл дәстүрлі білім беру құндылықтарына назар аударуды көрсетеді.

Бағдарлама туралы хабардарлықтың жоғары деңгейіне қарамастан, ата-аналардың белсенді қатысу деңгейі жеткіліксіз. Респонденттердің 55,5% -ы мектептің тәрбие іс-шараларына қатысатынын айтты, алайда ата-аналардың едәуір бөлігі пассивті, тек бақылаумен шектеледі. 64,1% сынып жетекшілерінің отбасылармен тиімді қарым-қатынасын атап өтеді, бірақ сонымен бірге ата-аналардың бір бөлігі мектеппен жеткілікті байланыс сезінбейді. Ата-аналардың мектеп өміріне белсенді қатысуы үшін негізгі кедергілер кәсіби жұмыспен қамтуға байланысты уақыт тапшылығы, өткізілетін іс-шаралар туралы ақпараттың жеткіліксіздігі, кешкі немесе қашықтықтағы іс-шаралар сияқты ыңғайлы қатысу форматтарының болмауы болып табылады.

Жалпы ата-аналар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының білім беру процесіне әсерін оң бағалайды, алайда олардың пікірлері біркелкі емес. 60% -ы бағдарлама мектеп пен ата-ананың өзара әрекеттесуін күшейтеді деп санайды, 27,9%-ы бұл көзқараспен келіспейді. 59,8%-ы іс-шаралар балалардың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді деп санайды, бірақ 27,9%-ы келіспейді. 56%-ы бағдарлама енгізілгеннен кейін балалардың мінез-құлқындағы оң өзгерістерді байқайды, 29,7%-ы мұндай өзгерістерді байқамайды. 60,3%-ы мектептің буллингтің алдын алу әрекеттерін мойындайды, 28,4%-ы оларды жеткіліксіз деп санайды.

Ата-аналардың сынып жетекшілерімен өзара әрекеттесуі оқу процесінің маңызды аспектісі. Ата-аналардың 62,8% -ы мұғалімдерден пайдалы ұсыныстар алады, 66,1% -ы сынып жетекшісінің пікірін тыңдайды, алайда 27% -ы жеткілікті толық ақпарат алмайтындықтарын білдіреді.

Бағдарлама оқушылардың әлеуметтік мінез-құлқына оң әсер етеді, бірақ бұл әсер ету дәрежесін ата-аналар әр түрлі қабылдайды. Ата-аналардың 55,7% -ы баланың мінез-құлқының жақсарғанын байқайды, 29,7% -ы келіспейді. 63,5% -ы баласы сыныпта өзін жайлы сезінеді деп санайды, 27,2%-ы бұл туралы күмәнданады. Бұл көрсеткіштер бағдарламаның оң әсерін көрсетеді, бірақ түбегейлі өзгерістерді көрмейтін ата-аналардың айтарлықтай үлесі бар. Бұл бағдарламаны мектеп процесіне интеграциялаудың жеткіліксіз тереңдігін немесе оны тиімдірек енгізу үшін қосымша іс-шаралар өткізу қажеттілігін көрсетеді.

Ата-аналар отбасы тәрбиесінде кездесетін негізгі мәселелерді атап өтті, сонымен қатар қосымша ресурстарға деген қажеттіліктер бар екенін көрсетті. 65,2%-ы буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша қолдауды қажет етеді. 64,2%-ы балалар арасындағы жағымсыз әдеттер мен проблемаларға алаңдайды. 66,2%-ы баланың моральдық құндылықтарын қалыптастыру

маңызды деп санайды. 63,2%-ы балаларда қаржылық сауаттылықты дамыту қажеттілігін атап өтеді.

Сонымен қатар, ата-аналардың 69% -ы әлеуметтік қауіпсіздік материалдарын қажет етеді, 68% -ы отбасылық құндылықтар туралы көбірек ақпарат алғысы келеді, 67,2% - ы балалардың шығармашылық дамуына ықпал ететін ресурстарға қызығушылық танытады. Бұл деректер балаларға ғана емес, ата-аналарға да бағытталған білім беру бастамаларын одан әрі кеңейту қажеттілігін көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері бірнеше негізгі қорытындыларды анықтауға мүмкіндік береді. Ата-аналар балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығына жоғары қызығушылық танытады, бірақ олардың мектеп бастамаларына қатысуы шектеулі. Ата-аналардың көпшілігі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын оң бағалайды, алайда елеулі өзгерістерді көрмейтіндердің байқатты. Ата-аналардың мектеп іс-шаралары мен жиналыстарға қатысудағы негізгі кедергілері – уақыттың жетіспеушілігі және ыңғайлы қатысу форматтарының болмауы.

Сынып жетекшілері оқу процесінде шешуші рөл атқарады, бірақ барлық ата-аналар мұғалімдермен жеткілікті өзара әрекеттесуді сезінбейді. Ата-аналар қауіпсіздік, қаржылық сауаттылық және отбасылық құндылықтар бойынша қосымша ресурстарға мұқтаж.

Анықталған тенденциялар негізінде келесі ұсыныстар ұсынылады.

Онлайн-іс-шаралар, кешкі кездесулер, интерактивті платформалар сияқты ата-аналарды тартудың икемді форматтарын әзірлеу қажет. Ата-аналарға арналған білім беру ресурстарын, соның ішінде тәрбиелік- әдістемелік материалдарды кеңейту маңызды. Электрондық пошталар, мессенджерлер, мектеп платформалары арқылы өткізілетін іс-шаралар туралы хабардар болу деңгейін арттыру қажет. Жеке консультациялар мен бірлескен іс-шаралар арқылы ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы өзара әрекеттесуді күшейту қажет.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы айтарлықтай әлеуетке ие, бірақ оны табысты енгізу үшін отбасылардың нақты сұраныстарына бейімделу, сондай-ақ мектеп пен ата-аналар арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа тетіктерін дамыту қажет.

1. Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық портреті

Сауалнама әртүрлі аймақтардағы ата-аналардың кең ауқымын қамтыды

- **Жынысы мен жасы.** Респонденттер арасында әйел адамдар басым. Ата-аналардың негізгі жас тобы-30-45 жас.

- **Жұмыспен қамту.** Ата-аналардың көпшілігі кәсіби қызметті тәрбиемен біріктіреді, бұл олардың мектеп іс-шараларына қатысуына шектеулер қояды. Уақыт тапшылығы қатысу деңгейіне әсер ететін негізгі факторға айналып отыр.

2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы туралы ақпараттандыру

Зерттеудің негізгі аспектілерінің бірі ата-аналардың бағдарлама туралы хабардар болу дәрежесін және олардың оған деген көзқарасын зерттеу болды. Респонденттердің көпшілігі бастамамен таныс, бірақ қатысу деңгейі әртүрлі.

Бағдарламаның басым бағыттары

Ата-аналар мектептің тәрбие жұмысының басты назарында болуы керек деп санайтын ең маңызды тақырыптарды атап өтті:

- Жеке қауіпсіздік (63%) және буллингтің алдын алу (60,4%) маңызды бағыттар ретінде қарастырылады.

- Салауатты өмір салтын қалыптастыру (72,6%) да басты басымдықтардың бірі.

- Азаматтық өзін-өзі дамыту (57,6%) және әлеуметтік жобаларға қатысу (53%) салыстырмалы түрде аз қолдау тапты, бұл ата-аналардың балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығының негізгі аспектілеріне көбірек бағытталғанын көрсетеді.

- Ата-аналар үшін онша маңызды емес тақырыптар – инновациялық ойлау және шығармашылық (58%), қайырымдылық және қоғамдық белсенділік (53%), бұл дәстүрлі білім беру құндылықтарына назар аударуды көрсетеді.

3. Ата-аналардың мектептегі тәрбие іс-шараларына қатысуы

Қатысудың жалпы деңгейі

Бағдарлама туралы хабардарлықтың жоғары деңгейіне қарамастан, ата-аналардың белсенді қатысу деңгейі жеткіліксіз.

- Респонденттердің 55,5% -ы мектептің тәрбие іс-шараларына қатысатынын айтты, алайда ата-аналардың едәуір бөлігі пассивті бақылаумен шектеледі.

- 64,1%-ы сынып жетекшілерінің отбасылармен тиімді қарым-қатынасын атап өтеді, бірақ ата-аналардың бір бөлігі мектеппен жеткілікті байланыста емес.

Қатысуға кедергі келтіретін факторлар

Ата-аналардың мектеп өміріне белсенді қатысуының негізгі кедергілері:

- Кәсіби жұмыспен қамтуға байланысты уақыт тапшылығы.

- Өткізілетін іс-шаралар туралы ақпараттың жеткіліксіздігі.

- Кешкі немесе қашықтағы іс-шаралар сияқты ыңғайлы қатысу форматтарының болмауы.

4. Бағдарлама мен мектеп іс-шараларының тиімділігін бағалау

Жалпы ата-аналар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының Білім беру процесіне әсерін оң бағалайды, алайда олардың пікірлері біркелкі емес.

- 60%-ы бағдарлама мектеп пен ата-ананың өзара әрекеттесуін күшейтеді деп санайды, 27,9% -ы бұл көзқараспен келіспейді.

- 59,8%-ы іс-шаралар балалардың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді деп санайды, бірақ 27,9%-ы келіспейді.

- 56%-ы бағдарлама енгізілгеннен кейін балалардың мінез-құлқындағы оң өзгерістерді байқайды, 29,7%-ы мұндай өзгерістерді байқамайды.

- 60,3%-ы мектептің буллингтің алдын алу әрекеттерін мойындайды, 28,4%-ы оларды жеткіліксіз деп санайды.

Сынып жетекшісінің рөлі

Ата-аналардың сынып жетекшілерімен өзара әрекеттесуі оқу процесінің маңызды аспектісі:

- Ата-аналардың 62,8% -ы мұғалімдерден пайдалы ұсыныстар алады.

- 66,1%-ы сынып жетекшісінің пікірін тыңдайды.

- 27%-ы жеткілікті әдістемелік ұсыныстар мен пайдалы ақпараттар ала алмайтындығын көрсетті.

5. Бағдарламаның балалардың мінез-құлқына әсері

Бағдарлама оқушылардың әлеуметтік мінез-құлқына оң әсер етеді, бірақ бұл әсер ету дәрежесін ата-аналар әр түрлі қабылдайды:

- Ата-аналардың 55,7% -ы баланың мінез-құлқының жақсарғанын байқайды, 29,7% - ы әртүрлі дәрежеде келіспейді.

- 63,5% -ы баласы сыныпта өзін жайлы сезінеді деп санайды, 27,2% -ы бұл туралы күмәнданады.

Деректер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы оң динамиканы көрсететінін, бірақ балалар мен ата-аналардың нақты қажеттіліктеріне одан әрі бейімделуді талап ететінін көрсетеді.

6. Ата-аналардың негізгі қиындықтары мен қажеттіліктері

Ата-аналар отбасы тәрбиесінде кездесетін негізгі мәселелерді атап өтті, сонымен қатар қосымша ресурстарға деген қажеттіліктер бар екенін білдірді:

- 65,2%-ы буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша қолдауды қажет етеді.

- 64,2%-ы балалар арасындағы жағымсыз әдеттер мен проблемаларға алаңдайды.

- 66,2%-ы баланың моральдық құндылықтарын қалыптастыруды маңызды деп санайды.

- 63,2% балаларда қаржылық сауаттылықты дамыту қажеттілігін атап өтеді.

Қосымша:

- Ата-аналардың 69% -ы әлеуметтік желі алаңдатады және осыған байланысты қауіпсіздік материалдарын қажет етеді.

- 68%-ы отбасылық құндылықтар туралы көбірек ақпарат алғысы келеді.

- 67,2%-ы балалардың шығармашылық дамуына ықпал ететін ресурстарға қызығушылық танытады.

Бұл деректер балаларға ғана емес, ата-аналарға да бағытталған білім беру бастамаларын одан әрі кеңейту қажеттілігін көрсетеді.

7. Қорытындылар мен ұсыныстар

Негізгі тұжырымдар

1. Ата-аналар балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығына жоғары қызығушылық танытады, бірақ олардың мектеп бастамаларына қатысуы шектеулі.

2. Ата-аналардың көпшілігі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын оң бағалайды, алайда елеулі өзгерістерді көрмейтіндердің айтарлықтай үлесі бар.

3. Қатысудың негізгі кедергілері – уақыттың жетіспеушілігі және ыңғайлы қатысу форматтарының болмауы.

4. Сынып жетекшілері оқу процесінде шешуші рөл атқарады, бірақ барлық ата-аналар мұғалімдермен жеткілікті өзара әрекеттесуді сезінбейді.

5. Ата-аналар қауіпсіздік, қаржылық сауаттылық және отбасылық құндылықтар бойынша қосымша ресурстарға мұқтаж.

Ұсыныстар

- Ата-аналарды тартудың икемді форматтарын әзірлеу (онлайн-іс-шаралар, кешкі кездесулер, интерактивті платформалар).

- Ата-аналарға арналған білім беру ресурстарын, оның ішінде тәрбие бойынша әдістемелік материалдарды кеңейту.

- Өткізілетін іс-шаралар туралы ақпараттандыру деңгейін арттыру (электрондық пошталар, мессенджерлер, мектеп платформалары).

- Жеке консультациялар мен бірлескен іс-шаралар арқылы ата-аналар мен тәрбиешілердің өзара әрекеттесуін күшейту.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы айтарлықтай әлеуетке ие, бірақ оны табысты енгізу үшін отбасылардың нақты сұраныстарына бейімделу, сондай-ақ мектеп пен ата-аналар арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа тетіктерін дамыту керек. Сондай-ақ ата-аналарды педагогикалық қолдай орталықтарының жұмысын жандандыру қажет.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектеп пен отбасының ынтымақтастығын арттыру үшін «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын жандандыру маңызды

Білім алушылардың тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру жағдайында трансформациялаудың әлеуметтік факторлары

Жеке тұлғаны тәрбиелеу барысында ортаның әсер ету шарттары:

Мегаорта	Макроорта	Мезоорта	Микроорта
Космос	Ел Этнос	Аймақ	Отбасы
Планета	Қоғам	Аудан	Құрбы-
Әлем	Мемлекет	Қала	достары
		Туған жері	Ұжым
			Әлеуметтік
			орта
Тәрбиелеуші орта	Тәрбиелік іс-шаралар	Адамгершілік қатынас	Ақпараттық орта
Отбасы Ұжым	-Ойын	- Адамдар	- Кітап
Жасөспірімдер бірлестігі	-Интеллектуалды-танымдық	- Кітаптар	- Табиғат
Клубтар	- Ғылыми	- Табиғат	- Мәдениет
Шығармашылық орталықтар	- Еңбек	- Музыка	-Социум
Микросоциум	- Қоғамдық	- Өнер	-Субмәдениет
Пәндік орта	-Қарым-қатынастық	-Рухани-таным	-Мультимедиа
			-Кино-театр
			- Теледидар
			-БАҚ

Білім алушының тұлғалық қасиеттерін қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік факторларды ескере отырып, өз баласын тәрбиелеуде ата-ананың да мәдени, педагогикалық сауаттылығын арттырып отырған жөн. Осыған байланысты мектеп, ата-ана, білім алушы арасындағы байланысты нығайтатын іс-шаралар мазмұны терең болуы маңызды. Осы мақсатта білім беру ұйымдарына арналған арнайы бағдарламаны ұсынуға болады.

Білім алушыларды тәрбиелеу мен әлеуметтендіру

мақсаты: білім алушыларды тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің мақсатында отбасымен бірлестікте жоғары адамгершілік, шығармашылық, құндылықтарды бойына сіңіре отырып, Әділетті Қазақстанның адал, жауапкершілігі мол азаматының қалыптасуы мен дамуын әлеуметтік- педагогикалық қолдау.

Қазақстан рухани және мәдени дәстүрлерге бай, сол себепті білім алушы өз елінің бүгіні мен болашағы үшін жауапкершілікті сезінетін тұлға болып қалыптасуы тиіс.

Білім алушыларды тәрбиелеуде қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттер шешеді:

отбасылық мәдениетті қалыптастыру салалары:

- қоғамының негізі ретінде отбасына деген көзқарасты нығайту;
- адамның тұрақты және табысты дамуы үшін отбасының маңызы туралы идеяларды қалыптастыру;
- білім алушының ата-анасына құрметпен қарауын, үлкендер мен кішілерге саналы, қамқор қарым-қатынасын нығайту;
- отбасылық өмірдің сүйіспеншілік, жақын адамға қамқорлық, ұрпақ жалғастыру, отбасы мүшелерінің рухани және эмоционалды жақындығы, өзара көмек және т.б. сияқты адамгершілік құндылықтарын игеру;
- өз отбасының әлеуметтік-психологиялық әл-ауқатына қамқорлық жасаудың бастапқы тәжірибесін қалыптастыру;
- өз ұлтының, отбасының дәстүрлерін, Қазақстандағы өзге ұлттардың этникалық дәстүрлерін білу.
- дәстүрлі адамгершілік көзқарастар мен моральдық нормалар, үздіксіз білім беру, өзін-өзі тәрбиелеу және әмбебап рухани-адамгершілік құзыреттілік негізінде рухани даму, әлеуметтік бағдарланған, қоғамдық пайдалы қызметте шығармашылық әлеуетті іске асыру «жақсы тұлға болу» қабілетін қалыптастыру;
- ерік бостандығы мен рухани отандық дәстүрлерге негізделген адамгершілікті нығайту, білім алушының жеке басының ішкі көзқарасы өз ар-ұжданына сәйкес әрекет ету;
- жеке тұлғаның (ар-ожданның) адамгершілік өзін-өзі тану негіздерін қалыптастыру – жасөспірімнің өзінің адамгершілік міндеттемелерін тұжырымдау, адамгершілік өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру, адамгершілік нормаларын орындауды талап ету, өзінің және басқалардың іс-әрекеттеріне адамгершілік баға беру қабілеті;
- адамгершілік қасиеттің мәнін, әлеуметтік бағдарланған және әлеуметтік пайдалы қызметті қалыптастыру;
- адамгершілікті қалыптастыру – білім алушылардың басқа адамдардың игілігіне бағдарланған және жақсылық пен жамандық, әділ және әділетсіз, ізгілік пен жамандық, тиісті және жол берілмейтін дәстүрлі идеялармен айқындалатын мінез-құлықтың саналы қажеттілігін қалыптастыру;
- білім алушыларға негізгі ұлттық құндылықтарды, өз елінің ұлттық-рухани дәстүрлерін, салтын, әдет-ғұрпын игеру;
- жасөспірімнің жағымды моральдық өзін-өзі бағалауын, өзін-өзі сыйлауы мен өмірлік оптимизмін нығайту;
- эстетикалық қажеттіліктерді, құндылықтар мен сезімдерді дамыту;
- өзінің моральдық тұрғыдан негізделген ұстанымын ашық білдіру және дәлелдеу, өз ниеттеріне, ойлары мен іс-әрекеттеріне сыни көзқарас таныту қабілетін дамыту;
- моральдық таңдау негізінде жасалатын тәуелсіз қадамдар мен

іс- әрекеттерге, олардың нәтижелері үшін жауапкершілікті қабылдау қабілетін дамыту;

- еңбекқорлықты, қиындықтарды жеңу қабілетін, нәтижеге қол жеткізуде табандылық пен шыдамдылықты дамыту;

- адамгершілік құндылықтар мен моральдық нормалар негізінде оқуға, еңбекке, әлеуметтік қызметке шығармашылық қатынасты қалыптастыру;

- жасөспірімде бастапқы кәсіби ниеттер мен мүдделерді қалыптастыру, болашақ кәсіби таңдаудың моральдық маңыздылығын түсіну;

- жасөспірімнің адам өмірінің құндылығын түсінуі, өз мүмкіндіктері шегінде адамның өміріне, физикалық және адамгершілік денсаулығына, рухани қауіпсіздігіне қауіп төндіретін іс-әрекеттер мен әсерлерге қарсы тұру қабілетін қалыптастыру;

- экологиялық мәдениетті, салауатты және қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыру.

- отбасы мүшесінің, мектеп ұжымының, аумақтық-мәдени қауымдастықтың, этникалық қауымдастықтың, азаматтық бірегейлікті қалыптастыру;

- Еліне деген сенімді нығайту, Отан үшін жеке жауапкершілік сезімін, өз елінің өркендеуіне қамқорлық жасау;

- патриотизм мен азаматтық ынтымақтастықты дамыту;

- білім беру процесінде алынған білім негізінде жеке және әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуде педагогтермен, құрдастарымен, ата- аналармен, үлкендермен және кішілермен ынтымақтастықты ұйымдастыру және жүзеге асыру дағдыларын дамыту;

- жасөспірімдерде түрлі әлеуметтік және кәсіптік топтардың өкілдерімен қоғамдық қатынастар практикасы арқылы осы құндылықтарға бағдарланған және мінез-құлық үлгілеріне бағдарланған әлеуметтік басымдықтар мен құндылықтар туралы алғашқы дағдыларды, табысты әлеуметтенудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру;

- жасөспірімдерде қоғамдағы сындарлы, табысты және жауапты мінез- құлық үшін қажетті әлеуметтік құзыреттерді қалыптастыру;

- өзге адамдарға, азаматтық қоғам институттарына, мемлекетке деген сенімді нығайту;

- ізгі ниет пен эмоционалды жауаптылықты, өзге адамдарға түсіністік пен жанашырлықты дамыту, адамдарға көмек көрсету тәжірибесін қалыптастыру;

- гуманистік және демократиялық құндылық бағдарларын игеру;

- Қазақстанның дәстүрлі діні мен діни ұйымдарына, өзге адамдардың сенімдері мен діни сенімдеріне саналы және құрметпен

қарауды қалыптастыру, адамның, отбасы мен қоғамның өміріндегі діни мұраттардың маңыздылығын, өз елінің тарихи және мәдени дамуындағы дәстүрлі діндердің рөлін түсіну;

- этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, өзге ұлт өкілдерінің мәдени, діни дәстүрлерін, өмір салтын құрметтеу.

«Адал азамат» құндылықтарына қол жеткізуде білім алушыларды отбасында тәрбиелеу мен әлеуметтендіруді ұйымдастыруды жүзеге асырудағы құндылық -бағдарларлар

Отбасылық тәрбие беру	Сіңірілетін құндылық-бағдар
Азаматтыққа, патриотизмге, адам құқықтарын, бостандықтарын мен міндеттерін құрметтеуге тәрбиелеу	Өз еліне, халқына, өлкесіне деген сүйіспеншілік; Отан қорғаушыларға деген құрмет; азаматтық қоғам, көпмәдениетті бейбітшілік, жеке және ұлттық бостандық, адамдарға деген сенім, қоғамға, мемлекетке деген сенімділік, әлеуметтік ынтымақтастық, бүкіл әлемдегі бейбітшілік, ұлттық мәдениетті құрметтеу және дәріптеу
Әлеуметтік жауапкершілік пен құзыреттілікке тәрбиелеу	Құқықтық мемлекет, әлеуметтік мемлекет, заң мен тәртіп, әлеуметтік құзыреттілік, әлеуметтік жауапкершілік, Отанға қызмет ету, өз елінің бүгінгі мен болашағы үшін жауапкершілік, өз еліне жауап бере білу іс-әрекеттер, сыныптың, мектептің, отбасының, туған ауылының, қаласының істеріне белсенді қатысуға деген ұмтылыс.
Адамгершілік сезімдерді, сенімдерді, этикалық сананы тәрбиелеу	Адамгершілік таңдау; өмір мен өмірдің мәні; әділеттілік; мейірімділік; ар-намыс, қадір-қасиет; ата-ананы құрметтеу; басқа адамның қадір-қасиетін құрметтеу; теңдік; жауапкершілік; сүйіспеншілік пен адалдық, үлкендер мен кішілерге қамқорлық; ар-ождан мен дін бостандығы, толеранттылық, этика, сенім, руханият, конфессияаралық диалог негізінде қалыптасатын діни дүниетанымның құндылықтары; тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы; ықтимал теріс әсер туралы идеялар адамның моральдық- психологиялық жағдайы компьютерлік ойындар, кино, телебағдарламалар, жарнама.

Экологиялық, салауатты және қауіпсіз өмір салты мәдениетіне тәрбиелеу	Экологиялық қауіпсіздік; экологиялық салауаттылық; физикалық, физиологиялық, репродуктивті, психикалық, әлеуметтік-психологиялық, рухани денсаулық; экологиялық мәдениет; салауатты және қауіпсіз өмір салты; ресурс үнемдеу; экологиялық этика; экологиялық жауапкершілік; қоршаған ортаның экологиялық сапасын жақсарту үшін әлеуметтік серіктестік; табиғатпен үйлесімді қоғамның тұрақты дамуы, компьютерлік ойындардың, теледидардың, жарнаманың адам денсаулығына ықтимал теріс әсері туралы идеялар.
Еңбекқорлық. Білімге, еңбекке және өмірге саналы, шығармашылық қатынасты тәрбиелеу, мамандықты саналы түрде таңдауға дайындық	Ғылыми білім, білім мен шындыққа деген ұмтылыс, әлемнің ғылыми бейнесі, ілім мен өзін-өзі тәрбиелеудің адамгершілік мәні, тұлғаның интеллектуалды дамуы; еңбек пен еңбек адамдарына деген құрмет; еңбектің адамгершілік мәні, шығармашылық пен жасампаздық; мақсаттылық пен табандылық, үнемділік, мамандық таңдау.
Сұлулық пен әсемділікке деген құндылық қатынасын тәрбиелеу. Эстетикалық тәрбие – эстетикалық мәдениеттің негізгі ретінде қалыптастыру.	Сұлулық, үйлесімділік, адамның рухани әлемі, шығармашылық пен өнердегі тұлғаның өзін-өзі көрсетуі, тұлғаның эстетикалық дамуы.

Отбасылық құндылықтар – бұл отбасының шынайы ынтымақтастығы. Барлық отбасы мүшелерінің бір-бірін құрметтеу мен қорғауда отбасылық құндылықтардың әсері мол, онсыз күшті, тірегі мықты отбасы бола алмайды. Отбасылық құндылықтардың қалыптасуы балалық кезеңнен басталады. Бала отбасының бір бөлігіне айналады және көп жағдайда (кейде тіпті бейсаналық түрде де), ол ересектер өміріндегі әкелер мен аналардың мұраттарын уағыздауды жалғастырады. Отбасылық құндылықтарды үйретудің ең жақсы әдісі ата-аналардың көрнекі және шынайы үлгі-өнегесі.

Отбасының идеялық құндылықтарының мәні неде деген сұрақты ашуда білім алушыларға отбасылық құндылықтарды айқындап, түсініктерін нығайту үшін төмендегі сұрақтармен жетелеуге болады:

«Отбасы» ұғымына сипаттама беріңіз?

Отбасының негізгі міндеттерін атап, сипаттама беріңіз? Отбасылық қатынас негізі неде?

Отбасының ең маңызды құндылықтары қандай?

Берілген сұрақтарға жауап бере келе, білім алушыға отбасылық қарым- қатынастың әке мен ана арасындағы сүйіспеншілік пен борышына, ата-аналық сүйіспеншілікке, ұл бала мен қыз баланың перзенттік борышына негізделгендігін түсінуге көмектеседі. Отбасының негізгі құндылықтарын, идеялық құндылықтар мен адамгершілік, сүйіспеншілік, ұжымшылдық пен еңбекке адалдық көзқарасты қалыптастыру мәселесін оқу-тәрбие процесіндеталдап, осы бағытта жүргізілетін іс-шаралар жүйелі болып отырса, тәрбиенің тиімділігі артатыны сөзсіз. Отбасының идеялық құндылықтары отбасылық дәстүрлерден көрініп отырады.

«Әке –шешесі жақсы болса, балалары да жақсы тәрбие алып өседі» деген бар яғни отбасындағы тәрбиеде ата-ананың рөлі басым. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі сауаттылығы маңызды.

Біреудің ала жібін аттамау, зорлық-зомбылық қиянат жасамау, ұрлық, өтірік айтпау сияқты жағымсыз әдеттерден сақ болу адамзатқа тән құбылыс. Жаман әдеттерден аулақ болу адамзаттың әу бастан жаратылысының таза екенін аңғартады, өйткені адам табиғаты ерекше даналық пен ақылға ие. Жалпыадамзаттық құндылықтар философиялық түсінік әлем халықтарының барлығына тән ортақ құбылыс. Кемел ұстаз Конфуций: «Адамгершілік қасиетке деген құлшыныс барлық жамандық атаулыдан азат етеді» десе, философ, ғалым Т. Ғабитов «Құндылықтар ол қасиет – бала кезден ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы мораль негізі ретінде, өз тарихын, мәдениеті мен әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығады» деп тұжырымдайды.

Отбасында ата-ана ізгілік, адамгершілік, үйлесімді қарым-қатынас, өзгелерді сыйлау, жағымды мінез-құлық, батылдық, табандылық, міндеттілік, ынталылық, дәйектілік, жауапкершілік, адалдық, қызмет, парыз, пайдалылық, гигиена, жан тазалығы, өзін-өзі толыққанды сезінушілік, шат көңіл, жасампаздық, үнемділік, өнімділік сияқты дұрыс

әрекеттерді бала бойына қалыптастыра отырып, оларға дұрыс әрекеттер жасауына ықпал етіп отыруы керек.

Егер, отбасында сабырлылық, концентрация, шыдамдылық, жан мен сана тазалығы, өз-өзін сыйлау, дербестік, түсінушілік, абырой, ықыластық, бақыт, өзіне-өзі сену, ішкі тыныштық, өз-өзін қабылдау, терең ойлау, өз-өзін бақылау, өз-өзін лайықты бағалау, тәубешілік, ризашылық, қанағаттану, өзіндік ішкі тәртіп, оптимизм, үйлесімдік, теңдік сияқты қасиеттер орныққан болса, баланың бойыда жүрек тыныштығы қалыптасалды.

Ата-ананың бойында өзінің жарына, баласына деген сүйіспеншілік қасиеттер қамқорлық, аяушылық, түсінушілік, кешірімділік, жылы ықылас, мейірбандық, өзара тәуелділік, жанашырлық, адалдық, қызмет ету, жанкештік, құрбандық, жомарттық, кеңпейілдік, төзімділік, шыдамдылық, ұстамдық, ойлампаздық, адамгершілік, наз, мейірімділік, сыйластық, достық болған жағдайда осы өзінің бойындағы құндылықтарды бала бойына мықтап сіңіре алады. Өйткені бала кішкентайынан көріп, ғибрат алып өссе, жан-дүниесі сүйіспеншілікке толы болады.

Бала тәрбиесінде ата-анаға берілетін 10 өсиет

- ✓ егер бала үнемі сынға алсаңыз, ол жек көруді үйренеді;
- ✓ егер бала үнемі араздықта өмір сүрсе, ол агрессивті болып өседі;
- ✓ егер баланы үнемі мазақ етіп, келемеждесе, ол тұйық, өзін шеттетіп өсетін болады;
- ✓ егер бала үнемі сөгіс алатын болса, ол кінәлі өмір сүруді үйренеді;
- ✓ егер бала үнемі жігерленсе, ол өзіне сенуге үйренеді;
- ✓ егер бала үнемі мадақталса, ол ризашылық білдіруді үйренеді;
- ✓ егер бала үнемі адалдықты көріп өссе, ол әділ болуды үйренеді;
- ✓ егер бала үнемі қауіпсіз өмір сүрсе, ол адамдарға сенуді үйренеді;
- ✓ егер балаға үнемі қолдау көрсетсе, ол өзін бағалауды үйренеді;
- ✓ егер бала үнемі түсіністік пен достықта өмір сүрсе, ол айналасындағы әлемнен сүйіспеншілік табуды үйренеді.

Отбасында балаға айтылатын өсиеттер:

- ✓ Ойынды арамдық пен зұлымдықтан қорғасаң – әлемнің рухани тазалығын нығайтасың;
- ✓ Көзіңді жамандық, зұлымдық және қызғаншақтықтан қорғасаң – әлемнің ғажап сұлулығын көресің;
- ✓ Құлағыңды өсек, өтірік, лақап сөзден қорға-саң – әлемнің шынайы дауысын естисің;
- ✓ Қолыңды адал, таза ұстасаң – әлемге әділдік орнатасың;
- ✓ Бойыңды ластан қорғасаң – әлемнің тазалығын қорғайсың;
- ✓ Пейілің мен ниетің ақ болса – әлемге сүйіспеншілік нұрын төгесің.

Баламен нұсқау беру, бұйыру деңгейінде емес, құндылықтар деңгейінде сөйлесе білу маңызды.

Саналы ата-ана болудың 5 қағидасы

1. Балаға сот емес, үлгі болыңыз

Балалар сөздерді емес, әрекеттерді көшіреді. Баланың сенімді, мейірімді және жауапты болғанын қалайсыз ба? Өзіңізден бастаңыз!

2. Бақылаудан гөрі қолдау көрсетіңіз

Сенім қорқыныштан күшті. Балаңызға таңдау мен қателіктер жіберуге құқық беріңіз, осылайша олар шешім қабылдауға және олар үшін жауап беруге үйренеді.

3 Тек мойынсұнудың орнына ойлауды үйреніңіз

Балаңызға сұрақтар қоюға, ойлануға және шешім табуға көмектесіңіз. Әлем өзгеруде және сыни тұрғыдан ойлау қабілеті табысқа жетудің ең жақсы құралы.

4. Бәсекелестік емес, сүйіспеншілікке толы, жайлы орта жасаңыз. Сіздің балаңыз жоба немесе жетістіктер ғана әкелетін робот емес. Салыстыру емес, оның күшті жақтарын ашуға және қиындықтарды жеңуге қолдау көмектесу маңызды.

5. Мектепке ғана емес, өмірге дайындалыңыз

Қаржылық сауаттылық, денсаулық, эмоцияларды басқару, қарым-қатынас жасау қабілеті бағалаудан кем емес. Балаға тек оқулықтар арқылы ғана емес, нақты өмірлік жағдайлар арқылы да білім алуға мүмкіндік беріңіз.

Ең бастысы: бала мінсіз болмауы керек. Ол өзінің жақсы көретінін, қабылданғанын және өзінің ең жақсы нұсқасы бола алатынын білуі маңызды.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында отбасында ата-анамен бірлесіп кітап оқу, оқыған кітаптарды талдау бала тұлғасын қалыптастыруда, баланың білімі мен тәрбиесіне маңызды ықпал етеді. «Өнегелі 15» минут форматындағы әңгіме барысында ата-ана баласымен кем дегенде күніне 15 минут адамгершілік тақырыбында әңгіме өрбітіп, оқыған кітаптарын талдай, көрген киноларын талдауды дәстүрге айналдыру керек.

PISA халықаралық зерттеулерге сәйкес бала дастархан басында ата-анасымен түрлі тақырыпта сөйлесе, оның оқу үлгерімі ондаған балға жоғарлайды.

Әлеуметтік және саяси тақырыптарда әңгімелесу оқу дағдысына жақсы әсер етуі әбден мүмкін. Шамамен 20 % -дан 40%-ға дейін оқуы жақсарады.

Отбасында дастархан басындағы жиналуды жәй ғана күнделікті әдет деп қана қабылдамаған жөн. Бұл – табиғи әрі берік қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін орта.

Дастархан басында отбасымен әңгімелесу – баланың табысты болуына тұрақты ықпал ететін ең мықты фактор.

Баламен жүйелі қанша уақыт сөйлесу керек?

Күніне кемінде 15 минут немесе кешкі аста балаңызбен сөйлесіп отырсаңыз, оның пайдасы үйірмелер мен қосымша сабақтардан кем болмайды.

PISA халықаралық зерттеулері бойынша 39 ұпай бұл – бір оқу жылының біліміне тең.

Егер балаңызбен бірге маңызды тақырыптарды үнемі талқылап отырсаңыз, балаңыздың ой-өрісінің дамуына ықпал етесіз.

Қандай тақырыпта сөйлескен дұрыс?

Ең бастысы талқыланатын тақырып бала жанына жақын, оның жас-дара ерекшелігіне сай құрылымда болғаны дұрыс. Балаға өз ойын ашық айтуға, пікірін дәлелдеуге және сауатты сөйлеуге мүмкіндік беру қажет

Дастархан басында қандай сұрақтар қоюға болады?

- Бүгін сені таң қалдырған (саған әсер еткен) жағдайлар болды ма?
- Кімнің пікірімен келіспейсің? Не үшін келіспес едің?
- Сенің пікіріңше сен оқыған кітап кейіпкері неге сондай әрекетке барды? Не үшін сондай шешім қабылдады деп ойлайсың? Және т.б.

Бастысы – балаға сұрақ ашық түрде қойылғанда және әңгімеге шынайы қызығушылық таныту. Мұндағы мақсат жәй ғана жауап алу емес, өзара ой бөлісіп, пікір алмасу.

Тиімділігі мен нәтижесі қандай болмақ?

- Логикалық және сыни ойлау дағдысы дамиды
- Оқуға және талқылауға деген қызығушылығы артады
- Оқуға деген ынтасы артады
- Өзінің жақындары үшін маңызды екенін ұғынады
- Отбасы мүшелерінің байланысы нығаяды

Ал сіздің отбасыңызда мұндай дәстүр бар ма?

- Балаңызбен дастархан басында жиі әңгімелесесіз бе, қандай тақырыптарды талқылайсыздар?

Мектепте баланы кітап оқуға деген ынта-жігерін, қызығушылығын арттыруда мұғалімнің рөлі зор. Баланың кітап оқуына қызығушылығын екі жақты бірдей ынталандыруымыз керек.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – әрбір бала өсіріп отырған ата-ана мен ұстаздың қоғам алдындағы борышы.

Адамның рухани дүниесінің жан-жақты болуы – оның қоршаған ортаны жоғары интеллектуалды және эмоционалды тануына мүмкіндік береді. Адамзат баласының өз ұрпағына оқу-білім және тәрбие, тәрбие мәселесіндегі өзіндік дүниетанымын қалыптастыру мәселесі мыңдаған жылдар бойы өзектілігін жоғалтқан емес. Осы орайда ең бірінші болашақ ұрпақ бойына тұлғалық құндылықтарды сіңіру – мұғалімнің рухани-адамгершілік, ұлттық құндылықтары мен мәдениетіне тығыз байланысты.

Еліміздегі тұңғыш ағартушы, педагог – Ыбырай Алтынсариннің қазақ балаларын білімге шақырып, көкірегін оятқан алғашқы ұстаз. Ыбырай Алтынсариннің еңбектері қазақ балаларының білім көкжиегінің кеңеюіне, рухани-тұлғалық жағынан дамуына зор игі ықпал етті.

Ы. Алтынсарин еңбектерінде рухани-адамгершілік тәрбиенің маңыздылығын жоғары және ол ең басты құндылық. Ыбырай әңгімелерінің желісі, мазмұны, тәрбиелік мәні бала санасына ерекше әсер етіп, оның білімге деген қызығушылығын оятып, қоғамда адамгершілігі мол, рухани құндылықтары дамыған тұлға қалыптастырады сөзсіз.

Тұлғалық құндылықтарды оқу-тәрбие процесінде құндылыққа негізделген шығармалар арқылы топтық іс-әрекетте тәрбиелеу де маңызды. Оқыту мен тәрбиелеу негізінде туындайтын өзара қарым-қатынастар топтық іс-әрекеттің мақсатына, ұйымдастырылуына, құндылығына байланысты.

Осыған орай, қазіргі жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік, тұлғалық құндылықтарды сіңіруде Ы. Алтынсарин педагогикалық-психологиялық шығармаларының тәрбиелік маңызы зор. Мысалы, «Таза бұлақ» әңгімесінің идеясы балаларға не береді? Не себепті таза бұлақ? Бұлақ басындағы таста не жазылған? Таста жазылған сөзді талдау арқылы балалардың жеке пікірін білу, білім алушыларды логикалық ойлауға жетелейді. Білім алушы ойлана отырып, өз бойында адалдық, әділеттілік, шынайылық, кішіпейілділік, тазалық, сүйіспеншілік пен мейірімділік т.б құндылықтарды сіңіре алады [26].

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде «.....Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де Құдай-Тағала бос жүруге жаратпаған, жұмыс істеуге әдеттену

керек, - деді атасы он жасар баласына. Бұл әңгімеде балаларды еңбекқорлыққа жетелейді.

«Әке мен бала» әңгімесінде баланың жалқаулығын сынай отырып, еңбектің жемісін бағалауға, прагматикалық ойды қалыптастыруға жетелейді.

«Шеше мен бала» әңгімесі жасөспірімді қайырымды болуға, мейірімділікке баулыса, «Түлкі мен ешкі» өтірікшіліктен, «Қисық ағаш» қыңырлықтан, қырсықтықтан аулақ болу мәселелерін көтеріп, жағымды тұлғалық құндылықтарды қалыптастырады.

«Асыл шөп» әңгімесі сабырлық, ұстамдылық пен шыдамдылыққа уағыздаса, «Салақтық», «Надандық», «Жамандыққа жақсылық» әңгімелері білім алушыларды жалқаулықтан, надандық пен тәкаппарлықтан аулақ болуға тәрбиелейді [27].

Ы. Алтынсариннің «Лұқпан әкім» әңгімесінде адамның ішкі дүние танымы, жан дүниесі туралы баяндайды. «Қашанда бір істі бастағыңыз келсе, ол іске әуелі ақылыңызды, содан соң көзіңізді жұмылдырыңыз, одан соң ақылыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп, жөнін тауып мақұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға сонда ерік беріңіз» деп, адамның ақыл-ой, парасаттылығына ішкі жан дүниесі түйсіну, көру, сезіну процестеріне жүгіну керектігін айтады [15].

Ұлы ұстаздың қай шығармасын алсақ та білім алушының санасын оятып, оларға үлгі-өнеге беріп, шынайы өмірлік мысалдар мен астарлы әңгімелері болашақта өмірді тануға, еңбекті бағалай отырып, белгілі бір іс-әрекетте нәтижелі атқаруға жетелейді.

Отансүйгіштікке, өнегелікке, өнерге баулу, ізденімпаздыққа, талапшылдыққа, кішіпейілділік пен сүйіспеншілікке, жігерлікке, табандылық сияқты жағымды мінез-құлыққа тәрбиелеуге жетелейтін мәселелерді көтереді.

Білім алушылардың тұлғалық құндылықтарын дамытуда мектептің оқу-тәрбие процесінде Ыбырай шығармалары арқылы құндылыққа бағдарланған іс-шаралар жүйелі жүргізіліп отыруы маңызды. Өйткені, олардың өмірлік ұстанымы, шешім қабылдаушылық, өзара қарым-қатынасқа түсе алушылық, өнерді бағалау, патриоттық, отансүйгіштік, шеберлік, ұстамдылық, шыдамдылық қасиеттері Ыбырай шығармаларының негізінде қалыптасып, дамып, жетіледі десек артық айтпаған болар едік. Сондай-ақ, тұлғалық құндылықтарды дамыту оқу бағдарламасының мазмұнында көрініс тауып, жалпы білім беретін пәндердің негізгі компонентіне айналуы шарт.

Оқу процесінде білім алушылардың тұлғалық құндылықтары дамып, қалыптасуы маңызды. Сол себепті мектепте білім алушылардың тұлғалық құндылықтарын дамыту Ыбырай шығармалары арқылы жүзеге асырылуы мақсаты нәтиже бермек.

Осы мақсатта білім алушылардың тұлғалық құндылықтарын дамытуда төмендегідей ұсыныстар беруге болады:

- біріншіден, білім алушылардың тұлғалық құндылықтарын дамыту үшін мектепте шығармашылық іс-шараларды ұйымдастыру.
- екіншіден, білім алушылардың тұлғалық дамуы олардың болашақта мамандық таңдауға деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында кәсіби тәжірибеге бағдарлау.
- үшіншіден, мектепте Ыбырай шығармаларын қолдана отырып, білім алушылардың тұлғалық құндылықтарын дамыту үшін тақырыптық кездесулер, дөңгелек үстел, тренинг, коучинг, шеберлік сыныптар өткізу.

Ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннің еңбектері оқу-тәрбие процесінде өзіндік орны бар, бала тәрбиесінде тұлғалық құндылықтарды қалыптастыруда бүгінгі күнде өзекті.

Дұрыс ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесі білім алушылардың тұлғалық, рухани-адамгершілік құндылықтарының дамуына, олардың өмірлік мақсаттарын айқындап, бүгінгі заманауи білім беру процесінде бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына зор ықпалын тигізері анық.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ата-аналармен, рпедагогтермен мемлекеттік мүдделі органдармен бірлескен іс-шараларды өткізу бала бойына құндылықтарды сіңіруде ықпалы зор.

Білім алушылардың бойына құндылықтарды сіңіруде педагогтер мен ата-аналардың бірлескен іс-шараларын ұйымдастыру үшін бірнеше кейстер ұсынуға болады:

Кейс №1 «Қауіпсіз мектеп – бала өмірінің кепілі»

Кейстік жағдай:

2025 жылдың қыркүйек айында республикалық БАҚ пен Ішкі істер министрлігінің ресми мәліметтерінде жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен қатыгездіктің күрт өскені байқалды.

Мысалға:

Колледждің кәмелетке толмаған студенті қылмыс үстінде ұсталды. Ол 15 жастағы жасөспірімнен күш қолданып, қорқыту арқылы ақша бопсалаған.

Жасөспірім өз құрдастарынан жеке деректерін тарату арқылы шантаж жасап, ақша талап еткен. Осындай 8 факті тіркелген.

Зорлық-зомбылық пен қорқыту арқылы жәбірленушілерді «займ» рәсімдеуге мәжбүрлеп, кейін сол қаражатты қолма-қол ақшаға айналдырған бұзақы топ анықталды.

6-сынып оқушысы сыныптасын пышақпен жарақаттады. 18 қыркүйекте колледж студенті Павлов көшесіндегі үйдің ауласында педагогті пышақпен жарақаттаған.

Балалар «Скинем мальчика» деген пранк жасап, 7 жасар баланы көпқабатты үйдің төбесінен лақтырмақ болған. Бұзақы бала «суицидник» деген ойынды ұйымдастырмақ болғанын айтқан.

Тапсырма: Жұмыс топтары үшін

1. Сіздің өңіріңізде орын алуы мүмкін қауіптерді анықтаңыз (әлеуметтік, психологиялық, цифрлық т.б.).

2. Қауіптің пайда болу себептерін 3 негізгі фактор бойынша бөліңіз.

3. «Өз мектебімде / өңірімде не істей аламын?» деген сұраққа жауап беріп, нақты 5 қадамдық әрекет ұсыныңыз және оны кім атқаруы керектігін анықтаңыз.

Қабылданған шешімді іске асыру реттілігін белгілеңіз

Маңызды және шұғыл	Маңызды, бірақ шұғыл емес
Маңызды бірақ шұғыл емес	Маңызды емес және шұғыл емес

Кейс №2 Өмірде мінсіз болуға бола ма?

Кейс: Әлеуметтік желілерде соңғы уақытта мынадай сын жиі айтылады: «Бағдарламада жылына 43 іс-шара көзделгенімен, іс жүзінде 400-ден аса іс-шара өткізіліп жүр. Соның салдарынан сынып жетекшілер мен тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларға шамадан тыс міндет жүктелуде. Бейнежазбалар, челленджер, есептер саны артып, бұл жұмыс “марафонға” айналды».

Сонымен бірге, қоғамда бала тәрбиесінің маңыздылығы туралы пікірлер жиі айтылады. Бұл тақырып педагогтер, ата-аналар, қоғам белсенділері арасында үнемі көтеріліп келеді. Демек, тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастырудың мәнін стейкхолдерлерге түсіндіру қажет.

Төмендегі қысқа әңгіме осы мәселені бейнелейді. Оны талқылай отырып, ата-аналарға және педагогтерге тәрбие ісінде кейде сан сапаға әкелетінін, ал кейде «мінсіз жұмыс жасаймын» деп уақыт өткізіп алуға болатынын түсіндіруге болады.

Өмірде мінсіз болуға бола ма?

Флорида университетінің профессоры, фотограф Деррик Уилсон, магистрлік оқуда жүрген студенттерді екі топқа бөледі.

Аудиторияның сол жағына «сан» тобына кірген студенттер жиналады. Профессор оларға атқаратын жұмыс санына қарай бағалайтындығын ескертті. Оқудың соңғы күні ұстаз осы топтағы студенттер түсірген суреттерді санайды. Жүз суретке «өте жақсы», тоқсан суретке «жақсы», сексен суретке «қанағаттанарлық» деген баға қояды.

Аудиторияның оң жағына «сапа» тобына кірген студенттер отырды. Профессор оларды сурет сапасына қарай бағалайтындығын айтты. Бұл топтағы студенттерге семестр бойы бір ғана сурет түсіру тапсырылады. Бірақ ол сурет «өте жақсы» бағаға татитындай мінсіз болуы керек.

Семестр соңында оқытушы ең үздік суреттерді «сан» тобының студенттерінен байқады. Бұл топтағы студенттер көбірек уақытын сурет түсіруге арнайды. Композициямен, жарықпен тәжірибе жасайды, фотосурет жасауда алуан әдістерді қолданады. Олардың ойлау, талдау дағдылары дамиды. Ал «сапа» тобының студенттері мінсіз суретті қалай түсіруге болатынын ойлаумен ғана уақыт өткізеді. Семестр соңында оларда тексерілмеген теория мен бір ғана ортаңқол суреттен басқа ештеңе жоқ болып шықты. Бұл топтағы студенттердің қанша күш жұмсағаны сол күйі белгісіз болып қалды...

(Джеймс Клир, Атом әдеттер)

Талқылау сұрақтары:

Өз тәжірибеңізде тәрбие ісінде жиі «сан» тәсілін ме, әлде «сапа» тәсілін ме қолданасыз? Бұл таңдауыңыз «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын қалыптастыруға қалай әсер етеді?

Бағдарламада көзделген іс-шараларды орындауда сан мен сапа арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады?

«Өз мектебімде / өңірімде не істей аламын?» деген сұраққа жауап беріп, нақты 5 қадамдық әрекет ұсыныңыз және оны кім атқаруы керектігін анықтаңыз.

Кейс №3 Кім болса да, ол жоғары құрметке лайық

Айналасындағы барлық адамдармен күнде ұрыса беретін, мінезі шатақ бір жігіт газеттен қаладағы суретшілер үйінде барлық адамдарға керемет көңіл бөлініп, олардың бір-бірін қатты құрметтейтіні, сол жерде осындай кезқарастығы күшейетін жиі-жиі бас қосып жүретіні жайлы хабарды оқып, сонда барады. Оны сол жердегі адамдар керемет қарсы алып, орнынан орын беріп, онымен ұзақ әңгімелеседі. Бұрын ондайды көрмеген жігітке осының бәрі қатты ұнайды. Кейін байқап қараса, үйдің залдың ортасында бір айнаға үлкен әріптермен «Кім болса да, ол жоғары құрметке лайық» деп жазылғанын көреді. Жігіт ертеңіне тағы да сол жерге келіп, адамдардың өзімен сыпайы сөйлесіп, құрметтегенін көріп, бұрынғы мінезін көрсете бастайды, кісілермен ұрыса бастайды, тіпті бір-екі кісімен төбелесіп болып, кісілер оны зорға дегенде ажыратып, сыртқа шығарады. Осы жай үшінші күні де қайталанып, сондағы кейбір кісілер ертең жауап ретінде айқайласып ұрыса бастайды. Сол кезде жігіт: «Сіздер бекер айнаға үлкен әріптермен “Кім болса да, ол жоғары құрметке лайық” деп жазыпсыздар, мұның бәрі өтірік екен», – дейді. Сондағы үлкендеу бір кісі оның қолынан ұстап, айнаның қасына апарып, оның артындағы үлкен жазуды көрсетеді. Онда:

«Кім болса да, ол жоғары құрметке лайық, бірақ оның қандай болатынын әркім өз іс-әрекетімен өзі анықтайды», – деп жазылғанын көріп қатты ұялып, ләм дей алмай, сол жерден кетіп қалыпты.

Тапсырма: Бұл кейс сіздерге қандай ой салды? Кейс қандай аудиторияға беру тиімді болады? Тәжірибеде қалай қолдануға болады? Қандай талқылау сұрақтарын қоюға болады? Бұл кейс қандай мәселені шешуге көмектеседі?

Кейс №4 Ара мен шыбын эксперименті

Зерттеуші ғалымдар бір шыбын мен араны шыны шышаның ішіне салады. Шишаның түп жағы шамның жарық жағына бұрылғанда, олар не істейді деп күткен. Алдында екеуі де жарық жаққа ұшып, шығамыз деп шышаның түбіне бастарын қайта-қайта соға берген, ал біраз уақыт өткен соң шыбын бұрылып арт жағына, яғни шишаның аузына қарай ұшып шығып кете берген, себебі шишаның аузы әдейі ашық тұрған. Ол алғырлығының арқасында жарық түпкі жақта болмағанмен, басын қайта-қайта ұра берген соң, өзіне басқа шығар жол іздеген. Ал ара ондай іс-әрекетке бармаған, басқа шығар жол іздемейді. Ол бүкіл назарын, күшін жарық жаққа жұмылдырған да, сол жақтан шыға алмай басын ұра берген, ұра берген, ұра берген. Осылай ол шишада қалып қойған...

Міне, өмірде де осылай. Табандылық, қайтпас қайсарлық – жақсы қасиеттер. Бірақ қандай істе болмасын қайта-қайта басты соққан соң, аздап кідіріс алып, ойлана білетін ақыл мен қисынды қолдану керек. Бәлкім, басқа

жол бар шығар деп жан-жағына да қарап алу керек. Осылай өмірде бір шешім қабылдаған, не бір жол бастамақ, не бір сөз айтқан адамдар «мен бастаған жолымнан қайтпаймын, қабылдаған шешімімнен қайтпаймын, айтқан сөзімнен қайтпаймын» деп жатады. Содан өмірде ұтылып, біткен жерге жете алмай қор болады.

Тапсырма: Бұл кейс сіздерге қандай ой салды? Кейс қандай аудиторияға беру тиімді болады? Тәжірибеде қалай қолдануға болады? Қандай талқылау сұрақтарын қоюға болады? Бұл кейс қандай мәселені шешуге көмектеседі?

Кейс №5 Көне жапондықтардың кинцути өнерінен алар сабақ

Көне жапондарда кинцути өнері қатты дамыған екен. Осы өнер сынған құнды кесеелерді, шәйнектерді қайта жөндегенде алтын қосып, бұрынғысынан да көз жауын алатындай, жып-жылтыр етіп әшекеймейді екен. Сонда бұрынғы сынық жерлер саф алтынмен әрленіп қосылғандықтан, ол бұрынғысынан әлдеқайда әдемі көрініп және құны арта түседі екен.

Міне, адамдар кесенің сынық жерлеріне қарап, сынған екен деп менсінбейді. Сынық жерлері алтынмен қосылған және жылтыр әдемі болған кесенің кемістігі оның артықшылығына айналғанда, қайта оны бұрынғыдан артық бағалаған. Адамдарда да осылай. Істеген қателіктерімізден сабақ алып, сол арқылы кемшіліктерімізді түзеп, жетіліп, құлпыра түсеміз, тәжірибе жинаймыз. Екінші жағынан, қандай да бір машина не басқа да бұйым шығарса, алғашында оны тәжірибеден өткізеді. Тіпті кейбіреуілерінің осы тәжірибеден өткізу мерзімі бірнеше жылға созылады. Осы аралықта ондағы бүкіл кемшіліктері анықталып, түзетіледі де, одан кейін нарыққа шығарып, адамдарға ұсынады. Оны тұтынған адамдар бұрынғы ондағы кемшіліктерді білмесе де, оны жасаған мамандар ол туралы өте жақсы біледі. Бірақ олар оны шығарған тауарымен енді мақтана алады.

Біздің бұрынғы олқылықтарымызға қарап, ешқашан ұялмайық. Сол секілді, әрбіріміз өзіміздің кемшіліктерімізден ұялмай, қайта одан сабақ алып, дер кезінде өзімізді жөнге келтірсек, біраз уақыттан соң біз де нарыққа шыққан керемет тауар сияқты боламыз.

Тапсырма: Бұл кейс сіздерге қандай ой салды? Кейс қандай аудиторияға беру тиімді болады? Тәжірибеде қалай қолдануға болады? Қандай талқылау сұрақтарын қоюға болады? Бұл кейс қандай мәселені шешуге көмектеседі?

Кейс №6 Әдеттерді қалыптастыруда отбасы мен ортаның маңызы зор

Венгр Ласло Полгар 1965 жылы Клара есімді әйелге мазмұны қызық бірнеше хат жазды. Ласло «қажырлы еңбек табысқа жеткізеді» деген ұстанымға сенеді. Оның бар сенімі осы ұстанымнан туатын. Ласло туа талант идеясын мойындамады. Оның пікірінше, баланы дұрыс ұйымдастырылған жаттығулардың, жақсы тәрбиенің көмегімен кез келген салада үздік етіп шығаруға болады. Оның ұстанымы «Адам дана болып тумайды, тәрбие мен жаттығулар көмегімен қалыптасады» дегенге саяды. Ласлоның осы идеяға жан-тәнімен берілгені сонша – мұны өз балаларына қолданған көргісі келді. Клараға

жазған хаттарында ол «осы тәсілді жүзеге асыруға көмектесетін әйел іздеймін» деп жазады. Клара мұғалім болып істейді. Бұл идеяға қызығып оны бүкіл болмысымен бірден қабылдады. Ласло пікірінше арқылы қабілетті ашуға болады деп есептеді. Ласло тәжірибесін іске асыру үшін шахматты таңдайды. Себебі, шахматтың үздіктерінің ой тарихы мен өзге Венгрияда мұндай тәжірибе көп қолданылмаған. Үйін шахмат туралы кітаптар мен әйгілі шахматшылардың суреттеріне толтырды. Балалар күнделікті бір-бірімен шахмат ойнап, әлемдегі ең мықты шахмат турнирлеріне қатысуы тиіс. Жарысқа қатысатын әрбір шахматшы туралы дерек жинайды. Мұндай картотека жүргізуге бүкіл өмірін арнайды. Ласло балаларының күнде кем дегенде екі сағат шахмат ойнауын деп шешеді. Ласло Клараның көңілін тапты.

Олар үйленіп, бірнеше жылдан кейін Полгар әулетінде Сьюзен, София және Юдит есімді үш қыз өмірге келеді. Тұңғышы Сьюзен төрт жастан бастап шахмат ойнайды. Жарты жыл өткен соң ол ересектерді жеңе бастайды. Ортаншы қыз Софияның жетістігі одан асып түседі. Он төрт жасында әлем чемпионы атанып, бірнеше жылдан кейін гроссмейстер атағын алады.

Тапсырма: Бұл кейс сіздерге қандай ой салды? Кейс қандай аудиторияға беру тиімді болады? Тәжірибеде қалай қолдануға болады? Қандай талқылау сұрақтарын қоюға болады? Бұл кейс қандай мәселені шешуге көмектеседі?

Кейс №7 Үздіксіз үйрену

Күрес спортына қатты қызыққан бір жігіт елінің бірнеше дүркін чемпионы болған атақты жаттықтырушыға келіп:

— Сіз сияқты чемпион болғым келеді, маған күрес өнерінің бүкіл қыр-сырын үйретіңізші, — деп өтініпті. Болам деп отырған жігіттің бетін қайтармай, ұстазы оны шәкірттікке қабылдап, сол күннен бастап дайындайды.

Жігіт шынымен де ынта-жігерімен ұстазы үйреткен бүкіл әдіс-тәсілдерді тез арада меңгеріп алады. Ұстазы да риза болады. Бір күні шәкірті ұстазынан:

— Маған үйретер басқа әдістер қалды ма? — деп сұрайды.

Ұстазы:

— Мен білетін әдістің бәрін меңгердің, — дейді.

Шәкірті содан ұстазына жылы лебіздерін білдіріп рақметін айтып, түрлі жарыстарға қатысып, қарсыластарын жеңіп, елінің атын шығарады. «Мен атақты чемпион ұстазымды да жеңе аламын» деп айта бастайды.

Содан не керек, ел чемпионаты белгіленген жарысқа келіп қалып, екеуі де қарсыластарын жеңіп, финалда күресуге мүмкіндік болады. Екеуінің ойыны басталып, аз уақыттың ішінде ұстазы аяғына дейін шәкіртін оңдырмай жеңеді. Шәкірті аң-таң болып:

— Сіз мені қалайша оп-оңай жеңе алдыңыз? Мен сіз білетін бүкіл әдістеріңізді меңгеріп едім ғой! — дейді.

Ұстазы:

— Иә, сен дұрыс айтасың. Мен сол кездегі бар білгенімді саған үйреттім. Бірақ содан кейін тыным таппай жаттығып, жаңа әдістерді үйренумен болдым. Ал сен дәрісті тоқтатып кеттің, сондықтан кейінгі әдістерді білмейсің! — депті.

Тапсырма: Бұл кейс сіздерге қандай ой салды? Кейс қандай аудиторияға беру тиімді болады? Тәжірибеде қалай қолдануға болады? Қандай талқылау сұрақтарын қоюға болады? Бұл кейс қандай мәселені шешуге көмектеседі?

Кейс №8

Тапсырма: «Кітаптың құпиясын аш» стратегиясы

Мақсаты:

Оқушылардың мәтінді түсіну, талдау, қорытынды шығару дағдыларын дамыту.

Бірлесіп жұмыс істеу арқылы пікір алмасу және дәлелдеу мәдениетін қалыптастыру.

Кітап оқу процесін қызықты әрі жүйелі ету.

1. «Алдын ала болжам» әдісі

Кітапты оқымай тұрып:

Мұқабасын қарау

Атауы мен авторын оқу

Суреттері болса, қарау

Осыдан кейін «Бұл кітап не туралы болуы мүмкін?» деген сұраққа әр топ қысқаша болжам жазады.

3-қадам. Бірлескен оқу

Топ мүшелері бір бөлімді немесе қысқа мәтінді бірге оқиды (немесе үйге таратып оқуға береді).

Әр оқушы «оқу күнделігіне» өзіне түсініксіз сөздерді, қызықты тұстарды, негізгі ойды жазады.

4-қадам. «Құпия сұрақтар» стратегиясы

Оқып болған соң әр оқушы:

Мәтін бойынша бір нақты сұрақ (мәтіннен жауап табылатын).

Бір ойлантатын сұрақ (талқылауды қажет ететін).

дайындайды.

Топ ішінде сұрақтармен алмасып, бір-біріне жауап береді.

5-қадам. Шығармашылық тапсырма

Топқа мына нұсқалардың бірін орындау ұсынылады:

Кітап кейіпкеріне хат жазу

Кітаптың жалғасын ойлап табу

Кітаптағы басты оқиғаны сахналау

Мәтінді комикс немесе инфографика түрінде бейнелеу

6-қадам. Талқылау және рефлексия

Сабақ соңында барлық топ «Біз кітаптан нені үйрендік?» тақырыбында 2–3 сөйлемдік қорытынды айтады.

Мұғалім оқушылардың жауаптарын жинақтап, кітаптың негізгі құндылықтарын атап өтеді.

Кейс №9

Тапсырма: «Тізбекті ой – ортақ мәтін»

Мақсаты:

Оқушылардың шығармашылық және логикалық ойлауын дамыту.

Бірлесіп мәтін құрастыру дағдыларын жетілдіру.

Кітап мазмұнын талдап, оны шығармашылық тұрғыда қайта құрастыру арқылы қызығушылығын арттыру.

Өткізу барысы:

1-қадам. Топқа бөлу

Сынып 4–5 топқа бөлінеді (әр топта 5–6 адам).

Әр топқа бірдей кітап немесе бірдей кейс (мысалы, №3–№7) беріледі.

2-қадам. Бірінші сөйлем

Әр топтан бір адам (1-ші ойыншы) стикерге кітап немесе кейс мазмұнына байланысты бірінші сөйлемді жазады (мысалы: «Бүгін мен ерекше бір оқиғаға куә болдым...»).

Стикерді келесі адамға береді.

3-қадам. Жалғастыру

2-ші ойыншы бірінші сөйлемді оқып, өз ойымен жалғастырып бір сөйлем жазады.

Стикерді 3-ші ойыншыға береді.

4-қадам. Үшінші ойыншының жалғасы

3-ші ойыншы 2-ші адамның сөйлемін оқып, әрі қарай жалғастырады.

Барлығы жазып болған соң стикер бастапқы ойыншыға қайта келеді.

5-қадам. Ортақ мәтінді оқу

Топ стикердегі сөйлемдерді ретімен дауыстап оқиды.

Әдетте, бұл әдісте өте қызық, кейде күлкілі, кейде креативті мәтін пайда болады.

Рөлдер:

Эксперт – бір адам ортақ мәтінді тыңдап, "Бұл ойын бізге не береді?" деген сұраққа жауап береді (мысалы, шығармашылықты дамытады, бір-бірінің ойын тыңдауды үйретеді, кітап мазмұнын есте сақтауға көмектеседі).

Бақылаушы – бір топтан бір адам "Бұл әдісті балаларды кітапханаға қызықтыруда қалай қолдануға болады?" деген сұраққа жауап береді (мысалы, қызықты ойын форматында кітап мазмұнын қайталау, оқылған мәтінді жаңаша құрастыру).

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖИНАЛЫС ҮЛГІСІ

«БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – ҚОҒАМ КЕЛЕШЕГІ»

Күн тәртібі: Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру.

Өткізу мерзімі: 2025 жылдың қыркүйек айы

Өткізу форматы: (офлайн), білім беру ұйымы ата-аналарына арналған жалпы жиналыс.

Мақсатты аудитория: Білім беру ұйымдарының барлық ата-аналары
Жиналыстың өту барысы

1. Кіріспе сөз (1 минут)

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі ата-аналар жиналысына қош келдіңіз!

Біз бүгін қазіргі қоғамды алаңдататын өзекті мәселелердің бірі – **балаларымыздың әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігін** талқылау үшін жиналды.

Жақында балалар мен жасөспірімдерді басқара алатын және оларды психикалық және физикалық қауіп-қатерге душар ететін қауіпті онлайн **ойындар мен топтардың саны** артты.

Бізді алаңдататын нәрсе – балалар әлеуметтік желілерде түрлі жағымсыз жағдайларға тап болады, кейде тіпті өз өмірлеріне қауіп төндіреді. Бұл отбасы үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін қайғылы жағдай.

Әрбір ата-ана балаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, оларды әлеуметтік медиа мен интернеттің зиянды әсерінен қорғауы тиіс.

Біздің бірлескен жұмысымыз өз жемісін береді деп сенеміз. Баршаңызға бүгінгі жиналыста пайдалы ақпарат алуға және балаңыздың болашағы үшін қажетті шешімдер қабылдауға тілектеспіз!

2. Негізгі бөлім (8 минут)

Бүгін біз талқылайтын негізгі қауіптер:

- ❖ интернеттегі қауіптер;
- ❖ шынайы өмірдегі буллинг және кибербуллинг;
- ❖ балалар арасында өсіп келе жатқан тренд болған онлайн ойындар;
- ❖ баланы қайғылы жағдайларға итермелеуі мүмкін кітаптар мен сайттар;
- ❖ әлеуметтік желілердегі алаяқтықтар.

Бірінші қадам – олардың мінез-құлқын бақылау.

Құрметті ата-аналар, мынандай **белгілерге** назар аударуларыңызды сұраймын, оларды дер кезінде байқау өте маңызды:

- көңіл күйдің кенеттен өзгеруі, агрессия немесе тұйықтық;
- үнемі шаршау, ұйқысыздық, мектептегі үлгерімнің төмендеуі;

- гаджеттерді пайдаланғанда құпиялылық, болған оқиғаларды талқылаудан бас тарту;
- баланың жасырын жаңа таныстарының пайда болуы;
- вербалды емес белгілер, ерекше өтініштер, сөздер, сөйлемдер мен әрекеттер.

Бұл және басқа да алғашқы белгілер пайда болған жағдайда, үнемі мектепке келіп, біздің мектеп **педагог-психологіне** жүгінуді сұраймыз. Педагог-психологпен жұмыс істеуден қорқудың қажеті жоқ, ол жағдайды түсінуге және шығу жолын табуға көмектесетін маман.

Бірнеше өмірлік мысалды келтірейік:

1. Бала ұзақ уақыт бойы әлеуметтік желілерде қорлауға ұшырап, тұйықталып, депрессияға түсті. Бақытымызға орай, ата-аналар баланың мазасыздық белгілерін дер кезінде байқады және мамандардан көмек сұрады. Бала құтқарылды.

2. Бала бір «тексерілмеген ойындарға» белсенді қатыса бастады. Ата-аналар баланың ерекше суреттеріне, мінез-құлқына, киім стиліне, «бейресми әдебиетке» қызығушылығына мән бермеді. Олар баланың ойын ойнап жүргенін көрді, бірақ отырып, ойынды зерттеп қарауға немесе оны жүктеп алуға уақыт таппады. Баланың екі жыл бойы оқып жүрген әдебиетін зерттеп, ол не ойлап жүргенін, не нәрсе мазалайтынын сұрауға да уақыт болмады. Кітаптар маркетплейстер арқылы сатып алынған. Соның нәтижесінде – қайғылы оқиға орын алды.

3. Бала ұзақ уақыт бойы мазасыз ойларымен жалғыз қалды. Ата-аналар бұған мән бермеді. Бала депрессиялық күйге түскен кезде, ата-аналар оған қажетті қолдау көрсетудің орнына, оны ұрысып, қайғылы жағдайға себепші болды.

Қауіптердің алдын алу үшін не істеу керек?

3. Ата-ана бақылауы

Құрылғыларда ата-ана бақылауы сүзгілерін қолданыңыз. Бұл қажетсіз контентке қолжетімділікті шектеуге көмектеседі.

Ата-ана бақылауы – бұл арнайы құралдар мен параметрлер, олар ата-аналарға балаларының интернетте және құрылғыларда (компьютерлер, планшеттер және телефондар) не істеп жатқанын бақылауға көмектеседі. Бұл балаңызды қажетсіз немесе қауіпті контенттен қорғауға, гаджеттерді пайдалану уақытын шектеуге және интернеттегі байланыстарын қадағалауға мүмкіндік береді.

Сіз сүзгілерді орнатып, балаңыздың қажетсіз ақпараттары бар сайттарға (мысалы, ересектерге арналған немесе агрессивті мазмұндағы сайттарға) кіруін болдырмаудың алдын аласыз.

Кейбір бағдарламалар арқылы балаңыздың қандай сайттарға кіргенін және әлеуметтік желілерде немесе мессенджерлерде кіммен сөйлескенін көруге болады.

Ата-ана бақылауы сонымен қатар ойындарда немесе қосымшаларда ақшаны талап ететін кездейсоқ сатып алулардан қорғауы мүмкін.

Біз келесі нақты ұсыныстарды ұсынамыз:

1. Балаңыздың телефонындағы қосымшалар мен ойындарды тексеру.

Құрылғыларда ата-ана бақылауын қолданыңыз: iPhone-да – Screen Time арқылы, Android-та – Google Family Link арқылы. Бұл құралдар орнатылған қосымшаларды тексеруге және қауіпті бағдарламаларға қолжетімділікті бақылауға мүмкіндік береді.

2. Әлеуметтік желілер мен топтарды бақылау. Qustodio, Net Nanny немесе Kaspersky Safe Kids сияқты бақылау бағдарламаларын орнатыңыз. Олар балалардың әлеуметтік желілер мен жабық қауымдастықтардағы белсенділігін қадағалауға мүмкіндік береді.

3. Хабарламалар орнату. Instagram, TikTok және WhatsApp сияқты мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде хабарландыруларды қосыңыз. Бұл ата-аналарға жаңа хабарламалар, жазылулар немесе күмәнді байланыстар туралы ескерту алуға мүмкіндік береді.

4. Интернетті пайдалану уақытын шектеу. Құрылғылардағы қолдану уақытын шектеу үшін кіріктірілген функцияларды пайдаланыңыз, мысалы, iPhone-да Screen Time арқылы «Қосымшалар шектеуі» немесе Android-та Digital Wellbeing арқылы.

5. Баланың эмоционалды жағдайын үнемі талқылау. Баланың өзін қалай сезінетінін сұрау маңызды. Оның көңіл-күйін бақылау үшін эмоциялар күнделігін қолданыңыз немесе Calm немесе Headspace сияқты медитация және релаксация қосымшаларын пайдаланыңыз, бұл оған мазасыздықтан арылуға көмектеседі.

6. Балаңыздың интернеттегі достарын тексеру. Интернеттегі баланың айналасындағы адамдарға назар аударыңыз. Жаңа достар мен жазылымдарды бақылау үшін әлеуметтік желілердегі ата-ана сүзгілерін қолданыңыз. Facebook немесе Instagram параметрлері осындай өзгерістерді бақылауға көмектеседі.

7. Еркін қарым-қатынас жасау үшін қауіпсіз орта құру. Балаңызға өз мәселелерін сізбен еркін бөлісе алатынын түсіндіріңіз. Бірлесіп ойын ойнау немесе фильм көру сенімділікті нығайтуға көмектеседі.

8. Баланың іс-әрекетіне қатысу. Ойындар немесе әлеуметтік желілер болсын, оның айналысатын ісіне қызығушылық танытыңыз. Мысалы, бірге Minecraft немесе Roblox ойнап, жобаларды құруға көмектесіңіз және оның жетістіктерін талқылаңыз.

9. Сын тұрғысынан ойлауды және интернет қауіпсіздігін үйрету. «CyberSmart» немесе Google-дың «Be Internet Awesome» сияқты оқыту

бағдарламаларын пайдаланыңыз. Олар балаларға желіде қауіпсіз мінез-құлықтың маңыздылығын түсінуге көмектеседі.

Ашық диалог

Балаларыңызбен үнемі байланыста болыңыз. Қателіктері үшін жазаламай, кез келген жағдайда тыңдауға және көмектесуге дайын екеніңізді көрсетіңіз.

Балалармен тек сөйлесу ғана емес, сонымен қатар сенім атмосферасын құру маңызды, сонда бала өз мәселелері мен уайымдарымен бөлісуден қорықпайды.

Балаңыз кез келген уақытта сізге келіп, өз ойларымен бөлісе алатынын, жазадан немесе сыннан қорықпайтынын сезінуі керек. Ол үшін оның айтқанына қатты сын айтып, келемеждеуден аулақ болыңыз. Оның мәселесі сізге болмашы болып көрінсе де, бала үшін ол өте маңызды болуы мүмкін.

Балаңыздың көңілі түскенін, мазасызданғанын немесе тым тұйықталғанын байқаңыз. Оған бірден жауап беруді талап етпей, не мазалайтынын жұмсақ және байыппен сұраңыз. Кейде балаларға өз сезімдері туралы айтуға шешім қабылдау үшін уақыт қажет.

Мысалы, «Күнің қалай өтті?», «Мектепте қандай қызықтар болды?», «Достарыңмен не туралы әңгімелестіңдер?» деп сұраңыз. Бұл қарапайым сұрақтар әңгімені бастауға көмектеседі. Бала өзін қысымда сезінбеуі үшін тым табанды болмау маңызды.

Буллинг, интернеттегі қауіптер, зорлық-зомбылық немесе қарым-қатынас сияқты күрделі немесе ыңғайсыз тақырыптардан қашпаңыз. Егер бала осындай жағдайларға тап болса, ол сізбен бұл туралы сөйлесіп, қолдау алатынын білуі керек.

Балалар да, ересектер сияқты, кейде қателіктер жібереді. Оларды бұл үшін жазғырмай, болашақта мұндай жағдайлардан қалай аулақ болуға болатынын талқылау маңызды. Әркімнің де қателесетінін және ең бастысы – сол қателіктерден сабақ алу екенін түсіндіріңіз. Мысалы, егер бала кездейсоқ қажетсіз сайтқа кірсе, ешқандай айқай-шусыз бұл жағдай қалай болғанын және болашақта осындай жағдайларды болдырмау үшін не істеуге болатынын талқылаңыз.

Балалар ата-аналарының мінез-құлқын бақылау арқылы үйренеді. Егер сіз өз сезімдеріңізді ашық білдіріп, қателіктеріңізді мойындай алсаңыз, бұл балалар үшін үлгі болады. Мәселелерді талқылау және тіпті күрделі немесе ауыр тақырыптар бойынша бірге шешім іздеудің қаншалықты маңызды екенін көрсетіңіз.

Балаңыз өз сезімдері немесе уайымдары туралы айтқанда, оның сөзін бөлмей, соңына дейін тыңдаңыз. Оның пікірі сіз үшін құнды және маңызды

екенін бала түсінуі керек. «Бұл маңызды емес» немесе «Сен тым асыра айтып отырсың» деген сияқты сөздерден аулақ болуға тырысыңыз. Мәселе сізге шамалы болып көрінсе де, бала үшін ол өте маңызды болуы мүмкін.

3. Бақылау.

Баланың не көріп, қандай ойындар ойнайтынын қадағалау қажет. Оның виртуалды өмірі мен достарына қызығушылық танытыңыз. Ол ойнайтын барлық ойындарды жүктеп, оларды ойнап көріңіз. Бала оқып жүрген әдебиеттерді зерттеңіз.

Барлық білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Бағдарламаға сәйкес, оқушылардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында апта сайынғы сынып сағаттары аясында 10 минуттық «Қауіпсіздік сабағы» енгізілді. Бұл сабақта жол қозғалысы ережелері, өмір қауіпсіздігі негіздері, оқушылардың жеке қауіпсіздігі, қауіпсіз мінез-құлық ережелері және т.б. қарастырылады.

Құрметті ата-аналар, сіздер балаларды тәрбиелеудегі негізгі тұлғасыздар және сіздердің күнделікті іс-әрекеттеріңіз бен сөздеріңіз олардың болашағына айтарлықтай әсер етеді. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұсынылған «Өнегелі 15 минут» бастамасы ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған. Қысқа, бірақ мағыналы әңгімелер арқылы адамгершілік және моральдық тақырыптарда сөйлесіп, балаңыздың ішкі әлемін тереңірек түсініп, оның ойлары мен сезімдерін тыңдай аласыз.

Балаңызбен күн сайын 15 минут шынайы жүректен әңгімелесу оның өзіне деген сенімін нығайтуға, маңызды өмірлік құндылықтарды меңгеруге және дұрыс тәрбие алуға көмектеседі.

Құрметті ата-аналар!

✓ Балаңыздың қауіпті әрекеттерге, сайттарға және интернет пен әлеуметтік желіге тәуелділіктің түрлі формаларына қаншалықты тартылғанын анықтау үшін шаралар қабылдауға тырысыңыз;

✓ Баланың қауіпсіздігіне қатысты алғашқы күмандар пайда болған кезде, өз алаңдаушылықтарыңызды ашық айтып, балаңызды өз қауіптеріңізді қабылдау және ашық диалог жүргізуге шақырыңыз;

✓ Күнделікті қиындықтар мен алаңдаушылықтар туралы өзара келісілген және бірлескен шешімдер қабылдау үшін әңгімелесуге балаңызды дағдыландыруға күш салыңыз;

✓ Сенім атмосферасын құрып, туындаған қиындықтар туралы сөйлесіңіз, оларды елемеуден, жабылып қалудан, күйзелуден немесе шешім іздеуде басқа жолдар іздеуден аулақ болыңыз;

✓ Үйде балаңызға эмоционалды қауіпсіздік жағдайларын жасаңыз, сонда бала сіздің агрессияңыздан немесе жазалаудан қорықпай, мәселелерін ашық бөлісе алатын болады;

✓ Әсіресе бала үшін маңызды тақырыптарды талқылау кезінде қысым жасамауға, оның тұлғасы мен іс-әрекеттерін сынаудан аулақ болуға дағдыланыңыз, бастысы – мұқият тыңдап, көмек көрсету немесе шешім табуға дайын болыңыз;

✓ Балаңыз сізбен бөліскісі келетін жағдайларды тыңдауға ашық болыңыз және оны сынға алатыныңызға күмәнданбауына мүмкіндік беріңіз, балаңыздың кездесіп жатқан мәселелері шынайы әрі шешуге болатынын көрсетіңіз;

✓ Баламен сөйлесу кезінде оның қиындықтарын еңсеру үшін түсінікті және қауіпсіз тәсілдерін талқылауға және ұсынуға тырысыңыз, барынша қауіпсіз әдістерді таңдаңыз;

✓ Балаңызды еңбекке тартуға тырысыңыз, оның нәтижелерін сізге мақтанышпен көрсетуіне мүмкіндік беріңіз.

Қорытынды сөз және ұсыныстар (1 минут)

Құрметті ата-аналар, балаларыңызды бірінші қорғаны сіздерсіздер. Қарым-қатынас, сенім, қатысу және ынтымақтастық – бұл сіздің балаларыңызды шынайы және виртуалды өмірде кездесетін қауіптерден қорғауға көмектесетін негізгі құралдар. Есіңізде болсын, мәселені шешкеннен гөрі оның алдын алған жақсы.

Біздің мектепте ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығы ашылған – сіздер үнемі балаңызға қатысты кез келген мәселені шешу үшін осы орталыққа жүгіне аласыздар (*кабинет нөмірін, психологтің аты-жөнін, телефон нөмірін көрсету*).

Бұл орталық сізге балаларды тәрбиелеуге қатысты кез келген мәселелерді шешуде көмектесуге дайын. Сіз балаңыздың дамуы мен тәрбиесіне байланысты қажетті кеңестерді алып, орталық мамандарының психологиялық қолдауына жүгіне аласыз.

Облыста психологиялық қолдау орталығы жұмыс істейді, оның психологтері да білікті көмек көрсетеді (*мекен-жайды, директордың аты-жөнін, анықтама телефонын көрсету*).

Психологиялық көмек орталығы балалар мен жасөспірімдерге психологиялық мәселелерді шешуге көмектеседі, оларға эмоционалдық қолдау көрсетіп, өмірде туындауы мүмкін қиындықтарды жеңуге жәрдемдеседі.

Тәулік бойы жұмыс істейтін бірыңғай, тегін мемлекеттік байланыс орталығы «111» бар. Осы қысқа нөмір арқылы балаларға қатысты кез келген мәселе бойынша психолог пен заңгердің кеңесін алуға болады.

Біздің өңірде Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкіл де қызмет атқарады – *(аты-жөнін, телефон нөмірін көрсету)*, ол да сізге маңызды және күрделі мәселелерге жауап табуға көмектесуге дайын.

Сіздің шынайы, жылы сөзіңіз баланың болашағындағы ең құнды қазыналардың бірі болмақ.

Сіздердің балаларыңыздың өміріне қосқан үлестеріңіз баға жетпес. Тек күш біріктіре отырып, біз оларға мектепте де, үйде де қауіпсіз орта жасай аламыз. Осы маңызды жұмысқа қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

3 ӘР ЖАСТАҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОТБАСЫЛАРЫМЕН МЕКТЕПТЕРДІҢ ТИІМДІ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІН ЕНГІЗУ ЖӘНЕ КЕҢЕЙТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Қазіргі заманғы отбасы өзіне жан-жақты әсер ететін күрделі және қарама-қайшылықты әлеуметтік ортада өмір сүріп отыр. Бір жағынан, қоғам отбасы мәселелеріне көбірек көңіл бөлуде, яғни мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар оның өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі басты рөлін мойындайды. Отбасы институтын нығайту, оның тәрбиелік әлеуетін арттыру, бала тәрбиесін маңызды әлеуметтік қызмет ретінде қолдау мақсатында кешенді бағдарламалар әзірленіп, жүзеге асырылуда. Білім беру науқандары жүргізілуде, отбасыларға көмек көрсету және қолдау орталықтары құрылуда, ата-аналардың құзыреттілігін арттыру бойынша білім беру бастамалары жүзеге асырылуда.

Екінші жағынан, жүргізіліп жатқан жұмыстармен қатар толыққанды отбасылық ортаны дамытуды қиындататын процестер күшейеді. Көптеген отбасылар экономикалық қиындықтарға тап болуда: табыстың төмендеуі, жұмыссыздықтың өсуі, жұмыспен қамтудың тұрақсыздығы – мұның бәрі отбасының ішкі ресурстарын әлсіретіп, оның тәрбиелік функцияларды тиімді орындау мүмкіндігін төмендетеді. Сонымен қатар, кейбір ата-аналардың балаларының өмірі мен дамуына белсенді қатысудан алшақтауы да бар. Мұның себептері тек жұмысбастылық немесе шаршау ғана емес, сонымен қатар баланың психологиясы туралы білімнің жеткіліксіздігі, олардың білім беру мүмкіндіктеріне деген сенімі, кейде өмірлік құндылықтарға деген немқұрайлылығы болуы мүмкін.

Осылайша, қазіргі заманғы отбасының дамуы жан-жақты көзқарасты, мүдделі органдардың ынтымақтастықты және қоғамның өзінің отбасы мәселелерін шешуге белсенді қатысуын талап ететін оң өзгерістермен де, күрделі міндеттермен де қатар жүреді.

Сондықтан қазіргі жағдайда отбасы мектеп тарапынан тұрақты және кәсіби қолдауға ерекше мұқтаж. Отбасы мен білім беру ұйымының өзара іс-қимылы ата-аналарды оқу және тәрбие процестеріне белсенді түрде тартуға, сабақтан тыс және бос уақытты өткізуге қатысуға, сондай-ақ балалармен және мұғалімдермен тығыз ынтымақтастықты құруға бағытталуы тиіс.

Балалар мен жасөспірімдердің табысты тұлғалық дамуы үшін отбасы мен мектептің тәрбиелік күш-жігерін біріктіріп, үйлестіру қажет. Сонымен бірге мектеп бұл әрекеттестікте үйлестіруші рөл атқаруы керек. Бұл бірқатар факторларға байланысты:

- оқушылардың негізгі және жүйелі білім деңгейін қамтамасыз ететін мектеп;
- білім беру ұйымында арнайы дайындығы және қажетті құзыреттері бар кәсіби педагогтер жұмыс істейді;

- білім алушылар уақытының едәуір бөлігін мектепте өткізеді. Бұл олардың отбасындағы белсенділігіне де әсер етеді, өйткені олар оқу жұмысын үйде, оқу тапсырмаларын орындай отырып жалғастырады;

- сонымен қатар ата-аналардың көпшілігі жұмыста көп уақыт өткізіп, балаларымен ұзақ уақыт қарым-қатынас жасауға уақыт таппайды, бұл кейбір жағдайларда ата-аналар мен балалар арасындағы байланысты әлсіретеді.

Сондықтан да мектеп отбасы мен қоғамның тәрбиелік қызметін біріктіретін ұйымдастырушы орталық болуы керек.

Ата-аналардың өздігінен білім алуға деген ынтасы мектептің білім алушылардың отбасыларымен тиімді ынтымақтастық орнатуында маңызды рөл атқарады.

Қазіргі жағдайда отбасының мектеп өміріне белсенді қатысуынсыз балаларды табысты тәрбиелеу мен оқыту мүмкін емес. Дегенмен, мектеп пен отбасының тиімді ынтымақтастығы тек тілек қана емес, сонымен қатар ата-ананың тұлғалық өсуге, өзін-өзі тәрбиелеуге және мұғалімдермен сындарлы диалогқа дайын болуын талап етеді. Ата-ананың өздігінен білім алуға деген ынтасы, ең алдымен, баланың дамуындағы олардың рөлінің маңыздылығын сезіну арқылы қалыптасады. Ересектер баланың жеке басының қалыптасуы, оның табысы мен әл-ауқаты көп жағдайда олардың қатысуына, білімі мен дағдыларына байланысты екенін түсінген кезде, олар педагогикалық білімге қызығушылық таныта бастайды, балалардың жас ерекшеліктерін, олардың психологиялық жағдайын және білім беру қажеттіліктерін жақсы түсінуге ұмтылады.

Ата-ананың өзін-өзі дамытуына:

- балаға оқудағы немесе мінез-құлқындағы қиындықтарды жеңуге көмектесуге ұмтылуы;

- отбасында қолайлы эмоционалды атмосфераны құруға ұмтылуы;

- тәрбие мен оқытудың заманауи әдістеріне қызығушылық танытуы;

- сынып пен мектеп өміріне, бірлескен іс-шаралар мен жобаларға қатысуы;

- мұғалімдермен және басқа ата-аналармен сенімді өзара әрекеттесуі тәрізді маңызды ынталандырғыштар әсер етеді [28].

Мектеп өз кезегінде осы ұмтылысты дамытуға жағдай жасауы керек. Ата-аналардың белсенділігі пен жауапкершілік сезімін нығайту, сонымен қатар оларға қолдау көрсетудің тиімді түрлері келесідей болуы мүмкін:

- балаларды тәрбиелеу мен дамытудың өзекті мәселелері бойынша ата-аналарға арналған дәрістер, семинарлар, тренингтер өткізу;

- оқушылардың жас топтары бойынша ата-аналар мектептерін ұйымдастыру (бастауыш мектеп, негізгі орта және жоғары сынып оқушыларының ата-аналары);

- ақпараттық-әдістемелік материалдармен, ұсынылатын әдебиеттермен, өзін-өзі тәрбиелеуге арналған интернет-ресурстармен таныстыру;

- ата-аналар мен мұғалімдер арасында ашық диалог, тұрақты кездесулер, дөңгелек үстелдер, кеңестер өткізу үшін жағдай жасау;
- ата-аналарды бірлескен жобаларға, білім беру және мәдени-демалыс іс-шараларына тарту.

Сынып жетекшісі (мектеп) ата-аналарды қалай ынталандыра алады?

Мектептің әлеуметтік желілерінде ата-аналар қауымдастығында:

- жиналыс туралы хабарландыру (Ата-аналар жиналысында сіз ... үйренесіз);

- отырыста талқылауға арналған сұрақтарды;

- жиналысқа шақырылатын мамандар, дәрігерлер, психологтар туралы мәліметтер;

- ата-аналардың білім беру қажеттіліктерін, балаларды тәрбиелеудегі проблемаларының сипатын зерттеуге арналған шағын сауалнамалар жариялау.

Ата-аналарды жиналыс кезінде қалай ынталандыруға болады?

Осы мақсатта қолдануға ұсынылатын тәсілдер:

- топтық жұмыс, пікірталас элементтері, проблемалық сұрақтар, жағдаяттарды шешу тәрізді белсенді оқыту әдістері;

- презентациялар, әлеуметтік бейнероликтер тәрізді көрнекі құралдарды пайдалану;

- тәжірибеге бағытталған материалдар;

- шығармашылық көзқарас;

- ата-аналарға жиналыстағы өз рөлін, яғни тек тыңдау, сөйлеу, жеке немесе жүймен жұмыс істеу және т.б. таңдауға мүмкіндік беру.

Сонымен қатар, ата-аналар үшін достық атмосферасын, сәттілік жағдайын жасау өте маңызды болып табылады.

Отбасы тәрбиесінде ата-аналардың қолданатын әдістерін талдау және сыни бағалау; қажетті өзгерістердің мақсатын анықтау; тәрбиенің баламалы, көпшілік жағдайларда гуманистік әдістерін таңдау; таңдалған әдістерді отбасылық тәжірибеде қолдану; алынған нәтижелерді талдау және бағалау ата-аналармен сабақ өткізу барысында олардың ынтасын арттыруға көмектеседі.

Осылайша, ата-аналардың өзін-өзі тәрбиелеуге деген ынтасын және сындарлы ынтымақтастықты қалыптастыру мектеп пен отбасы жасына қарамастан әрбір баланың үйлесімді дамуына бағытталған біртұтас ұжым ретінде әрекет ететін тұрақты білім беру кеңістігін құруға ықпал етеді.

Білім беру ұйымының ата-аналармен жұмыс бағыттары:

1) ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру (дәрістер, семинарлар, жеке консультациялар, семинарлар);

2) ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне тарту (ата-аналар жиналысы, бірлескен шығармашылық іс-шаралар, материалдық-техникалық базаны нығайтуға жәрдемдесу);

3) ата-аналардың мектепті басқаруға қатысуы (мектеп кеңесі, ата-аналар комитеттері).

Мұғалімдер мен ата-аналардың өзара әрекетінің формалары мен әдістері олардың бірлескен іс-әрекеті мен қарым-қатынасын ұйымдастыру тәсілдері болып табылады.

Қазіргі жағдайда мектеп пен ата-ананың өзара әрекеттесуінің барлық түрлеріне сараланған тәсілді қолданған жөн.

Мұғалімдер барлық ата-аналарға бірдей өзара әрекеттесу нұсқаларын жүктемеуге тырысуы керек. Ата-ананың қажеттіліктері мен сұранысына, отбасы тәрбиесінің ерекшеліктеріне тоқталған әлдеқайда тиімді болып табылады.

Өзара әрекеттестіктің *ұжымдық, топтық және жеке* формаларын біріктірген жөн:

Ұжымдық формалар:

- ата-аналар жиналысы;
- ата-аналардың желілік қоғамдастықтары;
- ата-аналарға арналған дәрістер;
- тәжірибе алмасу конференциясы;
- сұрақ-жауап кеші;
- білім беру мәселелері бойынша пікірталастар;
- ата-аналардың мектеп әкімшілігімен, сынып жетекшілерімен кездесулері;
- «ашық есік күндері».

Мұғалімдер мен ата-аналардың өзара әрекеттесуінің әртүрлі формаларын қолдану ерекшеліктері.

Мектептегі *ата-аналар жиналысы* – оқушылардың ата-аналары (немесе заңды өкілдері) және педагогикалық ұжым шақырылатын жиналыс. Мұндай шараның басты мақсаты – оқу процесі мен мектеп өміріне қатысты өзекті мәселелерді талқылау болып табылады [29].

Ата-аналар жиналысы ата-аналарға білім беру бағдарламасының мақсаттары мен жоспарларымен, оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерімен, сонымен қатар мектеп өміріндегі өзекті оқиғалармен танысуға мүмкіндік береді. Бұл сондай-ақ ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы сындарлы диалог жасайтын, пікірлерімен және тәжірибелерімен алмасу, пайдалы ұсыныстар жасауға арналған алаң болып табылады.

Әдетте, кездесулерде маңызды тақырыптар бойынша баяндамалар, лекциялар немесе талқылаулар болады. Талқыланған мәселелерге оқушылардың оқу үлгерімі, мектептің оқу-тәрбие процесінде қолданылатын әдістер, бала тәрбиесі мен дамуы, тамақтану, денсаулықты сақтау және мектеп ережелерін талқылау сұрақтарын қамтиды.

Мұндай кездесулер мектеп пен отбасы арасында берік серіктестік орнатуға, білім беру ортасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге және балалардың оқу ортасына жеңіл бейімделуіне көмектеседі. Ата-аналардың жиналыстарға жүйелі түрде қатысуы оқу-тәрбие үдерісіндегі барлық тараптардың өзара әрекетін күшейтіп, білім сапасына жағымды әсерін тигізеді.

Әр жастағы білім алушылардың отбасыларымен мектептің тиімді ынтымақтас орнатуына әсер ететін ата-аналар жиналысының түлері [29]:

№	Жиналыстың түрі	Сипаттамасы
1	Ағымдағы ата-аналар жиналысы	Оқу жылы бойына жүйелі түрде өткізіледі және мектеп пен ата-ана арасындағы үздіксіз байланысты қолдаудың тиімді құралы болып табылады. Мұндай кездесулерде балаларды оқыту мен тәрбиелеуге қатысты күнделікті мәселелер: сабақ үлгерімі, сабаққа қатысуы, тәртібі, мектептегі іс-шараларға қатысуы, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері талқыланады. Сонымен қатар, ата-аналар оқу үдерісіндегі жоспарланған өзгерістер, алдағы жоспарлар мен жаңалықтар туралы ақпарат алады. Жиналыс барысында мұғалімдер ата-аналарды оқушылардың дамуы туралы дер кезінде хабардар етіп, өсу бағыттарын анықтап, балаға қолдау көрсету жолдарын ұсыну мүмкіндігіне ие болады. Ата-аналар өздерін толғандыратын сұрақтарын қойып, өз пікірлерін білдіріп, оқу жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстарын бере алады. Өзара әрекеттестіктің бұл форматы мектеп пен отбасы арасындағы серіктестіктің қалыптасуына ықпал етеді, сенімді нығайтады, ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне қатысуын арттырады және балалардың табысты оқуы мен дамуы үшін қолайлы жағдай жасайды.
2	Тақырыптық ата-аналар жиналысы	Бұл өзекті тақырыпқа арналған жиналыстар, оны талқылауға сыныптағы ата-аналардың басым көпшілігі қызығушылық танытады Балаларды тәрбиелеуге, оқытуға және дамытуға қатысты нақты, алдын ала белгіленген мәселелерді талқылауға бағытталған мектеп пен ата-ананың өзара әрекеттестігінің тиімді нысандарының бірі болып табылады. Ұйымдастырушылық және күнделікті тақырыптарды талқылайтын ағымдағы кездесулерден айырмашылығы, тақырыптық кездесулер оқу процесінің кейбір мәселелерін немесе аспектілерін тереңірек талдауға арналған. Мұндай кездесулердің тақырыптары: бірінші

сынып оқушыларының бейімделуі, жасөспірімдердің қиындықтары, құқық бұзушылықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі, оқу мотивациясын дамыту, мектеп оқушыларының денсаулығы, отбасы мен мектеп арасындағы өзара әрекеттестік және басқа да өзекті мәселелер болуы мүмкін.

Көбінесе тақырыптық жиналыстарға мұғалімдер ғана емес, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлер, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлар және т.б. шақырылған мамандар да қатысады. Бұл таңдалған тақырыпты жан-жақты қарастыруға және ата-аналарға кәсіби ұсыныстар беруге мүмкіндік береді.

Тақырыптық жиналыстар ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға, отбасы мен мектеп арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайтуға, балаларды оқыту мен тәрбиелеуге біртұтас көзқарасты қалыптастыруға көмектеседі.

3 Қорытынды ата-аналар жиналысы

Бұл жиналыстың мақсаты – белгілі бір уақыт аралығындағы балалар тобының даму нәтижелерін қорытындылау болып табылады. Қорытынды ата-аналар жиналысының тақырыбы мен мақсатына байланысты әртүрлі нысандарда өткізілуі мүмкін.

Қорытынды ата-аналар жиналысы мектеп пен отбасы арасындағы оқу кезеңінің – тоқсанның, жартыжылдықтың немесе оқу жылының соңында өткізілетін өзара іс-қимылдың маңызды нысаны болып табылады. Мұндай кездесулердің мақсаты – оқу-тәрбие жұмысының нәтижелерін қорытындылау, оқушылардың және жалпы мектеп қызметінің нәтижелерін бағалау, оқу-тәрбие процесін дамытудың алдағы кезеңдерін жоспарлау болып саналады.

Аталған жиналыс кезінде ата-аналар оқу үлгерімі, тәртіп, сабаққа қатысу және балалардың сабақтан тыс жұмыстар мен жобаларға қатысуы туралы жалпы ақпарат алады. Мұғалімдер жетістіктер мен қиындықтарды талдап, жетістіктерді атап өтеді және келесі оқу жылындағы білім берудің ерекшеліктерін талқылайды.

Қорытынды жиналыстар сондай-ақ ата-аналарға сұрақтар қоюға, білім беру қызметінің сапасы туралы өз пікірлерін білдіруге, оқу жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді. Бұл мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, ашық диалог құруға, білім беру ұйымына деген сенімді арттыруға көмектеседі.

Қорытынды ата-аналар жиналысын өткізу түрлері келесідей болуы мүмкін:

- сыныптағы дәстүрлі жиналыс (сынып жетекшісі жетекшілік етеді; білім алушылардың оқу үлгерімі, мінез-құлқы, мектеп өміріне қатысу нәтижелері талқыланады; бір сыныптың ата-аналары ғана қатысады);
- жалпы мектеп жиналысы (әр жастағы білім алушылардың ата-аналары үшін өткізіледі; мектеп директоры, әкімшілік және пән мұғалімдері қатысады; оқу жылының қорытындысы, алдағы жоспарлар, оқу бағдарламасына енгізілген өзгерістер, т.б. мәселелер талқыланады, мүдделі органдардың қызметкерлері қатысуы мүмкін);
- белгілі бір саланың мамандарының қатысуымен өтетін жиналыс (мектеп психологы, логопед, әлеуметтік қызметкер, дәрігер, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектор, т.б.; бейімделу, мінез-құлық қиындықтары, денсаулық, қауіпсіздік тәрізді нақты мәселелер талқыланады);
- дөңгелек үстел отырысы (мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы тең құқылы диалог форматы; өзекті мәселелер талқыланып, бірлескен шешімдер қабылданады);
- презентация және талдау жиналысы (слайдтар, диаграммалар, бейне есептер пайдаланылады; мұғалімдер жыл қорытындысын, сынып пен оқушылардың жетістіктерін айқын көрсетеді);
- онлайн жиналыстар (Zoom арқылы жүргізіледі; бетпе-бет кездесу мүмкін болмаған кезде маңызды);
- сауалнама және кері байланыс (ата-аналар сауалнаманы жиналысқа дейін немесе кейін толтырады; білім сапасы туралы пікірлер мен жақсарту бойынша ұсыныстарды анықтауға көмектеседі)

4 Конференция

Конференция білім беру ұйымы мен ата-аналар қоғамдастығының өзара әрекеттестігінің заманауи және өнімді нысандарының бірі болып табылады. Бұл балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту, сондай-ақ мектеп ортасының жағдайын жақсартуға қатысты өзекті мәселелерді талқылауға бағытталған ұйымдастырылған шара.

Дәстүрлі ата-аналар жиналысынан айырмашылығы конференцияның форматы кең және оған ата-аналар мен мұғалімдер ғана емес, сонымен қатар психология, медицина, заң

саласының мамандары, мектеп әкімшілігі мен жергілікті қоғамдастық өкілдері қатысады. Бұл таңдалған тақырыпты жан-жақты қарастыруға және бірлескен шешімдерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

Конференциялардың тақырыптары келесідей болуы мүмкін:

- «Оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау»;

- «Цифрлық кеңістіктегі балалардың қауіпсіздігі»;

- «Құндылықтарды қалыптастырудағы отбасы мен мектептің рөлі»;

- «Мектептегі тәртіпсіздіктің алдын алу» және нақты мектеп немесе оқушылардың жас тобына қатысты басқа да мәселелер.

Іс-шараның форматы пленарлық отырыстарды, секциялық талқылауларды, шеберлік сыныптарын, дөңгелек үстелдерді, ашық диалогтарды қамтуы мүмкін.

Ынтымақтастықтың бұл түрі мектеп пен ата-ана арасындағы серіктестікті нығайтуға көмектеседі, ересектердің педагогикалық құзыреттілігін кеңейтеді, сенім деңгейін арттырады және балалардың дамуы мен әлауқатының мүдделері үшін өзара әрекеттестіктің тиімді моделін құруға мүмкіндік береді.

Ата-аналар клубтары ата-аналармен жұмыстың қызықты түрі болып табылады. Ата-аналар клубтары – бұл мүдделер қауымдастығы. Клуб отырыстары тек қана ынталы адамдардың кездесуі емес; олар бірлескен қарым-қатынастың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, олар адамның болашақ іс-әрекетіне, оның мәдениеті мен мінез-құлқының қалыптасуына әсер етеді.

Ата-аналар клубтары – мектеп пен ата-ананың ынтымақтастығының бір түрі, мұнда ересектер бірігіп, өздерінің педагогикалық-психологиялық сауаттылығын арттырып, бала тәрбиесіндегі тәжірибелерімен алмасып, балалардың оқу-тәрбие мәселелерін бірлесіп шешеді. Олар мұғалімдер мен әр жастағы білім алушылардың ата-аналары арасындағы еркін қарым-қатынастың бейресми, қолдаушы кеңістігі, балаларды тәрбиелеу процесінде сенім, өзара түсіністікті, бірлікті, ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететін тиімді формалардың бір түрі болып табылады [30].

Ата-аналар клубының мақсаттары әртүрлі болуы мүмкін және мүшелердің қажеттіліктері мен мүдделеріне байланысты болуы және келесі аспектілерді қамтуы мүмкін:

- ата-аналар клубы ата-аналарға тәжірибе және ақпарат алмасу алаңын ұсынады. Бұл тәрбие әдістерін, балалар кездесетін проблемаларды талқылауды және пайдалы ақпаратпен бөлісуді қамтуы мүмкін;

- ата-аналарға балаларды тәрбиелеуге байланысты мәселелерді шешуге көмектесетін, бір-бірімен бала тәрбиесі мәселелері бойынша қарым-қатынас жасауды қолдайтын қолайлы орта құру;

- ата-аналар мен білім беру ұйымының өзара әрекеттесуін жеңілдету. Ата-аналар клубы отбасы мен мұғалімдер арасындағы байланыс көпірі қызметін атқара алады;

- тақырыптық кездесулер, семинарлар немесе мерекелер сияқты балалардың білім беру тәжірибесін жақсартуға бағытталған іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру;

- білім беру ұйымы үшін де, ата-аналар үшін де пайдалы болуы мүмкін үй-жайларды жөндеу, мектеп ауласын абаттандыру және т.б. бірлескен жобаларға қатысу;

- балалар мен ата-аналар арасындағы, сондай-ақ ата-аналардың өздері арасындағы қарым-қатынас пен байланысты нығайтуға ықпал ету;

- балаларды тәрбиелеу, оқыту және қолдаудың заманауи әдістерімен таныстыру, ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру;

- баланың дамуы үшін мектеп пен отбасы арасында ынтымақтастық, сенім және өзара жауапкершілік атмосферасын құру;

- табысты тәжірибелермен бөлісу, басқа отбасылармен қарым-қатынаста қолдау және шабыт табу мүмкіндігін жасау;

- балалардың эмоционалды және психикалық саулығын қолдау, бейімделу, күйзеліс, мектептегі мотивация және басқа да қиындықтардың шешімін бірлесіп іздеу;

- білім алушылардың отбасыларымен тиімді ынтымақтастық орнату үшін әртүрлі бірлескен іс-шаралар, акциялар, жобалар және волонтерлік іс-шаралар ұйымдастыру және оларға ата-аналарды және олардың балаларын қатыстыру;

- ашық қарым-қатынас кеңістігін құру, мектеп қауымдастығын қолдау және нығайту үшін позитивті ата-аналар қауымдастығын құру [31].

Мектеп пен отбасы арасындағы сенімге, өзара түсіністікке және баланың дамуы үшін ортақ жауапкершілікке негізделген серіктестікті қалыптастыру, ата-аналар арасында тәжірибе алмасуға жағдай жасау, әркім өз бақылауларымен, практикалық кеңестерімен бөлісіп, оқу мәселелерін шешуде қолдау көрсету ата-аналар клубының негізгі мақсаты болып табылады, бұл мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға жағдай жасайды.

Клуб жұмысының отырысы барысында келесі мәселелер қаралуы мүмкін: «Баланы рухани-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеудегі және оны отбасы тарихымен таныстырудағы ананың рөлі», «Рухани-адамгершілік мәдениет отбасы ішілік қарым-қатынас құралы ретінде»; «Отбасында балаларды патриоттыққа тәрбиелеу үшін отбасылық дәстүрлерді пайдалану»; «Оқытудың заманауи әдістері»; «Отбасы – Қазақстанның болашақ азаматы мен патриотын

тәрбиелеудің негізі ретінде»; «Балаларды отбасы тарихымен және дәстүрімен таныстыруда ата-аналардың құзыреттілігін арттыру»; «Сүйіспеншілік арқылы тәрбиелеу» жанұясының адамгершілік басымдықтары; «Балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу үдерісіндегі тәсілдегі мектеп пен ата-ананың бірлігі»; «Рухани құндылықтарды тәрбиелеу» отансүйгіштік, отбасы, үлкенге құрмет, жақынға деген қамқорлық құндылықтарының өзара тығыз байланысын көрсетеді.

✓ *Ата-аналардың желілік қоғамдастықтары* – сандық платформалар мен интернет-технологияларды пайдалануға негізделген мектеп пен ата-ананың өзара әрекеттестігінің заманауи түрі болып табылады. Мұндай қауымдастықтар тиімді ынтымақтастыққа, ата-аналардың оқу-тәрбие үдерісіне қатысуын арттыруға, мектеп пен отбасы арасында бірыңғай ақпараттық-коммуникациялық кеңістік құруға мүмкіндік береді.

Интернеттегі ата-аналар қауымдастығы – бұл интернет-платформалар негізінде жұмыс істейтін ата-аналардың (сонымен қатар мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің) бірлестіктері: жедел хабаршылар (WhatsApp, Telegram), әлеуметтік желілер (VKontakte, Facebook) және басқа да цифрлық қызметтер.

Желідегі ата-аналар қауымдастығын құрудың мақсаттары:

- ата-аналарды мектеп өмірі, сабақ кестесі, оқиғалар мен өзгерістер туралы жедел хабардар ету;

- «**Менің отбасымның басты құндылығы**» – әр ата-ана шағын постер/бейнеролик жасап, ортада таныстырады.

- **«Құндылықтар ағашы» жаттығуы** – ата-аналар топпен бірге мектеп пен отбасының ортақ құндылықтарын бейнелейді.

Осы практикалық жұмыстардың әрқайсысы ата-аналарды дәстүрлі тыңдаушы емес, **әрекет етуші, серіктес, мектеп мәдениетін қалыптастырушы** ретінде тартуға мүмкіндік береді.

Тренинг жоспарының үлгісі

Тақырыбы: Ата-аналар жұмысын трансформациялау: серіктестіктен ынтымақтастыққа.

Мақсаты:

Ата-аналардың мектеппен қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтеру;

Құндылыққа негізделген тәрбие процесіне ата-аналарды белсенді тарту;

Қарым-қатынас мәдениетін, диалог орнату дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

Ата-аналардың баламен және мектеппен байланыс орнатудағы рөлін талдау.

Жаңа заман ата-анасының рөлдік моделін көрсету.

Бірлескен практикалық тапсырмалар арқылы ата-аналарды серіктестікке тарту.

Форматы: тренинг-практикум (интерактивті әдістер: миға шабуыл, топтық жұмыс, рөлдік ойын, постер қорғау).

Ұзақтығы: 1,5–2 сағат

Қатысушылар: ата-аналар, сынып жетекшілер, мектеп әкімшілігі

БАРЫСЫ

1-бөлім. Кіріспе (10 мин)

Алғы сөз: мектеп әкімшілігі немесе модератор.

«Ата-ана бейнесі» шағын бейнеролик

Мүзжарғыш ойыны: «Мен ата-ана ретінде...» – әр ата-ана бір сөзбен өз рөлін сипаттайды (қолдаушы, қорғаушы, дос, бағыт беруші, т.б.).

2-бөлім. Тақырыпты ашу (20 мин)

Мини-дәріс: «Ата-аналық жұмыстың трансформациясы: дәстүрден жаңашылдыққа».

Дәстүрлі модель: ата-ана – тыңдаушы.

Жаңа модель: ата-ана – серіктес, мектеп мәдениетін қалыптастырушы.

Көрсетілім: «Ата-ананың 5 рөлі» (қамқоршы, бағыт беруші, әріптес, құндылық жеткізуші, қоғам мүшесі).

3-бөлім. Практикалық блок (60 мин)

Кейс-талдау (15 мин)

Жағдаят: «Бала гаджеттен бас алмайды, оқу үлгерімі төмендеді».

Топтарға бөлініп, шешу жолдарын ұсынады (ата-ана рөлі, мектеп қолдауы, отбасылық ереже).

Әр топ өз шешімін ортада қорғайды.

«Құндылықтар ағашы» жаттығуы (20 мин)

Үлкен ватманға ағаш суреті салынады.

Тамырына – отбасы құндылықтарын, діңіне – мектеп құндылықтарын, жапырағына – бала бойында қалыптасатын құндылықтарды жазады.

Қорғау: әр топ өз ағашын түсіндіреді.

Рөлдік ойын «Диалог терезесі» (15 мин)

Бір ата-ана «қатты талап қоятын» рөлде, екіншісі «тыңдамайтын бала» рөлінде ойнайды.

Қалғандары тыңдап, кері байланыс береді: қай жерде қателік жіберді, қалай тиімді қарым-қатынас орнатуға болады.

«Менің ұсынысым» постер қорғау (10 мин)

Әр топ мектеппен серіктестікті арттыру үшін ата-аналарға қандай жаңа формат қажет екенін ұсынады (мысалы: «цифрлық клуб», «ата-аналар подкасты», «отбасылық шеберлік сағаты»).

4-бөлім. Қорытынды (15 мин)

«**Бір сөзбен әсерім**» шеңбері: ата-аналар бүгінгі жұмыстан алған әсерін айтады.

Модератор: трансформацияның мәні – мектеп пен ата-ананың серіктестігі, құндылықтарға негізделген бірлескен әрекет.

Үй тапсырмасы: «Мен баламмен серіктестігімді қалай өзгертемін?» атты шағын эссе немесе жоспар жазу.

Қолданылатын құралдар мен әдістер

Ватман, түрлі-түсті маркерлер, стикерлер

Интерактивті тақта немесе презентация

Бейнеролик (тақырыпқа сай)

Топтық жұмыс әдістері

Диагностикалық және өзін-өзі тану элементтері

«Ата-аналық стилді анықтау» сауалнамасы – ата-ана өз баласына қарым-қатынас стилін (авторитарлы, демократиялық, либералды) анықтап, нәтижесін талдайды.

SWOT-талдау «Мен ата-ана ретінде» – өз күшті жақтарын, әлсіз тұстарын, мүмкіндіктерін және қауіптерін жазады.

2. Шығармашылық форматтар

«Менің баламның бір күні» комикс/коллаж жасау – ата-аналар баланың бір күнін суретпен бейнелейді, қай жерде қолдау қажет екенін көреді.

«Арман қалташығы» жаттығуы – ата-аналар конвертке 3 арманын (баласына қатысты) жазады, оны кейін мектеппен серіктестікте жүзеге асыру жоспары талқыланады.

3. Цифрлық құралдарды пайдалану

«Бала тәрбиесі: мифтер мен шындықтар» тақырыбында Mentimeter / Kahoot арқылы онлайн викторина

«Ата-ана кеңесі» қабырғасы – ата-аналар онлайн жазба қалдырып, бір-бірімен тәжірибе бөліседі.

4. Отбасылық кейстік жағдаяттар

«Бала ақша сұрайды, бірақ не үшін қажет екенін айтпайды» – шешу жолдарын талдау.

«Бала интернеттен көрген нәрсені қайталап, қате қылық жасады» – ата-ана реакциясын модельдеу.

«Бала үй тапсырмасын орындаудан бас тартады» – ата-ана мен мұғалімнің бірлескен әрекетін қарастыру.

5. Рефлексия және құндылық жұмыстары

«Құндылық матрицасы» – кесте толтыру: Отбасылық құндылық – Мектеп құндылығы – Баланың бойына сіңетін нәтиже.

«Екі жұлдыз, бір тілек» кері байланысы – ата-аналар бір-біріне екі жағымды пікір, бір ұсыныс айтады.

6. Отбасылық тәжірибе алмасу

«Ата-аналар тәжірибесі жәрмеңкесі» – әр ата-ана бала тәрбиесіне қатысты 1 пайдалы әдісін ортаға салады.

«Отбасылық кітап» бастама – әр отбасы тәрбиелік мәні бар бір кітапты ұсынып, қысқаша таныстырады.

Яғни, трансформация тек тренинг формасында ғана емес, шығармашылық, цифрлық, құндылықтық және тәжірибе алмасу форматтарымен жүзеге асса, ата-аналарға әлдеқайда қызықты болады.

Ата-аналармен жұмыстың күнтізбелік жоспарының үлгісі

Қыркүйек	Сауалнама: «Отбасылық құндылықтар» Диагностика: «Ата-аналық стильді анықтау» Ашық жиналыс: «Мектеп пен ата-ананың серіктестігі» Мұзжарғыш жаттығу: «Мен ата-ана ретінде...»
Қазан	Тренинг: «Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі» Кейс-талдау: «Бала үй тапсырмасын орындаудан бас тартты» «Құндылықтар ағашы» жаттығуы Отбасылық фотокөрме «Менің отбасым – менің мақтанышым»
Қараша	Дөңгелек үстел: «Жасөспірімдермен тиімді қарым-қатынас» Онлайн викторина (Kahoot): «Тәрбиедегі мифтер мен шындықтар» «Арман қалташығы» жаттығуы «Ашық микрофон» кездесу – ата-аналардың ұсыныстары
Желтоқсан	Ата-аналар тәжірибесі жәрмеңкесі: «Менің тәрбиелік

	лайфхаким» Отбасылық кітап жобасы: «Біз ұсынатын 1 кітап» Рөлдік ойын: «Қиын бала – қиын ата-ана» Жаңа жылдық мектеп мерекесіне ата-аналарды тарту
Қаңтар	Психологиялық тренинг: «Қарым-қатынас мәдениеті» SWOT-талдау: «Мен ата-ана ретінде» Отбасылық әңгімелер жинағы: «Менің балалық шағым» Онлайн кеңес: «Цифрлық дәуірдегі ата-ана»
Ақпан	Ата-аналар дебаты: «Қазіргі заманда қатаңдық қажет пе?» Жоба: «Ата-ана – бала – мектеп» (бірлескен әлеуметтік іс) Кейс: «Бала интернеттен көргенін қайталап, қате қылық жасады» Тақырыптық дәріс: «Жасөспірім кезеңіндегі қиындықтар»
Наурыз	Мектеп мерекесі «Наурызға ата-аналар тарту» Отбасылық шеберлік сағаты: «Менің кәсібім – менің мақтанышым» Жаттығу: «Диалог терезесі» (ата-ана – бала сөйлесуі) «Құндылық матрицасы» – отбасы, мектеп, бала құндылықтарын байланыстыру
Сәуір	Тренинг: «Отбасылық қарым-қатынастағы сенім» Кейс: «Бала ақша сұрайды, себебін айтпайды» Онлайн клуб: «Пайдалы кеңес апталығы» «Отбасылық шежіре» жобасы Көрме: «Ата-ана – мектеп серіктестігі»
Мамыр	Кері байланыс Эссе/бейне: «Менің ата-ана ретіндегі жетістігім» Жылдық қорытынды форум: «Мектеп пен ата-ананың ынтымақтастығы» Жылдық талдау: ата-аналар сауалнамасы Ең белсенді ата-аналарды марапаттау Кері байланыс: «Келесі жылға ұсынысым» Қорытынды серіктестік жобаны жариялау

Практикалық жұмыстар жинағы

№	Практикалық жұмыс түрі	Мақсаты	Өткізу әдісі	Қажетті құралдар	Күтілетін нәтиже
1	Диагностикалық сауалнама: «Мен ата-ана	Ата-аналардың қазіргі рөлін, көзқарасын	Сауалнама, пікірталас	Бланк, онлайн-форма (Google	Ата-аналардың қазіргі қажеттіліктері мен мәселелері

	ретінде...»	анықтау		Form)	айқындалады
2	Кейс-ситуация: «Қиын бала, қиын ата-ана»	Ата-аналарға бала тәрбиесінде дұрыс шешім қабылдау жолдарын үйрету	Топтық талдау, шешім ұсыну	Кейс мәтіндері	Ынтымақтастық та шешім қабылдау дағдылары қалыптасады
3	Тренинг: «Заманауи ата-ана бейнесі»	Ата-ананың жаңа рөлін түсіндіру, трансформациялау	Шағын топтық жұмыс, пікірталас, «Миға шабуыл»	Флипчарт, стикер, маркер	Ата-ана өз міндетін жаңаша пайымдайды
4	Шеберлік сағаты: «Бала мен ата-ана арасындағы сенім көпірі»	Жанұялық қарым-қатынасты жақсарту	Жұптық жұмыс, рөлдік ойындар	Карточкалар, бейнеролик	Ата-аналар балаға сенім білдіру жолдарын меңгереді
5	Дөңгелек үстел: «Ата-ана және мектеп серіктестігі»	Мектеп пен ата-ана арасындағы байланыс моделін құру	Әңгіме, пікір алмасу	Модератор сұрақтары, презентация	Ортақ шешімдер мен ынтымақтастық бағыттары анықталады
6	Портфолио жобасы: «Менің отбасым – менің құндылығым»	Бала тәрбиесінде отбасының құндылығын арттыру	Үй тапсырмасы, отбасылық фото-эссе	Фото, видео, отбасы тарихы	Отбасылық құндылықтарды дәріптеу дағдылары дамиды
7	Рөлдік ойын: «Ата-ана кеңесі»	Ата-аналардың басқару процесіне араласуын үйрету	Комитет моделі, талқылау	Сценарий, ережелер	Жауапкершілік пен шешім қабылдау машығы дамиды
8	Интерактивті лекция: «Цифрлық дәуірдегі ата-ана»	Цифрлық сауаттылықты арттыру	Презентация, талдау	Слайдтар, бейнематериал	Ата-ана интернет мәдениеті мен қауіпсіздігін меңгереді
9	Психологиялық жаттығу:	Эмпатияны дамыту,	Жеке ойлану,	Жаттығу парағы	Ата-ананың балаға деген

	«Мен – баламның көзқарасымен»	баланың сезімін түсіну	ортақ талқылау		көзқарасы өзгереді
10	Қорытынды форум: «Жаңа форматтағы ата-ана»	Жүргізілген жұмыстарды қорыту	Топтық презентациялар	Постер, презентация	Ата-аналардың трансформацияланған бейнесі айқындалады

№1 практикалық жұмыс

Тақырыбы: Диагностикалық сауалнама «Мен ата-ана ретінде...»

Мақсаты: Ата-аналардың қазіргі көзқарасын, бала тәрбиесіне деген ұстанымын, мектеппен қарым-қатынасын анықтау.

Өткізу формасы: Сауалнама, пікірталас

Сценарий қадамдары:

1. Кіріспе сөз (5 мин.)

«Құрметті ата-аналар, бүгін біз сіздердің бала тәрбиесіндегі көзқарастарыңызды, қазіргі рөлдеріңізді анықтау үшін шағын сауалнама жүргіземіз. Бұл бізге алдағы жұмысымызды дұрыс жоспарлауға көмектеседі».

2. Сауалнама жүргізу (10–15 мин.)

Сұрақ үлгілері:

1. Балаңызбен күніне қанша уақыт сөйлесесіз?
2. Балаңыздың мектеп өміріне қаншалықты араласасыз?
3. Сіз үшін «заманауи ата-ана» дегенді қалай түсінесіз?
4. Қай жағдайда мектеппен байланыс орнатасыз?
5. Баланы тәрбиелеуде ең үлкен қиындық не деп ойлайсыз?

(Сауалнаманы қағазға немесе Google Form арқылы толтыруға болады)

3. Нәтижені талдау (10 мин.)

Ата-аналарға өз ойларын ортақ топта айтуға мүмкіндік беріледі.

Жүргізуші жиі қайталанған жауаптарды атап өтеді.

4. Пікірталас (10 мин.)

Сұрақ: *«Ата-ананың рөлі қалай өзгеріп жатыр? Бұрынғыдан айырмашылығы неде?»*

Топпен ашық талқылау.

5. Қорытынды (5 мин.)

Жүргізуші ата-аналардың пікірлерін жинақтап, ата-аналар жұмысын трансформациялануының қажеттілігін атап өтеді.

Тапсырма: *«Мен – заманауи ата-ана»* тақырыбында шағын эссе жазу.

Қажетті құралдар:

Қағаз бен қалам / Google Form

Флипчарт, маркер

Стикерлер

Күтілетін нәтиже:

Ата-аналар өздерінің қазіргі рөлін бағамдайды;

Мектеп әкімшілігі ата-аналардың сұраныстары мен қиындықтарын айқындайды;

Жаңа форматтағы ата-аналық жұмыстың бағыты нақтыланады.

№ 2 практикалық жұмыс

Тақырыбы: Кейс-ситуация «Қиын бала, қиын ата-ана»

Мақсаты: Ата-аналарды мектеп өмірінде кездесетін қиын жағдайларды бірге талқылауға тарту;

Қиын ата-аналармен және балалармен қарым-қатынас тәсілдерін меңгерту;

Жаңа көзқарас арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.

Формасы: Топтық жұмыс, кейс-талдау

Сценарий қадамдары:

Кіріспе сөз (5 мин.)

Жүргізуші ата-аналарға бүгінгі жұмыстың мақсатын түсіндіреді:

«Құрметті ата-аналар, мектеп өмірінде біз кейде қиын жағдайларға тап боламыз. Оны дұрыс шешу үшін әрқайсымыздың пікіріміз маңызды. Бүгін сіздермен нақты кейс-ситуацияны талдап, ортақ шешім табамыз».

2. Кейс ұсыну (5 мин.)

Жағдаят:

7-сынып оқушысы сабақта жиі тәртіп бұзады, мұғалімге қарсы сөйлейді. Сынып жетекшісі ата-анасын мектепке шақырса, ата-анасы:– «Мұғалімдер тым қатал, балаларға еркіндік керек», – деп кінәні мектепке артады. Сыныптағы балалар бұл оқушыдан үлгі алып, тәртіпсіздік көбейіп барады.

3. Топтық талдау (15 мин.)

Ата-аналар 3 топқа бөлінеді. Әр топқа тапсырма:

1-топ: «Бұл жағдайда мұғалім қандай қадам жасауы керек?»

2-топ: «Бұл ата-анамен қарым-қатынасты қалай құруға болады?»

3-топ: «Баланы дұрыс бағытқа қалай бұруға болады?»

Әр топ постерге өз шешімін жазады.

4. Шешімдерді ұсыну (10 мин.)

Әр топтан бір спикер шығып, өздерінің шешімін қорғайды. Жүргізуші ортақ ойларды флипчартқа жазып, жинақтайды.

5. Пікірталас және қорытынды (10 мин.)

Жүргізуші сұрақ қояды:

Мұндай жағдайды болдырмау үшін «ата-ана – мектеп – бала» үштігінің өзара қарым-қатынасы қалай болуы тиіс?

Ата-аналардың пікірлер талданады.

Қорытынды:

Қиын ата-анамен жеке әңгімелесу маңызды;

Баланың тәртібі – ата-ана мен мектептің біріккен жұмысының нәтижесі;
Әр конфликтін агрессиясыз, диалог арқылы шешу керек.

Қажетті құралдар:

Флипчарт, маркерлер

Стикерлер

Кейс мәтіні (қағазға басылған)

Күтілетін нәтиже:

Ата-аналар күрделі жағдайларды шешудің бірнеше жолын үйренеді;

Қарым-қатынаста диалог пен сенімге негізделген тәсілдерді қолдануды түсінеді;

«Ата-ана – мектеп – бала» үштігінің өзара байланысы нығаяды.

№ 3-практикалық жұмыс

Тақырыбы: Ата-ана мен бала арасындағы цифрлық мәдениет

Мақсаты:

Балалардың интернетті, гаджеттерді қолдануындағы қауіп-қатерлерді талқылау;

Ата-аналардың цифрлық сауаттылығын арттыру;

Бала мен ата-ананың цифрлық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Формасы: Топтық жұмыс, пікірталас, жаттығу

Сценарий барысы:

1. Кіріспе сөз (5 мин.)

Жүргізуші ата-аналарға сұрақ қояды:

- Сіздің балаңыз күніне қанша уақыт телефон немесе компьютер қолданады?

- Сіз оны қалай бақылайсыз?

Кейбір ата-аналардың пікірлері тыңдалады.

2. Миға шабуыл (5 мин.)

Тақтаға сұрақ жазылады

Интернеттің балаға пайдасы мен зияны қандай?

Ата-аналар кезекпен өз ойларын айтады. Жүргізуші жазып отырады.

3. Кейс-ситуация (10 мин.)

Жағдаят:

9-сынып оқушысы түнде онлайн-ойын ойнап, таңертең сабаққа шаршап келеді. Үй тапсырмасын орындамайды. Ата-анасы бірнеше рет ескерту жасағанымен, баласы құлақ аспайды.

Тапсырма

Ата-аналар топтарға бөлініп сұрақтарға жауап береді:

Бұл жағдайды шешудің дұрыс жолы қандай?

Балаға тыйым салу тиімді ме, әлде келісім жасау керек пе?

««Цифрлық мәдениет» ережесін қалай енгізуге болады?

4. Практикалық жаттығу (10 мин.)

Әр топ өз отбасына арналған «Цифрлық мәдениет» үлгісін құрастырады:

Телефон қолдану уақыты: ...

Үй тапсырмасынан кейін ...

Ата-ана мен бала бірге қарайтын пайдалы сайттар: ...

Тыңдауға болмайтын контент: ...

Әр топ өз ережесін таныстырады.

5. Пікірталас және қорытынды (10 мин.)

Жүргізуші ата-аналарға сұрақ қояды:

Цифрлық әлемде баланы қорғау үшін ата-ана қандай рөл атқаруы тиіс?

Қорытынды:

Гаджет қолдану уақытына шектеу қажет;

Ата-ана баланың цифрлық өміріне серік болуы тиіс;

Үйде ортақ «Цифрлық мәдениет» ережесі болғаны дұрыс.

Қажетті құралдар:

Флипчарт, маркерлер

Стикерлер

«Цифрлық мәдениет» үлгісі жазылған қағаз

Күтілетін нәтиже:

Ата-аналар цифрлық қауіптерді біледі;

Баламен келісім арқылы тәртіп орнатудың тиімділігін түсінеді;

Үйде ортақ «Цифрлық мәдениет» ережесі қалыптасады.

№ 4-практикалық жұмыс

Тақырыбы: «Ата-ана мен мектеп арасындағы серіктестік»

Мақсаты:

Ата-аналардың мектеппен ынтымақтастығының маңызын түсіндіру;

Бірлескен іс-шараларды ұйымдастырудың тиімді жолдарын қарастыру;

«Ата-ана – мектеп – бала» үштігі серіктестік мәдениетін дамыту.

Формасы: Топтық жұмыс, рөлдік ойын, пікірталас

Сценарий қадамдары

1. Кіріспе (5 мин.)

Жүргізуші сұрақ қояды:

Сіз үшін мектеп пен отбасының серіктестігі нені білдіреді?»

Ата-аналардың ой-пікірлері тыңдалады.

2. Миға шабуыл (5 мин.) Тақтаға «Серіктестік деген не?» сөзі жазылады.

Ата-аналар ассоциация әдісімен сөздерді атайды (мысалы: қолдау, бірлік, түсіністік, жауапкершілік, ынтымақ).

3. Рөлдік ойын (10 мин.)

Жағдаят:

Мектепте оқушылардың үлгерімі төмендегені байқалады. Мұғалім ата-аналарды шақырып, бірлесіп шешім қабылдауды ұсынады.

Рөлдер:

Мұғалім

Ата-ана

Мектеп әкімшілігі өкілі
Оқушы (қосымша рөл ретінде)
Әр топ өз рөлін ойнап шығады.

Талқылау сұрақтары:

Бір-бірін тыңдай алды ма?

Шешім ортақ болды ма?

Кім қандай үлес қосты?

4. Топтық жұмыс (10 мин.)

Әр топқа тапсырма: Мектеп пен ата-ананың серіктестігін нығайту үшін 5 нақты ұсыныс жазыңыз.

Мысалы:

Ата-аналар клубын құру;

Ай сайынғы пікірталас алаңы;

Бірлескен спорттық жарыстар;

Кәсіп иелерін шақырып, мамандық таныстыру;

Ата-аналардан кері байланыс алу.

Топтар өз ұсыныстарын таныстырады.

5. Қорытынды пікірталас (10 мин.)

Жүргізуші қорытынды сұрақ қояды:

Ата-ана мен мектептің серіктестігі балаға қандай пайда әкеледі?

Қорытынды:

Серіктестік – баланың дамуына қолайлы орта қалыптастырады;

Мектеп пен ата-ана өзара сенімге сүйенгенде ғана нәтижелі тәрбие болады;

Бала өзін қолдаушы екі күшті сезінеді.

Қажетті құралдар:

Флипчарт, маркерлер

Стикерлер

Рөлдік ойынға арналған нұсқаулық

Күтілетін нәтиже:

Ата-аналар серіктестіктің мәнін түсінеді;

Бірлескен әрекет үлгілері жасалады;

Мектеп пен ата-ананың өзара байланысы нығаяды.

№5-практикалық жұмыс

Тақырыбы: Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалды байланыс

Мақсаты:

Ата-аналардың эмоционалды қолдаудың бала дамуындағы маңызын түсінуі;

Баламен жылы қарым-қатынас орнатудың тиімді әдістерін меңгеру;

Үйде позитивті эмоционалды ахуал қалыптастыруға ықпал ету.

Формасы: Тренинг, жаттығу, рефлексия

Сценарий қадамдары

1. Кіріспе жаттығу «Жылы сөз» (5 мин.)

Әр ата-ана көршісіне бір жылы сөз айтады. Мақсаты – эмоционалды ахуалды жақсарту.

2. Мини-дәріс «Эмоцияның рөлі» (5 мин.) Жүргізуші қысқаша түсіндіреді:

Баланың эмоционалды интеллекті ата-ананың қарым-қатынасына байланысты дамиды;

«Жылы сөз – бала үшін мотивацияның бастауы»;

Сын айтқанда емес, қолдағанда бала өзін жақсы сезінеді.

3. Кейс-ситуация (10 мин.)

Жағдаят:

5-сынып оқушысы үй тапсырмасын орындамай келеді. Әкесі оған қатты ренжіп, ұрсады. Анасы үндемейді. Бала жылап, өз бөлмесіне кетіп қалады.

Сұрақтар:

Ата-ананың әрекеті дұрыс па?

Бұл жағдайда баланың эмоциясы қандай болды?

Қалай дұрыс әрекет етуге болады?

Ата-аналар топтарға бөлініп талқылайды.

4. Практикалық жаттығу «Менің баламды мақтау» (10 мин.)

Әр ата-ана қағазға баласының жақсы қасиеттерін жазады (ең кемінде 5). Сосын әр ата-ана баласының орнында отырғандай, сол мақтау сөзді дауыстап оқиды.

Мақсаты – ата-ананың позитивті көзқарасын қалыптастыру.

5. Жаттығу «Эмоциялық күнделік» (10 мин.)

Жүргізуші үлгі көрсетеді:

Бүгін мен баламды ... үшін мақтадым.

Ол өзін ... деп сезінді.

Мен өзімді ... деп сезіндім.

Ата-аналар өздерінің бір апталық «эмоциялық күнделік» жоспарын құрастырады.

6. Қорытынды рефлексия (5 мин.)

Жүргізуші ата-аналарға сұрақ қояды:

«Балаңызға бүгін үйге барған соң қандай жылы сөз айтасыз?»

Қорытынды:

Эмоционалды қолдау – тәрбие негізі;

Баланың өзін бағалауы ата-ананың сөзіне тікелей байланысты;

«Жылы сөз – сенімді қарым-қатынастың бастауы».

Қажетті құралдар:

Флипчарт, маркерлер

Ақ парақтар

«Эмоциялық күнделік» үлгісі

Күтілетін нәтиже:

Ата-аналар эмоционалды байланыстың балаға әсерін түсінеді;

Мақтау мен жылы сөздерді практикада қолдана бастайды;

Үйде эмоционалды ахуал жақсарады.

№6-практикалық жұмыс

Тақырыбы: «Отбасындағы тәрбие стильдері»

Мақсаты:

Отбасындағы тәрбие стильдерінің ерекшеліктерін түсіндіру;

Әр стильдің бала тұлғасына әсерін талдау;

Ата-аналардың өз отбасындағы тәрбие стилін анықтап, тиімді тәсілдерді меңгеруі.

Формасы: Мини-дәріс, топтық жұмыс, өзін-өзі талдау

Сценарий қадамдары

1. Кіріспе (5 мин.)

Жүргізуші сұрақ қояды:

«Сіз балаңызды қалай тәрбиелейсіз: талап қоясыз ба, әлде еркіндік бересіз бе?»

Ата-аналардың қысқаша жауаптары тыңдалады.

2. Мини-дәріс (5 мин.)

Жүргізуші тәрбие стильдері туралы қысқаша түсіндіреді:

Авторитарлық стиль – қатаң талап, бақылау, жазалау.

Либералдық стиль – еркіндік, бақылаудың аздығы.

Демократиялық стиль – талап пен қолдаудың үйлесуі.

Индифферентті стиль – бейжайлық, тәрбиеде енжарлық.

3. Кейс-ситуация (10 мин.)

Жағдаят:

Бірінші ата-ана: «Мен балаға қатаң талап қоямын, сонда ғана тәртіп болады».

Екінші ата-ана: «Мен балама еркіндік беремін, өзі шешім қабылдасын».

Үшінші ата-ана: «Мен балаға талап қоя отырып, оның пікірін ескеремін».

Тапсырма: Әр топ осы стильдердің артықшылықтары мен кемшіліктерін жазады.

4. Өзін-өзі талдау жаттығуы (10 мин.)

Ата-аналарға анкеталық сұрақтар беріледі:

Мен жиі «Сен міндеттісің...» деп айтамын ба?

Балама еркін таңдау жасауға мүмкіндік беремін бе?

Бала қателессе, оны жазалаймын ба, әлде түсіндіремін бе?

Менің отбасымда қай стиль басым?

Жауаптар бойынша ата-аналар өз стилін анықтайды.

5. Топтық жұмыс «Үздік стиль» (10 мин.)

Әр топ «Тиімді тәрбие стилі қандай болуы тиіс?» тақырыбында постер дайындайды.

Түйінді идеялар: сенім, қолдау, талап, ашық әңгіме, махаббат.

6. Қорытынды рефлексия (5 мин.)

Жүргізуші қорытындылайды:

Авторитарлық стиль – тәртіп береді, бірақ балада қорқыныш тудырады.
Либералдық стиль – еркіндік береді, бірақ жауапкершілік төмендейді.
Демократиялық стиль – ең тиімді, өйткені ол баланы жауапкершілікке, дербестікке және сенімге тәрбиелейді.

Сұрақ:

Балаңызды тәрбиелеуде қандай өзгеріс енгізгіңіз келеді?

Қажетті құралдар:

Анкета-парақтар

Флипчарт, маркерлер

Стикерлер

Күтілетін нәтиже:

Ата-аналар тәрбие стильдерінің ерекшелігін біледі;

Өз отбасындағы тәрбие стилін талдайды;

Тиімді (демократиялық) стильді тәжірибеде қолдануға ниеттенеді.

№7-практикалық жұмыс

Тақырыбы: Ата-ананың жауапкершілігі және құқықтық мәдениеті

Мақсаты:

Ата-ананың бала тәрбиесіндегі құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;

Құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңызын ашу;

Оқушыларды өз отбасындағы тәрбие мен ата-ана рөліне сын көзбен қарауға үйрету.

Міндеттері:

Қазақстан республикасының «Білім туралы» және «Неке және отбасы туралы» заңдарынан үзінділерді талдау.

Ата-ананың бала алдындағы негізгі жауапкершілігін анықтау.

Құқықтық мәдениет ұғымын ашу және оны өмірлік жағдайлармен байланыстыру.

Практикалық тапсырмалар арқылы жауапкершілік дағдыларын дамыту.

Теориялық бөлім

Ата-ананың міндеттері: баланы тәрбиелеу, білім алуына жағдай жасау, денсаулығын қорғау, адамгершілікке баулу.

Ата-ананың құқықтары: баланың оқуын, дамуын қадағалау, мектеп өміріне араласу, пікір айту.

Құқықтық мәдениет: заңдарды білу, сақтай білу, құқықтық нормаларды құрметтеу, отбасындағы құқықтық қатынастарды орнату.

Практикалық бөлім

1-тапсырма. Жағдаяттық талдау

Ержан сабақтан жиі қашып кетеді, ата-анасы мектеппен байланысқа шықпайды. Мұндай жағдайда ата-ананың қандай жауапкершілігі бар?

Топта талқылап, ата-ананың заң алдындағы міндетін түсіндіреді.

2-тапсырма

«Ата-ананың құқықтары мен міндеттері» кестесі

Қос бағанды толтыру: «Құқығы бар» / «Міндетті».

3-тапсырма

«Құқықтық мәдениет» постері

Топпен бірге «Құқықтық мәдениетті ата-ана – қандай?» тақырыбында постер жасау.

Қорытынды

Бала тәрбиесінде ата-ананың құқықтық сауаттылығы – қоғамның тұрақты дамуының кепілі.

Жауапкершігі мол ата-ана өз баласына құқықтық мәдениеттің үлгісін көрсетеді.

Бағалау критерийлері

Теориялық сұрақтарға жауап беру деңгейі

Жағдаяттарды дұрыс талдау

Практикалық тапсырмаларды орындау сапасы


Топтық жұмысқа белсенді қатысуы.

**Білім беру ұйымдарындағы «Ата-аналардың педагогикалық қолдау»
орталықтарының жұмыстары бойынша педагогтердің іс-тәжірибелері**

*Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы «Мағжан Жұмабаев атындағы
гимназиясы» КММ мұғалімі Кордабаева Айнур Атаковнаның тәжірибесінен*

Білім беру ұйымының атауы	Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы «Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясы»КММ		
Өткізу форматы	тренинг семинар		
Қатысушылар	Ата-аналар		
Қатысушы саны	ата-аналар		
Педагогтің аты-жөні:	Кордабаева Айнур Атаковна		
Тақырыбы:	«Ата-ана мен мектеп серіктестігі: Ұрпаққа үлгі, ұлтқа тірек»		
Мақсаты	✓ Ата-аналарды баланы ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің маңыздылығына бағыттау. ✓ Мектеп пен ата-ана арасындағы өзара байланыс пен сенімді нығайту. ✓ Жасанды интеллект және заманауи технологияларды тәрбиеде қолдану мүмкіндіктерімен таныстыру		
Құндылық	бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік		
Өткізу барысы			
Тренинг кезеңі\ уақыты	Педагогтің әрекеті	Ата-ана әрекеті	Ресурстар
Танысу (10 мин.)	«Менің балам – менің мақтанышым» Әр ата-ана өз баласының бойындағы бір жақсы қасиетті атап, оны қандай құндылықпен байланыстыратынын айтады. Қысқа бейнеролик: «Баланың табысты болуындағы ата-ана рөлі» «Эмоция картасы» әдісі – ата-аналар смайлик	Өз баласының жақсы қасиетін айтады,құндылықпен байланыстырады. Бейнероликтен алған әсерімен бөліседі. .	Презентация, бейнеролик, смайлик карталары https://www.youtube.com/watch?v=Ph4V60tlf4o

	таңдап, тренингтен не күтетінін көрсетеді.		
Топтық жұмыс (15 мин.) Тренинг-жаттығу (15 мин.) ЖИ мүмкіндіктері мен кемшіліктері (6 мин.)	Тақырып: «Менің баламның болашағы қандай?»(Әр топқа ватман, түрлі-түсті қағаз, маркерлер беріледі.) Әр топ болашақта баласының қандай құндылықтарға ие болғанын қалайды, сурет немесе символ арқылы бейнелейді. «Болашақтан хат» – топтар 10 жылдан кейін баласының өздеріне жазған қысқа алғыс хатын құрастырады. «Құндылықтар баспалдағы» Еденге 5 баспалдақ сызылады, әрқайсысына құндылықтар жазылады.(тәуелсіздік, бірлік, әділдік, еңбекқорлық, отаншылдық). Әр ата-ана өзіне маңызды құндылыққа тұрады. Мысал арқылы: «Жасанды интеллект қазір адамның жұмысын жеңілдетіп отыр. Бірақ	Ата-аналар бала болашағына қажет 5 басты қасиетті жазып, сурет немесе символмен бейнелейді. Әр топ берілген тақырып бойынша ойларымен бөліседі., алғыс хат жазады. Ата-аналар кезекпен шығып, қай құндылықты бірінші кезекте балаға беру маңызды деп санайтынын айтып, сол баспалдаққа тұрады. Пікір алмасу:«Неліктен осыны таңдадыңыз? Пікірлерімен бөліседі, ЖИ-дің артық-кем тұстарын атайды.	ватман, түрлі-түсті қағаз, маркерлер 



	бала тәрбиесінде тәуелсіз ойлау, әділдік және жауапкершілік сияқты құндылықтарды тек ата-ана бере алады». Талқылау сұрағы: «Егер ЖИ бала тәрбиесін өз мойнына алса, қандай құндылықтарды бере алмай қалар еді?» Құндылықтармен байланыстыру	Тәуелсіздік → Баланы ЖИ-ге толық тәуелді етпей, өз бетімен ойлануға үйрету. Ықтимал жауап: Отаншылдық → ЖИ-ді қолдана отырып, ұлттық дәстүрлерді сақтаудың маңызын көрсету. Бірлік және ынтымақ → ЖИ – көмекші, ал ата-ана – серіктес. Әділдік және жауапкершілік → ЖИ ақпарат береді, бірақ дұрыс таңдау мен әділ бағалау – ата-анада. Еңбекқорлық және кәсібилік → ЖИ-ді үй тапсырмасын көшіруге емес, жаңа білімді меңгеруге пайдалануға үйрету	
Қорытынды және рефлексия (10 мин.) Фото-айна сәті:	«Жүрек – Қол – Бас» ❤ Жүрек – балаға дарытқым келетін басты құндылық. 👉 Қол – отбасы ішінде қолданатын бір іс-әрекет. 🧠 Ми – бүгінгі тренингтен түйген ойым. «Мен бақытты ата-анамын» тақырыбында ортақ сурет	Өз ойларын жазады, тілектерін ағашқа жабыстырады, қорытынды пікірін айтады. Фото суретке креативті түсіп, баласына тілек жазу	«Жүрек – Қол – Ми» 

Абай облысы, Жарма ауданы, Ушбиік ауылы «Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Шатанова Токжан Адылбековна, Абдыханова Ардақ Алибековнаның тәжірибесінен

фестивальдің тақырыбы	«Отбасы. Мектеп. Бала: үштігі – жетістік формуласы» фестивалі
мақсаты	Мақсаты: ата-аналар, ұстаздар және балалар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, тәрбиенің маңыздылығын ұғыну және жетістікке бірге жету жолдарындағы шеберліктерімен бөлісу
Күтілетін нәтиже	Ата-ана мен ұстаздың қолдауы - баланың жетістікке жету жолындағы алғашқы қадам
Түрі	Дөңгелек үстел
Көрнекілігі	Интербелсенді тақта, кітап көрмесі, жазушы портреті
Дөңгелек үстелдің барысы	
Кіріспе бөлім	
<u>Әсем әуен ойнап тұрады. Келген қонақтардың қолына күн, кітап, қайың ағашының суреттері беріледі. Оқушылар ұлы Абайдың жыр шумақтарымен және қарасөздерімен қарсы алады.</u> Өмірбек Айару: - Білімді адам ашпай көріп, айтпай сезеді Білімсіз надан нені көріп, нені сезеді. Жақсының өзі өлсе де сөзі өлмейді Жаман адам ашпаса көрмейді, айтпаса сезбейді, - деп Ақтайлақ би атамыз айтқандай бүгінгі ұрпақ нағыз көзі ашық, білімді бақытты ұрпақпыз. Біз Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда туып өстік. Көк туымыз желбіреп, қазақ елі өркендеп өсіп келеді. Терең білім алып, нағыз азамат болып, қалыптасу жолында жан-жақты ізденудеміз 2-оқушы Нұрмұмамед -Дұрыс айтасың «Сенде –бір кірпіш дүниеге Кетігін тап та, бар қалаң-деп Ұлы Абай атамыз айтқандай «Жамандықтан жирену Жақсылықтан үйрену біз үшін үлкен міндет емес пе?! 3-оқушы: Ақнұр Әуелде бір суық мұз ақыл зерек, Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек. Тоқтаулылық, қалыпты, шыдамдылық, Бұл – қайраттан шығады, білсең керек Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.	

Ақыл, қайрат, жылы жүректі бірдей ұста сонда ғана боласың толық адам деді
Ұлы Абай. Достар, толық адам болу оңай емес.

4- оқушы. Алмас

Әрине толық адам болу оңай емес, Абай атамыз айтқандай біз бес нәрсеге асық
боп, бес нәрседен қашық болсақ, жақсы адам боламыз емес пе?!

5-оқушы. Ерланқызы Айару

Қане еске түсірейікші
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.

Міне осылайша, Абай атамыз жақсылық пен жамандықты ажыратып берген,
Достар, бәлкім біз өзімізді лайықты ұстап, жауапкершілікті болсақ, уақытты
тиімді пайдалануға тырыссақ қазақ еліміздің ертеңі жарқын боларына кәміл
сенемін.

6-оқушы Алмас: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді һәм күшті

болуымыз керек, білімді болуға оқу керек, күшті болуға бірлік керек. Осы
керектердің жолында жұмыс істеу керек», - депті Ахмет Байтұрсынов. Кез
келген бір танымал адамның өмір жолына қарасаңыздар олар жастайынан
білім ғылымға шығармашылыққа немесе спортқа бейім болған
жанқұмарлығы болған. Жан құмарлығын тән құмарлығынан артық қойып,
оны өмірдің соңына дейін жұмыс жасатқан. Өз еліне немесе әлемге осылайша
атын қалдырған.

7-оқушы: Асылжан

Әлем ұлы деп таныған тұлғалардың барлығы ұлы тұлға болып, кеше тумаған.
Өз жолында көп ізденіп, ұлы тұлға атанып, өшпес ізін қалдырған. Ұлы адам
болып тұмайды ешкім. Еске сақта достарым. Толық адам жолында қалыптастыр
өзіңді. Қалыптасу тұлғалықтың қадамы - ыстық қайрат, жылы жүрек, нұрлы
ақылды қатар ұстау керек қой.

8 - оқушы Нүрдәулет

Ия, Асылжан
Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.
Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.

Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса?
Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң
Қайда барып оңайын?!

8-оқушы. Архат Айша Құрметті достар! Міне, білім жолында дана тұлғаларымыздың өсиеттерінен түйеріміз мол екен. Бүгінгі білімді ұрпақ ретінде біз өзімізді дамыту жолында талмай еңбек етуіміз керек. Ақыл, қайрат, жылы жүректі тең ұстанып, бес асыл қасиетке асығып, бес жаман әдеттен аулақ болу – біздің басты міндетіміз. Солай емес пе?!

1. Абай Құнанбаев ролінде Аманғазы аға шығады. Өз жолымды қалыптастырдым. Бүгінгі ұрпаққа өмірде көргенімді ойға түйгенімді өлеңім мен қарасөздерім арқылы қалдырдым. **«Жүрегімнің түбіне терең бойла» өлеңін оқиды**
2. Ляззат апай **«Әсемпаз болма әрнеге»** өлеңін оқиды.

Ән: «Көзімнің қарасы» (Шулы аспаптармен орындалады)



Архат Айша: Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұрпағымыз! Олай болса, бүгінгі семинарымызға қош келдіңіздер!

Негізгі бөлім

Жүргізуші: Абайдың даналығы әке мен ана тәрбиесімен тығыз байланысты. Әке балаға еңбек пен жауапкершілікті, ал ана мейірімділік пен сүйіспеншілікті үйретеді. Сонымен қатар, Абай нұрлы ақылды өмірдің негізі деп біледі. Бұл құндылықтар әке мен ананың тәрбиесінде де көрініс табады. Бүгінгі біздің семинарымыздың тақырыбы Әке мен ана мектебінің жұмысы **«Отбасы. Мектеп. Бала: үштігі – жетістік формуласы»**

Көрме: Оқушылардың жетістігі. Әр оқушы өзінің жобаларын, жеткен жетістіктерін айтады.

Жүргізуші: «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» деген ұлы Абайдың осы сөзінде терең мән жатыр. Ақыл – адамға Алланың берген үлкен сыйы. Оны дұрыс бағытта қолдана білген жан ғана өмірде биік белестерді бағындырады екен. Біздің оқушыларымыздың бағындырған тағы бір белесімен видеоролик арқылы танысып өтейік. **(Видео қойылады)**

Жүргізуші: Бала отбасында әкеден ақыл, анадан мейірім алады. «Дәулет есіктен, ақыл бесіктен кіреді» демекші білім бесігі мектептен, тәрбие бесігі отбасынан бастау алады. Ұлы ақын Абай Құнанбаев «Балаға мінез үш адамнан жұғады, біріншіден ата-анасынан, екіншіден- ұстазынан, үшіншіден – құрбы-достарынан» дейді. **Ляззат апай ұлы ақынның осы сөзіне қандай ой қосар**

едіңіз?

- Ұстаз ретінде бала бойындағы табиғи дарынды анықтау, оны дамыту үшін қандай әдістерді қолданасыз, Алтын Қанағатқызы?

1-сөз: Баланың бойындағы ізгі қасиеттер ата-ананың үлгісімен қалыптасады. (Пирамиданың ең бірінші бөлігіне жабыстырады)

- Ардақ Алибековна, жақсы ұстаз болу үшін ұстазға қандай қасиеттер қажет деп ойлайсыз?

2-сөз: Ата-ананың ақылы — қазұлы қара жолмен тең.

- Ортамызда жас педагог Зарина Берікқызы отыр. Былтырғы оқу жылында оқушыңыз Зерде зерттеу шығармашылық жобалар байқауының республикалық кезеңінде 3-дәрежелі дипломмен марапатталған еді. Түрлі додаларға оқушыны дайындау барысында Оқушыға шабыт беретін қандай кеңестер айтасыз? Оқушыға шабыт беретін қандай кеңестер айтасыз?

3-сөз:

Шабыттың ең үлкен көзі – әке мен ананың баласына деген сенімі мен қолдауы

Сұрақ Алтын мұғалімге: "Ақылды, ғылымды сақтайтұғын бір күш бар, ол – мінез" деп айтылғандай, оқушылардың табандылығы мен жауапкершілігін дамытуда сіз қандай әдістер қолданасыз? Мінез қалыптастыруда ұстаздың рөлі қандай деп ойлайсыз?

- Енді осы орайды ата-аналарға ойысқым келіп тұр. Құрметті ата-аналар, балаңыздың жан-жақты дамуына қандай жағдайлар аса маңызды деп ойлайсыз?

Жауап: Балаға дұрыс тәрбие мен білім беру арқылы оның жан-жақты дамуына жағдай жасау керек. Жақсы қасиеттерді, адалдықты, еңбекқорлықты және жауапкершілікті тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлемін. Сонымен қатар, оған өз пікірін білдіруге және қателіктерінен үйренуге мүмкіндік беру өте маңызды.

1-сөз: Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім — мектептің жүрегі. (Пирамиданың екінші бөлігіне осы сөздерді ата-аналар жабыстырады)

- Оразбай аға, Қызыңыз Гүлназдың қоржынында Абай атамыздың 45 қарасөзі, 3 поэмасы, 180 өлеңі бар. Абай шығармашылығына деген қызығушылығы неден бастау алды.

2-сөз: Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім — мектептің жүрегі.

- Махаббат ханым, Асылжанның қоржынында Абай Құнанбаевтың, Ілияс Жансүгіровтың, шәкәрім Құдайбердіұлының Ақтайлақ бидің өлеңдері бар. Бұл ерекше дарын деп білемін. Бұл қабілетті ашуда кімнің ықпалы болды?
- Аманғазы аға, бұлақ көрсең көзін аш деген қазақта ұлы сөз бар. Білім мен тәрбиеде осы сөздің маңызы қандай?

3-сөз: Ақылды ұстаз – тек білім берген емес, жүрегімен тәрбиелеген адам

- Келесі сұрағым педагог ата-ана Гүлім Бақытбекқызы өзіңізге. Былтырғы оқу жылында қызыңыз табанды еңбегінің арқасында Айқанат мектебінің грантын ұтып алған еді. Бүгінде білімін сол жақта жалғастырып жатыр. Педагог ата-ана ретінде сізге қояр сұрағым: бала дамуында Мектеп пен ұстаздың рөлі қандай?

- Сұрақ оқушыға: Ұстаздарыңның, ата-аналарыңның ой пікірін тыңдадыңыздар. Қандай ой түйдіңіздер?

(Оқушылар пирамиданың үшінші бөлігіне мектеп, ұстаз, оқушы суретін жабыстырады)

- Жүргізуші: Ата-аналар мен мұғалімдердің қолдауы, оқушылардың күш-жігері мен өз-өзін жетілдіруге деген ұмтылысы — барлығы бірге жақсы нәтижелерге әкеледі. Біз бірлесіп, толық адам болу жолында жетістікке жетеміз. . Бүгінгі күш те, қуат та – білімде. Білімді адам ғана бәрін жеңбек.

Қорытынды бөлім

Құрметті қонақтар, Абайдың “Толық адам” ілімінің 3 мәнін жылы жүрек, ыстық қайрат, нұрлы ақылды қолдарыңыздағы суретпен сипаттап көрсеніздер:

1. Кітап (Ақыл)

Кітап білім мен даналықтың символы. Ақылды адам кітап сияқты. Ішінде терең ой мен ақпарат бар.

2. Қайың ағашы (Қайрат)

Қайың желге майысса да, сынбайды. Сол сияқты, қайратты адам өмірдің қиындықтарына төтеп береді, табандылық танытады. Қайратсыз адам кез келген қиындыққа мойып, мақсатына жете алмайды.

3. Күн (Жүрек)

Күн жылу мен жарық сыйлайды, жүректі адам да айналасына мейірімін төгеді. Күн болмаса, табиғат қурайды, жүрексіз адам қатігез, сезімсіз болады. *(Келген қонақтар пирамиданың бір бұрышына кері байланыс бере отыра жабыстырып шығады)*

Қорытынды: Адамның ақылы кітап сияқты. Ондағы білім ешқашан сарқылмақ емес. Қайраты қайың ағашындай мықты болуы керек, ал жүрегі күн сияқты жылулық пен мейірім шашуы қажет. Осы үшеуі үйлескенде ғана адам “Толық адам” бола алады.

Толық адам болу — әрбіріміздің қолымызда. Ата-аналар мен мұғалімдердің қолдауы, оқушылардың күш-жігері мен өз-өзін жетілдіруге деген ұмтылысы — барлығы бірге жақсы нәтижелерге әкеледі. Біз бірлесіп, толық адам болу



жолында жетістікке жетеміз.

Баршаңызға сәттілік, үйлесімділік және бақыт тілеймін!

*Абай облысы, Жарма ауданы «Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» КММ
математика пәнінің мұғалімдері Канапьянова Асель Тураровна Төлеубекова
Жаухар Даулетханқызының тәжірибесінен*

Шағармашылық байқау тақырыбы	«Жастық қайрат – елдің болашағы»
Шағармашылық байқау мақсаты	Ауылдың аға-жеңгелерінің басын қосу, бірлігін нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және жастардың рухын көтеру. Аға-жеңгелерді мектепке тартып, олардың өмірлік тәжірибесі мен даналығын жастарға жеткізу. - Жастарға адамгершілік және патриоттық тәрбие беру;
Күтілетін нәтиже Танымдық және тәрбиелік бағыт:	Абайдың «Толық адам іліміндегі» «Ыстық қайрат» ұғымын талқылау. Жастардың еңбекқорлығын, білімге деген ынтасын арттыру. Спорттық жетістіктерді дәріптеу: Көкпаршылар мен атбегілердің тәжірибесін бөлісу. Ұлттық өнерімізді жаңғырту
Түрі	Шығармашылық байқау
Көрнекілігі	Жас аға-жеңгелер портреті, киіз үй безендіруімен
Шағармашылық байқау барысы	
Кіріспе бөлім	
Киіз үй ішінде Әлия, Асель, Гүлден, Қымбат дастархан жасап жүр. Айдын, Елшібек Роллан ішінде домбырамен отырады.	
Негізгі бөлім	
Киіз үй сыртында Бұлбұл, Гүлден, Балаусаның әңгімесі: Бұлбұл: Қыздар, Құрманғазы аға мен Нағима апайдың үйіне барайық, Шәмісханды қарсы алу болады ғой. Балауса: иә, әлемдік додада Қазақстанның туын желбіретіп, әнұранын асқақтатып, кеудемізді қуанышқа толтырды, соған лайық чемпионымызды қарсы алайық. Гүлден: иә, тездетейік қыздар, көмегіміз қажет шығар. Алия: Қош келдіңдер, қыздар, келгендерің жақсы болды қазір жолаушыларымыз да келіп қалар, дастарханымызды жайнатып жіберейік. Әлижан: Сүйінші! Сүйінші! Шәмісхан ағам ауылға келді.	

Бұлбұл: оооо, тақылдаған Кенжетай, саңқылдаған дауысың сүйіншілеп елге жақсы хабар айтудан босамасын. Міне, сүйіншің!

Наркенже «Алаш» әні қосылады. Нұржан, Шәмісхан, Өмірбек, Азамат, Ерсін келеді.

Асель:

Шашу! Шашу! Ақ ниетпен шашайық,

Жеңіс тойын ән мен жырға бастайық!

Спорттағы дара шыққан батырым,

Қуанышпен қарсы алайық, халайық!

(шашу шашылады)

Осы кезде Жаухар:

– Шамысхан, жарыстан аман-есен оралғаның құтты болсын! Сенің ел намысын қорғап, абыроймен қайтқаның – біз үшін үлкен қуаныш. Жеңісің құтты болып, бағын ары қарай да еселене берсін!

Балауса: Қадірменді қонақтар, бәріңіз де төрге шығып, дастарханнан дәм алыңыздар! Жеңісті бірге атап өту – ырыс пен қуаныштың белгісі. Бүгінгі дәм – тек ас емес, шын жүректен жасалған құрмет. Келіңіздер, жайғасыңыздар!

Әлия: Шынымды айтсам, сіздерге қарап көңілім толып отыр. Бүгін қайнымды ауылымыздың тумасы, мектебіміздің түлегі, бүгінде Қаратөбе ауылдық округінің әкімі Нұржан бауырым, жас та болса ауылымызға бас боп отырған ауылымыздың әкімі, іскер басшы, халқымыздың ертеңін ойлап дамуына үлес қосып жүрген Өмірбек Какенұлы төрге шығыңыздар.

Шәмісханды сонау Семей шаһарынан тосып алған сіздерге алғысым шексіз. Қайда жүрсеңіздер де аман болыңыздар!

Гүлден: осы бір жақсы отырысты әдемі әнмен бастайық,

«Беу айдай»

Қалам алып қолыма жазамын хат,

Өзім арзан болсам да, сөзім

қымбат, беу, айдай.

Бекер қарап отырған жараспайды,

Қара өлеңмен айтайын аз насихат,
беу, айдай.

Былтырғы мен биылдай,

Қолда жоқтың қиын-ай.

Ұстараның жүзіндей

Аударылған дүние-ай.

Жүруші едік той тойлай,

Торғын белбеу бір байлай.

Әдейі іздеп келгенде,

Сөйлесейік ыңғайлай.



Хат жазамын қолыма қалам алып,
Сенің берер жауабың маған анық, беу, айдай.
Сыбайласым кім болар деп жүргенде,
Бәйге атындай тұрыпсың тағаланып, беу, айдай.

Былырғы мен биылдай,
Қолда жоқтың қиын-ай.
Ұстараның жүзіндей
Аударылған дүние-ай.
Жүруші едік той тойлай,
Торғын белбеу бір байлай.
Әдейі іздеп келгенде,
Сөйлесейік ыңғайлай.

Өмірбек:

-Шәмісхан, осы дода қалай болды?

Шәмісхан: дода туралы айтып береді

Өмірбек:

–Еліміздің көк байрағын әлем сахнасында желбіретіп, әнұранымызды асқақтатып, туған жеріміздің мерейін үстем еткенің үшін, саған лайықты көрімдігім бар, – деп қолын алады. Ер жігіттің қанаты – жүйрік тұлпар. Жеті қазынаның бірі, нағыз азаматтың серігі. Осы жеңісіңнің құрметіне саған тұлпар сыйлаймын! – деп, арқасынан қағады.

Нұржан:

-Жігіттер астан ала отырыңыздар. Әлия жеңгеміз – қазақтың дархан дастарқанының шынайы жанашыры. Ол ұлттық тағамдардың дәмін елдің түкпір-түкпіріне жеткізіп, таза еттен әзірленген шұжықтарымен жұртты сүйсіндіріп келеді. Табиғи өнімнің қадірін білетін жан, адал еңбегімен елге сапалы ас ұсынып, қазақтың асханасын дәріптеуде. Сонымен қатар, жүрек жылуымен, ерекше ықыласпен әзірлейтін тәтті торттары да талай жанның көңілінен шығып, дастарқан сәніне айналуға. Әлия жеңгеміздің қолынан шыққан әр тағам – ұлттық мұраның жанданған бір бөлшегі. Әлия жеңгеміз іскерлігімен танылып, аудандық кәсіпкер әйелдер форумына қатысып, еңбегі еленді. Оның ұлттық тағамдарды дәріптеп, халыққа сапалы өнім ұсынудағы қажырлы еңбегі аудан басшылығының назарынан тыс қалмай, әкімнің алғыс хатына ие болды. Сондай-ақ, Семей телеарнасының журналистері арнайы ауылға келіп, жеңгеміздің іскерлігі мен ауыл өмірінің тыныс-тіршілігі туралы сұхбат жүргізіп, репортаж әзірледі. Бұл түсірілім – ауылдың берекелі тұрмысын, қазақы дәстүр мен кәсіпкерліктің ұштасқан көрінісін көрерменге паш ететін тағылымды дүние болды.

Азамат: Иә, бұл рас. Өткен жолы чемпионатқа қатысқанда, жеңгеміздің дәмді тағамдарын жолға ала шықтық. Сол дәм бізге күш-қуат берді.

Қанжығамыз майланып қайттық.

Айдын: Айтпақшы, мен сол кезде ауылда болмап едім, көкпар туралы

айтып өтші, Азамат.

Көкпаршылар әңгімесі Азамат:

– Көкпар – нағыз жігіттің күш-қайратын сынайтын, білекті де жүректі болуды талап ететін ұлттық ойын. Біздің команда жақында облыстық жарыста жеңіске жетті!

Осы кезде Өмірбек: Осы жолы өткен ат жарыста біздің Айдынның аты жүлделі болды. Айдын, ат баптаудың қыр-сыры туралы өз ойыңды бөліссең. Бұл – тек тәжірибе мен шеберлікті ғана емес, ерекше сезімталдық пен жан-тәніңмен беріле білуді талап ететін өнер. Жүйріктің бағы жануы бапкердің ықыласы мен еңбегіне тікелей байланысты. Нағыз атбегі тұлпарын жүрегімен түсініп, бабын тапса, бәйгенің алдын бермейтіні сөзсіз.

Айдын:

Ең әуелі, атты дұрыс таңдау маңызды. Жақсы тұқымнан шыққан, аяқ-қолы сымбатты, жүрісі ширақ, көзі отты жылқыдан жүйрік шығады. Бірақ қанша мықты болса да, дұрыс бапталмаса, ол өз мүмкіндігін толық көрсете алмайды.

Жем-шөбіне ерекше көңіл бөлу керек. Бәйгеге қосылатын ат тым семіз де, арық та болмауы тиіс. Артық майы жоқ, бұлшықеті шымыр болғаны жақсы. Арпа, сұлы, бидай сияқты құнарлы жем беріп, шөбін уақытылы ауыстыру керек.

АЗАМАТ: иә, Айдын, күнделікті жаттығу – жүйріктің тынысын ашады.

Атты бірден қатты шабуға салуға болмайды, оны біртіндеп үйрету қажет.

Алдымен жай жүріспен басталып, кейін желіске, содан соң шабысқа көшуі керек. Аттың өкпесін ашу үшін оны ұзақ қашықтыққа салу қажет. Бірақ тым артық жүгіртіп, шаршатып алуға болмайды.

Бәйгеде алдыңғы қатардан көріну – тек жүйріктің ғана емес, бапкердің де еңбегі.

Асель жастар үйі: Жақсы әйел үйдің шырағы, жақсы еркек түздің тұрағы демекші, осы жолы аудандық дизайнерлер сайысында Айдын атбегіміздің жұбайы Гүлден қатысып аудан бойынша 1 орынға ие болды. Біз Балауса екеуіміз Гүлденнің шашбауын көтеріп, ауылымыздың намысын қорғап қайттық.

Гүлден: Шәмісханға арнап өзімнің қолымнан арнайы шапан тіктім, соны жабуға рұқсат етіңіздер.

Айдын шапан жабады

Үсен келеді

Амандасады.

Нұржан

-Үсен бауырым, жағдайың қалай? Ауылға көп келмей кеттің соған қарағанда шығармашылыққа көп көңіл бөліп, қарбаласпен жүрген сияқтысың! Өзінде не жаңалық айта отыр.

Үсен:

- О, жігіттер, қыздар! Өзгермепсіңдер ғой! Ауыл да сол қалпы, бірақ мен үшін бәрі біртүрлі жылы, қымбат болып көрінеді. Осында туған әрбір тас, әрбір көше мені қайтадан бала күнімдегі еркін күндерге жетелеп тұрғандай." Сендердің жиналып жатқандарынды естіп мен де келдім. Құр қол келмей өзімнің соңғы туындыларымды ала келдім. Бұйырса ертең ауылымызда көшпелі көрме ұйымдастырмақшымын.

Басқалары: ооо, бәрекелді, жарайсың!

Роллан: Мына жігіттер біздің ауылдың нағыз еңбекқор азаматтары.

Елшібек пен Ерсін екі шаруа қожалықты дөңгелетіп ата кәсіпті игеріп отыр

Елшібек: Осы жерде отырған екі жігіт те сыныптастарым. Бірі қолкүрестен әлем чемпионы болса, біреуі қолынан өнері тамған суртші. Жігіттер өздеріңмен мақтанамын, марқаямын

Ерсін Шәмсіхан бауырым, сенің жеңіспен оралуың – біз үшін үлкен қуаныш! Сенің табандылығың, еңбегің және жеңіске деген жігерің бәрімізге үлгі. Осы жетістігің – тек бастамасы болсын, алдағы уақытта бұдан да биік белестерді бағындырып, ел мерейін үстем ете бер! Біз сенімен мақтанамыз!

Бұлбұл: Бағанадан бері ауылымыздың дамуына сүбелі үлес қосып жүрген жастарымыздың еңбек жолымен жеткен жетістігімен таныстық. Апырай осындай отырыстарға не жетсін!

Қымбат: Арамызда ауылымыздың жастар орталығының қызметкерлері Асель мен Балауса отыр. Мынадай керемет сәтте ән айтпай, көңіл көтермей қалай тұрамыз? Осындайда думан құрмасак, біз кіміз? Сіздермен бірге ауылдың алты аузы айтайық.

Үшбиік әні айтады

Шәмсіхан: Біз ұлттық өнерімізбен танысып, ұлттық тағамдарымыздан дәм таттық. Ендігі кезекте Ақтайлақ би бабамыздың ұрпағы, асыл сөздің мұрагері, жырдың жүйрігі Роллан ағамызға сөз берейік.

Роллан: Рахмет Шәмсіхан, мен де осы тамаша отырыстың ішінде болғанымға қуаныштымын. Ауыл жастарының осы күнгі тірліктеріне, жеткен жетістіктеріне дән ризамын. Өздеріне арнаған жүрекжарды арнауымды қабыл алыңыздар.

Ақынжанды жігіт Роллан жастарға арнау оқиды

Үшбиік – дархан мекен, нұр қонған,
Жастары бар жұлдыз болып жарқыраған.
Үшбиіктің тағдыр қосқан тарихың,
Текті елден тараған ғой жастары

Тоғыз жолдың торабы бұл қасиет,
Қонағымен кеңес құрған бас иіп.



Келген жанға дастарқанын жайнатқан
Қазақы рухы – салтымыздың мәңгілік!

Ата-баба аманатын ардақтап,
Тарихыңды өрнектендер жарқырап.
Тұлпар мініп, биік шыңға жетіндер
Алға ұмтылып барлығын да жеңіндер!

Спортында – чемпиондар дараланған,
Еңбегінде – қайрат, жігер танылған
Шығармашыл, таланттарға толыпсың
Үшбиігімнің – үміт еткен жастары!

Сурет салып, бояулармен жан бітірген,
Қылқаламмен көркем ғұмыр түрлендірген.
Ағаларың із қалдырған өнермен,
Сол жолменен сендер де алға өрлендер!

Ұлыларың сендердей деп сенгендей,
Өрқашанда мәртебенді тең көргей!
Ауылымның жастарына арналады бір арнау,
Ақыныңнан жүрек жарды бір тілек!

Өнер менен спортта озық ұрпағың,
Шыңға шықсын биік ұстап тұмарын!
Туған жердің мұрасын қастерлеген
Жарқырасын өздеріңдей жастарым!

Үсен: Достар біраз отырыппыз, жақсы естеліктер айтылып, ән тербеп, жыр
сән салтанатымызбен біршама отырып қалыппыз. Енді рұқсат болса
тұрайық, ас қайырайық. Аға бата беріңіз!

Айдын : бата

Бисмиллә деп сөз бастайын,
Ақ ниетпен бата ашайын.
Ақ тілекті қостайын.
Жарқын іске бастайын.

Өнерлісі өрлей берсін,
Шығармасы төрлей берсін.
Сурет салып, жыр жазған,
Шабыттары өрлей берсін!

Батырларың бәйге алсын,
Көкпар тартып мерейін асырсын.

Атбегілер ат баптап,
Жүйріктері топ жарсын!

Спортшыларың күш алсын,
Талай жеңіс бұйырсын!
Чемпиондар шықсын көп,
Ел намысын жықпасын!

Ауыл әкім, ел басы,
Халқым үшін тер төккен.
Әділетпен, ақ ниетпен,
Халық үшін еңбек еткен!

Баршаңызға бақ қонсын,
Жүректерге шаттық қонсын.
Елің аман, жерің бүтін,
Болашағың жарқын болсын!
Әумин!

Барлығы ортаға шығады

Шәмісхан:

Білесіңдер ме, мен соңғы уақытта көп ойландым. Жастық шақ деген не өзі? Оның мәні неде? Меніңше, бұл ең маңызды кезеңдеріміздің бірі. Көп адамдар жастық шақты тек уақыт өткізу, көңіл көтеру деп санайды. Бірақ менің ойымша, бұл бізге үлкен жауапкершілік жүктейтін уақыт. Әсіресе, біздің ауылда.

Нұржан :

Мен де солай ойлаймын. Біз жас болсақ та, ауылға не беретінімізді ойлауымыз керек. Жастық шақ тек қуанышқа толы уақыт емес, ол – күш-жігер мен бойымыздағы ыстық қайрат. Біз қазір күшімізді, қайратымызды, білімімізді, уақытты дұрыс пайдаланбасақ, кейін қиын болады. Өзіме қарап, көп нәрсе жасауым керек екенін сеземін. Әрбір әрекетіміз – біздің болашағымыз үшін маңызды.

Елшібек:

Иә, дұрыс айтасың, күш-жігерімізді, қайратымызды, білімімізді, еңбегімізді дұрыс бағытта жұмсап, болашақта өзіміз үшін ғана емес, ауылымыз үшін де көп нәрсе жасай аламыз. Жастық шақтың ең басты ерекшелігі – бұл кез келген жаңа бастамалар үшін ең дұрыс уақыт.

Үсен:


Осы кезде Абайдың толық адам іліміндегі "Ыстық қайрат" ұғымын ойлаймын. Ол жастардың белсенділігін, арман-мақсатқа жету жолындағы қайсарлығын сипаттайды. Ұлы ақын қоғамға тек ақылды, білімді ғана емес, ерік-жігері мен күш-қайраты бар адам болу қажеттігін көрсетеді.

Барлығы бірге:

Жас кезімізде ыстық қайратпен үлкен істерге қол жеткізейік!

Қорытынды бөлім

Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы «Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» КММ-сі Бастауыш сынып мұғалімдері Рысмағамбетова Альмира Муратпековна мен Сембаева Айжан Кайроллаевнаның тәжірибесінен

Семинар практикум тақырыбы	Ата мен әже- қазақы тәрбиенің бастау бұлағы
Семинар практикум мақсаты мен міндеттері	Абайдың «Толық адам» ілімін талдау, оның ішінде «Жылы жүрек» ұғымының мәнін ашу. Қатысушыларды ізгілікке, мейірімділікке, рухани кемелдікке тәрбиелеу. Рухани мұраны сақтау, ана тіліне деген қамқорлықты күшейту, Топтық жұмыс арқылы ой бөлісу, тәжірибе алмасу. Жастарға адамгершілік тәрбие беру;
Күтілетін нәтиже	Абайдың «Толық адам» ілімін талдау, оның ішінде «жылы жүрек» ұғымының мәнін ашу.
Түрі	Семинар-практикум
Көрнекілігі	Интербелсенді тақта, киіз үй макеті, саба, құрақ көрпелер, сандық
Семинар практикум барысы	
Кіріспе бөлім	
Әжелер: Ассалаумағалейкум әнімен қарсы алу (Шашу шашылады.Қонақтарды жайғастыру)	
	
Негізгі бөлім	
Модератор: Құрметті қатысушылар, бүгінгі семинарға қош келдіңіздер! Ақыл,қайрат, жүректі бірдей ұста Сонда толық боласың елден бөлек – дегендей хақім Абай атамыз толық адам болу үшін үш қасиет қажет: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек. Бүгін біз «жылы жүрек» ұғымын жан-жақты талдап, өмірімізде қалай қолдануға болатынын қарастырамыз. «Жылы жүрек» – тек қана мейірім емес, шынайы жанашырлық пен әділеттілікте. Абай атамыздың адамгершілік туралы терең ойлары әрбіріміз үшін маңызды. Аяулы әжелер, ардақты аталар ! Өмірдің әр кезеңінің өзіндік бағасы бар. Осы	

жасқа келгенше өмірден көп нәрсені көрдіңіздер, білдіңіздер, өмір шындығын түйдіңіздер. Ата - әжелік кезең - көп адамның арманы, мәртебелі шақ.

Бүгін біз ата-әженің қазақы тәрбиедегі рөлін талқылаймыз

Қонақ келсе, кеңейер берекеміз,

Жайнап кетер жүзіміз, мерекеміз.

Қадамыңыз құт болып, бақ әкелсін,

Жайнап өтсін бүгінгі мерекеміз! –дей келе

даналық мектебі клубының мүшесі Тоты апамыз бен Алтын апамызға сөз кезегін берсек.

Әже: Тоты апа

Сыбаға дегеніміз - сыйластық пен құрметтің белгісі. Көбінесе алыстан келген жолаушыға, құда-жекжатқа, нағашы-жиенге немесе басқа да қадірлі кісілерге беріледі. Сыбаға – қазақтың қонақжайлығы мен үлкенге деген құрметінің көрінісі. Ол отбасы мен туыс арасындағы байланыстарды нығайтып, достықты күшейтетін дәстүр

Сыбағаның түрлері: Алтын апа

Құдалар сыбағасы – құдаларға арнап берілетін кәделі ет.

Жігіт сыбағасы – жастарға арналған, көбінесе жамбас немесе омыртқа беріледі.

Жиен сыбағасы – нағашы жұрттан жиенге арнайы сақталған сыйлы ет.

Құрметті қонақ сыбағасы – жасы үлкен немесе қадірлі қонақтарға асып берілетін кәделі мүшелер (бас, жамбас, қазы-қарта).

Сыбаға беру дәстүрі

Ет асылған соң, арнайы шақырылған адамдарға сыбаға бөлініп, тартылады. Егер белгілі бір адам келе алмайтын болса, оның сыбағасын сақтап қояды немесе арнайы жіберіп, аманаттайды.

Сыбаға – қазақтың қонақжайлығы мен үлкенге деген құрметінің көрінісі. Ол отбасы мен туыс арасындағы байланыстарды нығайтып, достықты күшейтетін дәстүр.

(Құрметті қонақтар сіздерге арналған сыбағаларымыз бар.) құрт,кесте



Модератор:

Ісмерлік жәй ғана жұмыс емес, ол ғасырлар қойнауынан сүзіліп, іріктеліп бізге жеткен, біздің тарихи жадымызда жатқан, әрб ір өрнегі, әрбір тігісі, кестесі мен оюы тереңнен сыр шертетін ғажайып туынды. Осыны бүгінгі әжесі немересіне үйретіп кету үшін бір өрнекті немесе таңбаны кестеге қалай үйлестіріп тігуді бойларына сіңіруде. Сіздер де бүгінгі іс шараға ат салысыңыздар.

Модератор:

Ата дәстүрі – ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан асыл қазына. Ата жолын қуған бала – ұлттың болашағы. Даналық мектебінің клубының ата өсиетінің мүшесі, Ата кәсібін үйретуші, ауылымыз шабандоз ер балаларымызды үйретіп

жүрген атамыз Советбек атамызды ортаға шақырып сөз кезегін берейік.

Ата сөзі: Советбек ата

Ата дәстүрді сақтап, оны ұрпаққа аманат етіп қалдыру – біздің міндетіміз. Ата-ананың ақ жолы – ұрпағыңның жарық жолы демекші біздің ата кәсібіміз жылқы малын баптау, өнімдерін игеру.

Жылқы – адамның досы, еліне қызмет етуші жануар, оның терең тарихы мен мәдениетінде орны ерекше. Жылқының жүйрік жүрісі қазақтың жүрегінің қаққан шапшаңдығы мен қайратының бейнесі деп білемін.

Жылқы – қазақ халқының символы, оның еркіндігі мен қайсарлығын бейнесі. Мен өзімнің немерелерім айбатты да, қайсарлы ержүрек болсын деген мақсатпен бүгін ашамайға мінгізуді жөн көріп отырмын.

(Ашамайға мінгізу салтын көрсету)

Ата сөзі: «Ашамайға мінгізу» немесе «Ашамай тойы» деп атаған. Бұл бала үшін де, ата-ана туысқандары үшін де ерекше оқиға, үлкен қуанышқа саналатындықтан ауқаттылар той жасап, ат шаптырып, көкпар тартқызған.

Жас бала есі кіріп 4-5 жасқа келгенде оған бәсіре тай тарту етіледі. Егер балаға арналған бәсіре аты үйретіліп, мінуге жарап тұрса, онда баланы соған мінгізеді. Салтанатты түрде үйретілген бәсіре тайға ашамай ерттелінеді. Кейде бәсіре тай белгілі бір себептерге байланысты мінуге жарамаса, баланың өзімен шамалас жуас, жүрісі жайлы, әрі сыр-сымбаты жарасқан кұнан не дөнен таңдалады. Баланың ашамайға мінгізілуі оның өмірінде тіршіліктің жаңа кезеңі басталғандығын білдіреді. Баланың рәсіміне ауыл адамдары жиналып, бала мінген аттың жал-құйрығына, баланың шапанына және баскиіміне шоқтап үкі тағады. Бұл «үкінің қасиеті - жын-шайтаннан қағады» дегенді білдіреді. Капаны атқа мінгізу құрметі шабандоз, желтақым жігіттерге жүктеледі. Баланы атқа мінгізіп, аяғын ісікішекке сұғып, белін айналдыра жұқа көрпешеммен орап, қолтырмаш ағаштармен денесін ауыртпайтындай ғып тартып тағады.

Осы тұста:

Мықтап тарт ашамайдың қолтырмайын,

Жас бала жол үстінде болдырмасын, - деген өлең түрінде ескертпе бата айтылады. Ат үстіндегі бала алақанын жайып, ауылдың батагөй ақсақалдарынан бата сұрайды. Ондайда ауыл ақсақалдары төмендегідей бата береді:

Ал, ақ тілек, ақ тілек,

Атқа тоқым сал білек,

Атқа да жақсы шаба біл,

Жасыңнан малды баға біл,

Өнеге, өнер таба біл,

Аймағыңа жаға біл,

Атқа міндің, ақжол болсын,

Бата берілген соң, баланың қолына аттың тізгінін, оң қолына қамшы ұстатады, аналар шашу шашып, тілектер айтады. Баланы атқа мінгізген жігіт атты ерттеп, көрші-колаң, ауылды аралатады. Есігінің алдына ашамайға мінгізу рәсімін өткізген бала келген үйдің бәрі шашу шашып, баланың киіміне үкі, шашақ, теңге, моншақ қадайды. Бала шаршады-ау деген кезде үсті-басы әлем-жәлемге, әшекейге

толып ауылға қайтып оралады. Сол күні мал сойылып, ат шаптырылып, той жасалады. Ашамайға баланы мінгізіп, аттың басын жетектеген жігітке, бата берген ақсақалға әке-шешесі сыйлық береді. Бірте-бірте атпен баланың өзі жүреді, бір-екі күннен соң аяғын байламайды, сонымен бір жеті ішінде ашамайды тастап ерге отырады. Байлар ашамайға мінген балаларын көштің алдынан салтанатпен жүргізген.



Модератор:

Қазақ халқы біз дейміз,

Қымыз дейміз, қыз дейміз.

Барлық жақсы дәстүрді

Ата салттан іздейміз - деп осы кәсіпті өрге жүргізіп отырған Раушан апа мен Нұргүл апаларымыздың қымыз жайлы айтары бар.

Әже: Раушан апа

Қымыз – қазақ халқының ең көне және дәстүрлі сусыны. Ол жылқы сүтінен дайындалады және тарихы мыңдаған жылдарға ұласады. Қымызды ежелден-ақ көшпенді қазақ халқы жасай бастаған және бұл сусынның денсаулыққа пайдасы ерекше. Қымызды қазақ халқы ерте заманнан бері ішкен, әрі ол көшпелі өмір салтының бір бөлігі болған. Қымызды ішу рәсімі - қазақтың қонақжайлық салтының ажырамас бөлігі. Қонаққа қымыз ұсыну - ең жоғары құрмет пен сыйластықты білдірудің белгісі.

Қымыз жайлы : Нұргүл апа

Нұргүл апаның қымыз жайлы репортажын көрсету.

Кең тараған дәстүрлі тәсіл бойынша, әуелі қымыздың алғашқы ашытқысын, яғни қымыз қорын, дайындайды. Оны бие сүтіне сүр қазының қабырғасын, сүр жаяның жұлынды сүйемін не малта салып, болмаса ашыған көженің суын қысып бөлек ашытып алады. Содан кейін қымыз ашытатын ыдыстағы (сабадағы, торсықтағы, ағаш күбідегі) осы қорды сарықпай, биенің жылы сүтін саумалдап, жаңғыртып отырады. Жаңа сүт құйған сайын 20-30 минуттей пісіп, жаңа сүт пен қорды мұқият араластырып, ашуын басып отырады. Көп сапыру арқылы қымызға ауа көп сіңіріліп, ашыту барысы өрістейді. Қымыз тәулігінде толық жетіледі. Дәстүрлі қымыз дайындауда қымыз ашытатын ыдысқа үлкен мән беріледі. Қымыз әдетте, арнайы әдіспен соғымға сойылған семіз жылқының терісінен тігіліп, өңделіп, ысталған сабада, торсықта немесе қарағайдан, басқа да ағаштан жасалған күбіде ашытылады.



Модератор:

Ауылымыздың балдай тәтті қымызынан дәм тата отырып, бізден кәде сый ретінде қабыл алыңыздар. Әжемiздiң ертегiсiн тыңдай отырыңыздар.

Модератор:

Қазақтың ата- әжелері тәрбиелеген ұлы тұлғалардың бірі киелі Абай жерінің тумасы, Абай атамyzдың досы, әншісі болған Мұхаметжан атаның тікелей ұрпағы, Абай атамyzдың туыстарының көзін көрген

Сәуле Сапарғалиқызы апамыз балаларға ертегі айтып береді

Ертегі: Бере білген, бөле біледі



Модератор:

Қазақтың тарихында он саусағынан өнері тамған небір ісмер қыз - келіншектер, әжелер өткен. Олардың ең үлкен мектебі «Әжелер мектебі».

Біздің оқушыларымыз ата- әжелерінің жолын қуып құрақ құрау, кесте тігуді үйренуде. Қазақтың атақты компазиторы Шәмші Қалдаяқов атамyzдың өзі қолынан шәй ішіп, батасын алған , даналық мектебі клубының мүшесі Нүрзейін апамыз бен қызы, мектебіміздің түлегі, еңбек пәні мұғалімі , қол өнер үйірмесінің жетекшісі Айнұр Мұқаметқанқызын ортаға шақырсақ.

Нүрзейін апаның сөзі: Қазақ халқының қолөнері ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Соның ішінде құрақ көрпе жасау және қыз жасауын дайындау. Бұл дәстүрлі өнер тек тұрмыстық қажеттілік қана емес, сонымен қатар әсемдік пен ұлттық мәдениеттік көрінісі. Бүгінгі күндерде бұл дәстүрлер жаңғырып, заманауи тұрмысқа сай түрлену үстінде. Мен өз балаларыма және келешек ұрпаққа осы қолөнерді үйретудемін. Біздің мектебімізде менің жолымды қуушы қызым келешек жас ұрпақты осы қолөнерге баулуда. Мына жерден біздің оқушыларымыздың жұмыстарын көре аласыздар. Кесте мен ою тек сәндік элемен ретінде ғана емес, қазақ халқының рухани байлығын, тарихын, мәдениетін насихаттайтын ерекше құрал. Бұл өнер түрлерін қадірлей отырып, біз өзіміздің ұлттық мұрамызды ұрпақтан- ұрпаққа жеткізіп, болашаққа аманат ете аламыз



Модератор: Балаларымыздың үстіндегі ұлттық киімдерін тігіп , анасының жолын дәріптеп жүрген Айнұр Мұхаметқанқызына сөз кезегін берсек Мектебіміздің түлегі, еңбек пәні мұғалімі , қол өнер үйірмесінің жетекшісі Айнұр Мұхаметқанқызының жұмысын көрсету. Оқушылар Айнұр Мұхаметқанқызы тіккен ұлттық киімдерді киіп сән үлгісін көрсету.



Модератор:

Толық адам ілімінде ата әжелеріміз дәріптеп сіздерге көрсеткендей осы құндылықтарды бала бойына сіңіреміз.

Бұл қазаққа арыдан

Сиқырлы саз дарыған.

Әншісі мен күйшісін

Бүкіл ауыл таныған.

Құрманғазы атаң бар,

Динадай асыл апаң бар.

Өрістеткен өнерді- деп біздің оқушыларымызды өнерге, шығармашылыққа баулып жүрген әжелеріміз бен аталарымызды ауылдың алтыауызымен ортаға шақырамыз. **Уғай-ай әні.**

Сәуле Сапарғалиқызының сөзі

Әжелер тобы Абай Құнанбаевтың «Желсіз түнде жарық – ай » әнімен

Модератор:

Бойына тектілікті әже – атаның жырымен, үнімен сіңірген ұрпақтан, қандай қиындықта да беті қайтпайтын, тауы шағылмайтын, жігерлі, ұлағатты азамат шығары анық. Осы орайда көпті көрген атамыздан бата алсақ. (Шаяхмет ата бата алу)



Қорытынды бөлім

Модератор:

Қорытындылай келе толық адам ілімі-адамның өмірдегі ең маңызды құндылықтарды табуға негіз болып табылады. Ата-әже тәрбиесін көрген ұрпақ толық адам болуға, талпынған кезде ғана өмірінде нақты мақсаттарға қол жеткізіп, қоғамда үлкен өзгерістер мен жетістіктерге жетеді.

Модератор:

Жылы жүректі адам-бұл ақылды, парасатты, қайырымды және мейірімді жан. Абай Құнанбайұлының ойынша тек осындай адамдар ғана толық адам бола алады, яғни олар өзін-өзі жетілдіріп өзгеге пайда бола алады-дей келе бүгінгі шарамызды аяқтаймыз.

Астана қаласы әкімдігінің «Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия» ШЖҚ МКК директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, музыка пәнінің мұғалімі «педагог-шебер» Оналбаева Гулнар Беркаевнаның тәжірибесінен

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы

Ата-аналарға арналған тренинг/

Тақырыбы: **«Менің балам- дербес тұлға»**

Мақсаты:

Баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, жағымды қарым-қатынас орнату.

Керекті құралдар: белсенді тақта, слайд, ватман, маркерлер.

Ұйымдастыру кезеңі

Барысы:

- Қайырлы күн ата-аналар! Жақсы көңіл – күйімізді көтеріп, сіздермен бірге «Менің балам –дербес тұлға» тақырыбындағы іс-шарамызға қош келдіңіздер.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие аясындағы мектеп пен отбасының өзара ынтымағы ұрпақтың болашағын қалауға ықпал ететін үйлесімді орта болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Біз өркениетті ел боламыз десек нағыз азамат мектеп қабырғасында қалыптасады» - деп атады.

Ата-ана мен ұстаз арасындағы қарым-қатынастың тиімділігі бала тәрбиесіне нәтижесін берері анық. Олай болса тренингімізді бастайық.

Ұйымдастыру кезеңі:

«Күшіміз бірлікте» ынтымақтасқан командалық тренинг:

(қажетті заттар: А4 парақтар, екі кішкене доп)

Ата-аналар екі командаға тең сан бойынша бөлініп тұрамыз.

Қолдарыңызға берілген ақ парақтарды жалғап, ұзын құбыр жасаймыз. Бұл құбырдың арасын ашылмайтындай, бөлініп қалмайтындай бір-біріне жалғап ұстаймыз. Енді осы екі қатардың басында тұрған кісі осы құбырға кішкене допты салып, оны командасы соңына дейін түсіріп алмай жеткізу керек. Екі қатарда тұрған екі команда бір уақытта бастап, құбырмен допты ақырын жүргізіп өткіземіз.

Түйін:

Ата-аналар сыныпта ынтымақ пен бірлікті, бірлескен істерді жұмыла жасауға, балалардың қарым-қатынасын бірлікте ұстауға, жағымды ахуал мен қолайлы орта қалыптастыруға бейімделу әрекетін құру.


Ата-аналарға арналған тапсырма:

1. Балаларды табысқа жеткізуде *«Болашақ әлемді тәрбиелейміз»* атты миссия

Диагностикалық тест *«Құндылықты дамыту»*

- Мына суретте адам бейнесі суреттелген. Осы суретте сіз балаңызды кәзіргі кезде қай жерде тұр деп ойлайсыз?

- Ал, 5 жылдан соң балаңызды қай жерде көргіңіз келеді?



Сурет: талдағы адам бейнесі

Талдағы адам бейнесіндегі суретке қарап отырып өз ойларыңызды қағаз бетіне санмен көрсетесіздер. Бұл суретте әр түрлі бейнедегі көрініс берілген. Баланың білімге, шығармашылыққа деген талпынысы, алға қарай ұмтылысы, қамқорлық көрсетуі немесе жалқаулығы т.б. Өз балаңызды қалай елестетесіз? (3 минут уақыт беріледі) Тапсырманы орындап болған соң 3-4 ата-анаға өз ойымен бөлісуге ортаға шақыру.

Түйін:

- Баланың қалыптасуына ата-ана мен отбасы және мұғалімнің қолдауы маңызды. Оның білім алуына, қабілетін ашуға, оған бағыт- бағдар беруге, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу басты міндетіміз.

2.«Менің балам – дербес тұлға»



2-сурет «Дербес тұлға»

- Әр отбасы баласына тәлім-тәрбие беруде, баласынан үміт күтіп, сенім артады. Олай болса, өз балаңыздың бойындағы жақсы қасиеттері мен болашағын қалай көргіңіз келеді? Ол үшін алдарыңызда тұрған парақтағы екі кестеге жазып түсірсеңіздер.

Үлгі:

Қасиеттері	Болашағы
- Шыншыл - Мейірімді - Жауапты орындайды 	- Адал азамат - Еңбекқор - Қамқоршы - Кәсіби маман

Түйін:

Басты мақсатымыз — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы, рухани бай және ақыл парасаты мол, ой-өрісі озық азамат тәрбиелеу.

Бұл отбасы мен мектептің қоғам алдындағы борышы екенін түсінеміз.

3. «Мен және менің балам» Ата -аналарға арналған тест

Сұрақтары:

1. Кез-келген уақытта барлық жұмысыңызды тастап, бала тәрбиесімен айналыса аласыз ба?

А) Жасай алам және әрдайым соны жасаймын.

Б) Жасаймын, бірақ керек кезінде ғана жасаймын.

В) Жасай алмаймын

2. Балаңыздың жасына қарай түрлі мәселемен бөлісе аласыз ба?

А) Бөлісе аламын.

Б) Жасаймын, бірақ керек кезінде ғана бөлісемін

В) Бөлісе алмаймын.


3. Балаңыздың қателерін айта аласыз ба?
А) Үнемі айтып отырамын
Б) Қажетті кезде айтамын
В) Айта алмаймын.
4. Өзіңіздің қателегіңіз үшін балаңыздың алдында кешірім сұрайсыз ба?
А) Кешірім сұраймын
Б) Ретіне қарай сұраймын
В) Кешірім сұрамаймын.
5. Балаңыз сізді ашуландырса, өз-өзіңізді ұстай аласыз ба?
А) Өзімді сабырлықпен ұстаймын
Б) өз-өзімді кей кезде ұстаймын
В) Өзімді ұстай алмаймын алмаймын.

Түйін:

5 сұраққа берген жауаптарыңыз арқылы ой елегінен өткізіп, өз балаңызға деген қарым-қатынасыңыздың маңыздылығы мен жеке даралығын ескеріп, болашағына бағыт-бағдар беріп, балаңыздың ойымен санасуға ата-ана ретінде басты назарда ұстану қажет екенін түсінеміз.

4. «Даналық ағашы» тренингі:

Ағаштың суретіне назар аударыңыздар. Осы ағаштың әр бөлігі нені білдіреді деп ойлайсыздар?



5-сурет

Түйін: Осы ағаштың тамыры – ата-ана, діңгегі – мұғалім, жапырағы – бала. Егер тамырдан нәр алып, діңгегі мықты болып, бұтағы жапырағын жайса ағашымыз жемісін береді. Енді мына себеттен алмаларды алып, өз балаларыңызға тілек жазып, ағаштың жемісін іліп, балаларыңыздың қызығын көрейік (музыкалық сүйемелдеу, тілек жазу).

Кері байланыс.

- Бүгінгі күннен алған әсерлеріңіз қандай?
- Өз балаңызды дербес тұлға деп ойлайсыз ба?

Қорытынды:

«Қобдиша» технологиясы

- Бүгінгі сіздермен өткізілген тренинг барысында өздеріңізге ұнаған, қажетті, пайдалы деген тренингтерден алған әсерлеріңіз туралы «+» , «-» белгісімен кестеге түсірулеріңізді сұраймыз.

«Күшіміз бірлікте»: ынтымақтасқан командалық тренинг	«Менің балам- дербес тұлға» қасиеттері мен болашағы	«Мен және менің балам» тест	«Даналық ағашы» тренингі	Эмоциялық көңіл-күй
--	--	+	+	
		+	+	
		+	+	

Соңында:

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – жанұясы. Жанұялық тәрбие ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынастық жүйе. Олай болса, ата-ана осы жүйені ғылым мен өмір ретінде жан-жақты меңгеру қажет. Баланың бойында барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, білім алуына жағдай жасау ата-атаның парызы

ҚОРЫТЫНДЫ

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын сапалы жүзеге асыру аясында білім алушының тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру стратегиясы бүгінгі таңда білім беруде ілгері жетекші мәнге ие. Өйткені білім алушының тұлғалық құндылықтарының құрылымында ерекше мағына бар. Білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, әлеуметтік және жеке құзыреттіліктерін дамыту, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, бұл педагог пен ата-ана үшін ең басты негіз.

Жалпы алғанда, білім беру ұйымдары мен отбасының басты міндеті – тұлғаны, оның әлеуетін, шығармашылық қабілеттерін дамыту, білім берудің сапасын арттырып, тұлғалық құндылықтары дамыған, болашақта бәсекеге қабілетті адал азаматты қалыптастыру. Бұл дәстүрлі дидактикалық және технологиялық қолдаудан, шығармашылық білім беру ортасын құрудан өзге білім мен тәрбие процесін дамытумен тығыз байланысты. Білім алушылардың тұлғалық құндылықтарын зерттеу мәселесі ол әлеуметтік-экономикалық жағдайға, білім беру жүйесіндегі бейімделу, өзін-өзі дамыту, қалыптастыру мәселесіне байланысты түрлі аспектілерде көрініс тауып отырады.

Әлемдік білім беру кеңістігінде баланың жеке басына бет бұру – тәрбие мазмұнын жаңартудың негізгі бағыты. Ол адамның өзін-өзі бағалауы мен әлеуметтік беделінің негізін құруды қарастырады. Дамушы мектептің түлегі өзін-өзі дамытып, дамушы қоғамда өмір сүруге дайын және қоғамды дамыта білуі керек. Бүгінгі таңда ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтап келген жалпыұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарымызды дәріптеп, оны отбасылық дәстүрлерде өскелең ұрпаққа бере отырып, жаңғыртуымыз.

Өйткені ұлт болашағы – ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, ұлттық сананы қалыптастыратын, тілі мен ділін, дінін сақтайтын, дені сау, салауатты, білімді, жан-жақты дамыған тұлғаның қолында.

Сондықтан күнделікті өмірде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын сапалы іске асыру үшін салт-дәстүрлерді сақтап, ұлттық құндылықтарымызды өскелең ұрпақтың бойына сіңіріп, еңбекқор, жауапкершілігі мол, адал, әділетті, заң мен тәртіптің үстемділігін нығайтатын тұлға қалыптастырып, дамытып отыруға міндеттіміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі (<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-bilim-keleshegi-adal-azamat-kasibi-maman-takyrybyndagy-tamyz-konferenciya-synyn-plenarlyk-otyrysynda-soylegen-sozi>)
2. Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – 2007 жылғы 27 шілде №319-III (өзгертулер мен толықтыруларымен).
5. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. – 2011 жылғы 26 желтоқсан №518-IV.
6. «Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы» Заңы. – 2002 жылғы 8 тамыз №345-II.
7. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. – 2004 жылғы 9 шілде №591-II.
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы).
9. Parsons, T. (1951). The Social System. Glencoe: Free Press.
10. Coleman, J. S. (1988). Social Capital in the Creation of Human Capital. American Journal of Sociology, 94.
11. Қалиев, С. (2004). Тәрбие теориясы. – Алматы: Білім.
12. Бейсенбаева, Ә. (2009). Педагогикалық интеграция негізінде оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру. – Алматы.
13. Bronfenbrenner, U. (1979). The Ecology of Human Development: Experiments by Nature and Design. – Cambridge: Harvard University Press.
14. Айтпаева, А. Б. (2016). Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие тұжырымдары. – Астана.
15. Жарықбаев, Қ., Қалиев, С. (1995). Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат.
16. Schein, E. H. (2010). Organizational Culture and Leadership. – San Francisco: Jossey-Bass
17. Deal, T. E., & Peterson, K. D. (2009). Shaping School Culture: Pitfalls,

- Paradoxes, and Promises. – San Francisco: Jossey-Bass.
18. Жадрина, М. Ж. (2017). Мектеп мәдениеті – тәрбие экожүйесінің негізі. // Білім-Образование, №3.
 19. Әбенова, С. С. (2020). Құндылыққа бағытталған мектеп мәдениеті: теориясы мен тәжірибесі. – Нұр-Сұлтан.
 20. A. T. Henderson & K. L. Mapp. A New Wave of Evidence: The Impact of School, Family, and Community Connections on Student Achievement. — Austin, TX: Southwest Educational Development Laboratory, 2002.
 21. Выготский Л. С. Педагогическая психология. Краткий курс. — Москва: Работник просвещения, 1926. 348 с.
 22. Выготский Л. С. Педагогическая психология / ред. В. В. Давыдов. — Москва: Педагогика-Пресс, 1996. 536 с.
 23. Макаренко, А.С. Книга для родителей. Москва: Художественная литература, 1937. — Альтернативное современное издание: Москва: Neoclassic, 2019. ISBN 978-5-17-153479
 24. Epstein, J. L. School, Family, and Community Partnerships: Your Handbook for Action. 4th ed. Thousand Oaks (CA): Corwin, 2018.
 25. Henderson, A., & Mapp, K. A New Wave of Evidence: The Impact of School, Family, and Community Connections on Student Achievement. Austin, TX: Southwest Educational Development Laboratory, 2002.
 26. Ы. Алтынсарин, Таза бұлақ: өлендер, әңгімелер, очерктер, хаттар / Ы. Алтынсарин. – Алматы 2008 -207 б, (Балалар әдебиеті)
 27. Ы. Алтынсарин, Әңгімелер: монография –Алматы 1980
 28. <https://ppms.edu-penza.ru/elektronnaya biblioteka/%D0%9C%D0%B5%D1%>
 29. <https://gimn2volk.by/roditelyam/roditelskie-sobraniya.html>
 30. <https://konroo.ru/markova-rodit-sobr.php>
 31. Ахмадуллина, А. Т. Родительский клуб как форма сотрудничества дошкольной образовательной организации и семьи / А. Т. Ахмадуллина. Текст: непосредственный // Молодой ученый. — 2024. — № 5 (504). — С. 194-197. — URL: <https://moluch.ru/archive/504/111039/>.
 32. <https://scilead.ru/article/2229-sovremennie-formi-sotrudnichestva-pedagogov-i>
 33. <https://s-ba.ru/conf-posts-2020-11/tpost/sp59bpmkv1-formi-vzaimodeystviya-shkoli-s-roditelya>
 34. <https://nsportal.ru/detskiy-sad/raznoe/2020/06/07/debaty-kak-odna-iz-form-raboty-s-roditelyami-interaktivnye-formy>
 35. <https://www.maam.ru/detskij-sad/diskusija-kak-forma-raboty-s-roditeljami.html>
 36. <https://nsportal.ru/detskiy-sad/materialy-dlya-roditeljev/2020/12/08/kvest-igra-netraditsionnaya-forma-vzaimodeystviya>
 37. 2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметін

ұйымдастыру бойынша нұсқаулық. – Алматы: «ӨРКЕН» БӨАҰҒПИ» КеАҚ,
2025. – 225 б.].

ҚОСЫМША

1-қосымша

Ата-аналарға арналған дәрістердің тақырыптар (үлгі)

Баланың даму психологиясы: жас ерекшеліктері мен қажеттіліктері.

Жазасыз оң тәрбие берудің тиімді әдістері.

Балада жауапкершілік пен дербестікті қалай тәрбиелеуге болады?

Балаларда эмоционалды интеллектінің дамуы.

Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру.

Балалардың қыңырлығы мен қақтығыстарымен күресу жолдары.

Сыйластыққа, адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу.

Мектепке бейімделу кезеңінде балаға қолдау көрсету.

Баланың бойында салауатты өмір салтын қалыптастырудағы отбасының рөлі.

Күйзеліс пен қорқынышты жеңуге көмектесу.

Заманауи технологиялардың бала дамуы мен тәрбиесіне әсері.

Балалардың ұсақ моторикасын және сөйлеуін дамыту.

Шығармашылық ойлауға, қызығушылыққа баулу.

Балаға оқуда және емтиханға дайындалуда қалай қолдау көрсету болады?

Жасөспірімдерді тәрбиелеудің ерекшеліктері: еркіндік пен бақылау арасындағы тепе-теңдікті табу.

Бала тәрбиесі мен дамуындағы ойынның рөлі.

Балалардың дұрыс дамуы үшін бос уақытын қалай ұйымдастыруға болады?

Көп балалы отбасы жағдайындағы тәрбие мәселелері.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларға психологиялық қолдау көрсету.

Баланың табысты дамуы үшін ата-ана мен мұғалімнің өзара әрекеттесуі.

Өртүрлі жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктері.

Балалардың қорқыныштары мен үрейлері: себептері мен көмек көрсету әдістері.

Балалар агрессиясы: себептері мен түзету әдістері.

Өзін-өзі бағалауды және өзіне деген сенімділікті қалыптастыру.

Ұялшақтықты жеңу жолдары.

Адамгершілік қасиеттерге, отбасылық құндылықтарға тәрбиелеу.

Еңбекке, оқуға, қаражатқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.

Қарым-қатынас дағдыларын және қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту.

Балаларды жауапкершілікке тәрбиелеу.
Жасөспірімнің кәсіби өзін-өзі анықтауындағы ата-ананың рөлі.
Баланы мектепке дайындау және жаңа ортаға бейімделу.
Суық тию ауруларының және жарақаттанудың алдын алу.
Өзін-өзі күту дағдыларын және мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту.
Үйде және көшеде қауіпсіз мінез-құлық негіздері.
Балалардың дұрыс тамақтануы.
Баланың дамуындағы дене белсенділігінің рөлі.

«Сұрақ-жауап кеші» мектеп пен ата-ана ынтымақтастығының бір түрі
Кешті өткізу форматы бойынша ұсыныстар (үлгі)

1. Сұрақ-жауап кешін өткізетін орынды таңдау, басталу уақытын белгілеу және өткізілу ұзақтығын анықтау.

2. Жүргізушіні тағайындау (мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, сынып жетекшісі немесе шақырылған модератор болуы мүмкін).

3. Қатысушылар: мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, мектеп психологы, әлеуметтік педагог, білім алушылардың ата-аналары, арнайы шақырылған мамандар.

4. Кештің құрылымы:

- жүргізушінің кіріспе сөзі;
- кештің мақсатымен таныстыру;
- қатысушылардан сыйластық қарым-қатынас, сөйлеушіні тыңдау, сөзді бөлмеу ережелерін сақтау туралы ескерту. «Бүгін біз балаларға қамқорлықпен біріктірілген бір командамыз» ұранын ұстану;
- мектептегі ағымдағы оқиғаларға, жоспарларға және өзгерістерге қысқаша шолу (презентация түрінде);
- сұрақ-жауап сессиясы (ауызша және/немесе жазбаша);
- жеке бастамаларды талқылау (мысалы, мерекелерді ұйымдастыру, қауіпсіздік, азық-түлік және т.б.).
- қорытынды сөз және қорытындылау.

4. «Ата-ана ретінде кештен не күтесіз?» тақырыбында жедел сауалнама өткізу (Кіре берісте ата-аналарға 1-2 сұрақ немесе мектептен не күтетінін жасырмай жазуға арналған карталар беріледі.

Көмекшілер карталарды жинайды, білім, тәрбие, тамақтану, тәртіп, қауіпсіздік және т.б. тақырыптар бойынша сұрыптайды.

Ең жиі кездесетін тақырыптарды бөлек жинап, кеште сол сұрақтарға уақыт бөлу).

5. Тақырыптық сұрақтар бөлімі.

Ашық микрофон форматында немесе тақырыптар бойынша шағын пікірталас түрінде өткізуге болады.

1-нұсқа: Панельдік талқылау. Әрбір тақырып 10-15 минутқа арналған жеке блок.

Мұғалімдер мен мамандар жиі қойылатын сұрақтарға қысқаша түсініктеме беріп, одан кейін ата-аналарға сөз беріледі.

Тақырыптар келесідей болуы мүмкін:

- оқу үлгерімі және үй тапсырмасы;
- мектеп тәртібі мен ережелері;
- мектеп асханасының жұмысы;
- сыныптан тыс жұмыстар және қосымша білім бер+у.
- мүмкіндігі шектеулі немесе қиындықтары бар балаларға қолдау көрсету

2-нұсқа: Тақырыптық станциялар. «Станциялар» залдың әртүрлі бұрыштарында орналастырылады (мысалы, пән мұғалімінің үстелі, психолог бұрышы, әкімшілік). Ата-аналар өзіне қажетті мамандарға еркін жақындап, сөйлесе алады.

6. «Бірге шешейік» атты интерактив бөлімінде «Миға шабуыл» форматында баяндамашы мектептегі 1-2 өзекті мәселені айтады (мысалы, ата-ананың іс-шаралардағы белсенділігінің төмендігі).

Ата-аналар шағын топтарға (4–5 адам) бөлініп, шешу жолдарын ұсынуды сұрайды. Соңынан әр топ өз ойларын қысқаша баяндайды.

Мақсаты: ата-ананың пікірі шынымен маңызды екенін және олардың мектеп өміріне әсер ете алатынын көрсету.

7. Қорытындылау және кері байланыс. Жүргізуші барлығына қатысқандары үшін алғысын білдіреді. Қандай сұрақтардың қарастырылғанын хабарлайды.

Кері байланыс формаларын таратады (жиналыс форматын бағалау, болашаққа ұсыныстар).

Қосымша:

Ата-аналарды шай мен печеньемен сыйлаңыз - сенім атмосферасын жасайды.

«Жауапсыз сұрақтар» үшін жабысқақ жазбаларды немесе тақтаны пайдаланыңыз – оларды кейінірек жазбаша түрде қайтаруға болады.

Балалардың не істеп жатқанын көрсету үшін мектеп өмірінің фотосуреттерін/бейнелерін демонстрациялау.

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМАЛАР

Баладағы мазасыздықты танып білеміз

Егер сіз балаңыздың физикалық, эмоционалдық жағдайының, мінез-құлқының жадынамада көрсетілген ерекшеліктерін тапсаңыз, оның мазасыздықты сезінетінін және сіздің көмегіңізге мұқтаж екенін түсінуіңіз керек.

➤ **Физикалық белгілер:**

• іштің, бастың, бұлшықеттің ауырсынуына байланысты жиі шағымдар;

- ұйқының бұзылуы (ұйқысыздық, жаман түс көру);
- жүрек қағысының жиіленуі;
- қатты тершендік;
- діріл, жүйке тиктері
- тәбеттің өзгеруі (тәбеттің ашылуы немесе керісінше төмендеуі).

➤ **Эмоционалды және мінез-құлық белгілері:**

- жоғары ашуланшақтық, жылауықтық;
- зейінді шоғырландыру қиындықтары;
- жаңа жағдайлардан, адамдардан аулақ болу;
- ата-анаға шамадан тыс тәуелділік;
- тұрақты мазасыздық;
- қорқыныштар, фобиялар (қараңғылықтан, жалғыздықтан қорқу);
- өзін-өзі бағалаудың төмендігі;
- үнемі өзі ойлап тапқан идеаларға ұмтылу;
- құрдастарымен қарым-қатынас жасау қиындықтары.

➤ **Жас ерекшеліктері:**

- мектеп жасына дейінгі балаларда қараңғылықтан, ертегі кейіпкерлерінен, жалғыздықтан қорқу жиі кездеседі;
- бастауыш сынып оқушыларында – сәтсіздіктерден, қателіктерден, нашар бағалардан қорқу;
- жасөспірімдерде – әлеуметтік мақұлданбау қорқынышы, өзіне деген сенімсіздік, болашақ үшін алаңдаушылық.

ДҰРЫС РЕАКЦИЯЛАР ЖӘНЕ СЕНІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС БАЛАҒА МАЗАСЫЗДЫҚТЫ ЖЕҢУГЕ ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕДІ

➤ **Баланың сезімдерін қабылдаймыз**

- Баланың қорқынышын, тіпті олар сізге негізсіз болып көрінсе де, құнсыздандырмаймыз. «Бұл бос сөз, сен үлкенсің ғой!» деп айтпаймыз.

- «Мен сенің қорқатыныңды түсінемін. Ол – дұрыс» деген жөн.
- ***Қауіпсіз атмосфера құрамыз***
- Шыдамды және сабырлы болуға тырысамыз.
- Балаңызбен көбірек уақыт өткіземіз, әсіресе мазасыздық кезінде
- Балаға өзін қауіпсіз сезінуге көмектесетін рәсімдер жасаймыз (мысалы, ұйықтар алдында кітап оқу).
- ***Баланы қорқынышымен күресуге үйретеміз***
- Баламен қорқынышын талқылаймыз.
- Оны түсінуге көмектесеміз.
- Балаға өз сезімдерін білдіруге көмектесу үшін ойындарды, ертегілерді, сурет салуды қолданамыз.
- Баламызға релаксация әдістерін үйретеміз (терең тыныс алу, медитация).
- ***Сенімді қарым-қатынасты дамытамыз***
- Баланы мұқият, сөзін бөлмей, айыптамай тыңдаймыз.
- Өңгімені ынталандыру үшін ашық сұрақтар қоямыз.
- Өз сезімдеріміз және тәжірибелерімізбен бөлісеміз.
- Балаға ұнайтын нәрселермен айналысып, бірге мүмкіндігінше көп уақыт өткіземіз.
- ***Маманға жүгінеміз***
- Егер баланың мазасыздығы оның өміріне қатты әсер етсе, балалар психологіне хабарласамыз.

Есіңізде болсын: біздің сүйіспеншілігіміз, балаларды қолдауымыз бен түсінуіміз – балалық шақтағы мазасыздықпен күресудің негізгі көмекшілері.

БАЛАНЫҢ МАЗАСЫЗДЫҒЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІН ДҰРЫС ТҮСІНУ

«Үнемі кемелдікке ұмтылу» баланың өзіне тым жоғары талаптар қоятынын, барлық жағынан мінсіз нәтижеге ұмтылатынын және тіпті кішігірім қателіктерден де ауыр зардап шегетінін білдіреді. Бұл балалық мазасыздықтың белгілерінің бірі болуы мүмкін және келесідей көрінеді.

- ***Тым үлкен үміттер***
- Бала барлық жағынан ең жақсы болуы керек деп есептей отырып, өзі үшін шындыққа жанаспайтын жоғары стандарттарды белгілейді.
- Бала өзінің және ата-анасының үмітін ақтамаудан қорқады.
- ***Қателіктерден қорқу***
- Кез келген қателік ұят пен кінә сезімін тудыратын апат ретінде қабылданады.

- Бала қателесуі мүмкін жаңа міндеттерден немесе жағдайлардан қашқақтайды.

- **Өзін-өзі сынау**

- Бала үнемі өзін-өзі сынайды, тіпті кішігірім қателіктер үшін де.

- Бала өз жетістіктерін жеткіліксіз деп санайды.

- **Перфекционизм**

- Бала барлық нәрседе, тіпті ұсақ-түйекте де тамаша нәтижеге ұмтылады.

- Бала бәрін мінсіз етуге көп уақыт пен күш жұмсайды, тіпті бұл үлкен мәселе болмаса да.

- **Мазасыздық және стресс**

- Үнемі идеалға ұмтылу үлкен алаңдаушылық пен стресс тудырады.

- Бала өз үмітін ақтамаудана қорқып, үнемі шиеленісте болады.

- **Неліктен мұны ескеру маңызды?**

- Кемелдікке ұмтылу жасырын алаңдаушылықтың белгісі болуы мүмкін.

- Өз-өзіне шамадан тыс талап қою эмоционалды күйзеліске және өзін-өзі бағалау проблемаларына әкелуі мүмкін.

- Балаңызға өз қателіктерін қабылдауға және өзін-өзі кешіруге үйренуге көмектесу маңызды.

ЖАСӨСПІРІМГЕ ӨЗІН СЕНІМДІ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ СЕЗІНУГЕ ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ

Қарым-қатынасқа байланысты рәсімдер

- **Күнделікті сөйлесу**

- Жасөспірім өз күйзелісімен бөлісуге мүмкіндігі бар екенін білуі үшін қысқа, бірақ тұрақты қарым-қатынасқа уақыт бөлеміз.

- Бұл кешкі ас кезінде немесе ұйықтар алдында кешкі әңгіме болуы мүмкін.

- **Құпия сөз**

- Егер жасөспірім қандай да бір жағдайда өзін қауіпті немесе ыңғайсыз сезінсе, қолдана алатын сөз немесе сөз тіркесін ойлап табамыз.

- Бұл оған артық назар аудармай, мәселе туралы белгі беруге мүмкіндік береді.

- **«Үш қоңырау» ережесі**

- Жасөспірім жоспарлары өзгерсе, кешіксе немесе өзін жайсыз сезінсе, әрқашан бізге қоңырау шалады деп уәделесеміз.

- Бұл жағдайды бақылауға және оның орналасқан жерінен хабардар болуға мүмкіндік береді.

Интернеттегі қауіпсіздікке байланысты рәсімдер

«Кідіртуге қойылған телефон»

- Кешкі ас кезінде барлық отбасы мүшелері телефондар мен басқа гаджеттерді кейінге қалдырады деген ереже орнатамыз.

- Бұл сенім мен ашық қарым-қатынас атмосферасын құруға көмектеседі.

➤ Құпиялылық параметрлерін бірлесіп тексеру

- Жасөспіріммен бірге әлеуметтік желілерде және басқа онлайн қызметтерде құпиялылық параметрлерін үнемі тексеріп отырамыз.

- Қандай ақпаратты жариялау қауіпсіз және қайсысын жасыру жақсы екенін талқылаймыз.

➤ «Күмәндансаң – сұра» ережесі

Егер жасөспірім интернетте күдікті хабарламалар, сілтемелер немесе онлайн сұраулар алса, сізбен кеңесу керек деген ережені орнатамыз.

Физикалық қауіпсіздікке байланысты рәсімдер

➤ Кешкі «қауіпсіздік шаралары»

- Ұйықтар алдында жасөспіріммен бірге терезелер мен есіктердің жабылғанын, электр құрылғыларының өшірілгенін тексереміз.

- Бұл қауіпсіздік пен тыныштық сезімін қалыптастыруға көмектеседі.

➤ «Қауіпсіз маршрут» ережесі

- Жасөспірім үйге қайтарда немесе қалада жүргенде пайдалана алатын қауіпсіз орындар мен маршруттардың тізімін жасаймыз.

- Қауіп төнген жағдайда қалай әрекет ету керектігін талқылаймыз.

➤ Өзін-өзі қорғаудың бірлескен сабақтары

- Жасөспіріммен бірге өзін-өзі қорғау курстарына жазыламыз.

- Бұл оған қажетті дағдыларды беріп қана қоймай, біздің байланысымызды нығайтады.

Есте сақтау маңызды!

- Рәсімдер икемді және жасөспірімнің қажеттіліктеріне бейімделуі керек.

- Бұл рәсімдердің маңызды себептерін жасөспіріммен талқылау керек.

- Балаға біз оны бақылағымыз келмейтіндігін, оны қауіптен қорғауға тырысатынымызды жеткізуіміз керек.

Қауіпсіздік рәсімдерін жасау – бұл жасөспірімнің тыныштығы мен сенімділігіне салған инвестиция.

СЕНІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жасөспіріммен қарым-қатынас жасаудың ережелері ата-аналардан шыдамдылықты, түсінушілікті және өзгеруге дайын болуды талап етеді. Байланыс орнатуға көмектесетін бірнеше ереже.

➤ Белсенді және айыптаусыз тыңдаймыз

- Назар аударамыз: жасөспірім сөйлеген кезде жұмыстарыңызды қоя тұрамыз. Көзбен байланыс орнатамыз.

- Шынымен тыңдап отырғанымызды көрсетеміз.

- Сөзін бөлмейміз: жасөспірімге оның пікірімен келіспесеңіз де, соңына дейін сөйлеуге мүмкіндік береміз.

- Айыптамаймыз: сын мен бағалаудан аулақ боламыз. Жасөспірім өзін сол қалпында қабылданатынын сезінуі керек.

- Эмпатия танытамыз: жасөспірімнің сезімдері мен күйзелісін түсінуге тырысамыз, тіпті олар мағынасыз болып көрінсе де.

➤ Жеке кеңістік пен шекараларды құрметтейміз

- Жеке өмірге қол сұқпаймыз: жасөспірімнің хат-хабарларын оның рұқсатынсыз оқымаймыз, оның заттарын ақтармаймыз.

- Құпиясы болуы құқығын құрметтейміз: жасөспірім бізге ашуға міндетті емес жеке құпияларға құқылы.

- Өз пікіріңізді мойындатпаймыз: жасөспірімге өз бетінше шешім қабылдауға және таңдау жасауға мүмкіндік береміз.

➤ Ашық және адал боламыз

- Өз сезімдеріміз және тәжірибелерімізбен бөлісеміз: жасөспірімге өз тәжірибеміз, күмәніміз және қателіктеріміз туралы айтамыз.

- Қателіктерімізді мойындаймыз: егер қателессек, кешірім сұраудан қорықпаймыз.

- Адалдық танытамыз болыңыз: өтірік айтпаймыз және шындықты жасырмаймыз, тіпті жағымсыз болса да.

➤ Жасөспірімнің өміріне қызығушылық танытамыз

- Оның хоббиіне қызығушылық танытамыз: достары, хоббиі, музыкасы және фильмдері туралы сұрастырамыз.

- Бірге уақыт өткіземіз: екеуімізге де қызықты болатын әрекеттерді табамыз.

- Оның бастамаларын қолдаймыз: жасөспірімді оның ұмтылыстары мен жетістіктері үшін ынталандырамыз.

➤ Ақыл айту мен моральдан аулақ боламыз

- Дәріс оқымаймыз: жасөспірімдер нотациялар мен уағызды ұнатпайды.

- Басқалармен салыстырмаймыз: жасөспірімді ағалары, әпкелері, сыныптастары, көршілерімен, достарымен салыстырмаймыз.

- Қорқытпаймыз немесе бопсаламаймыз: бұл жасөспірімді сізден алыстатады.

➤ ***Шыдамды болуға тырысамыз***

Жасөспірім шақ – қиын кезең: жасөспірім гормоналды өзгерістер мен эмоционалды тұрақсыздықты бастан кешіретінін ұмытпаймыз.

Жедел нәтиже күтпейміз: сенім қатынастары біртіндеп құрылады.

Қақтығыстарға дайын боламыз: қақтығыстар қалыпты жағдай, бастысы-оларды сындарлы түрде шеше білу.

➤ ***Ымыраға келеміз***

Жасөспірімнің пікірін ескереміз: екі жақтың да мүдделерін ескеретін шешімдер қабылдаймыз.

Жеңілдіктерге дайын боламыз: кейде қарым-қатынасты сақтау үшін ымыраға келу керек.

➤ ***Маманға жүгінеміз***

- Егер байланыс орната алмасаңыз: психологке немесе психотерапевтке барудан қорықпаймыз.

- Маман жағдайды түсінуге көмектеседі: жасөспіріммен қалай жақсы қарым-қатынас жасау керектігін айтады.

Жасөспіріммен сенімді қарым-қатынас – бұл оның болашағына инвестиция. Біздің байланысымыз неғұрлым күшті болса, оған жасөспірім кезіндегі қиындықтарды жеңу оңайырақ болады [37]

Мазмұны

	Кіріспе.....	3
1	Мектепке білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты енгізудің мақсаттары, міндеттері мен әдіснамасына қысқаша шолу	6
2	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында білім беру ұйымдарында ата-аналарға арналған ағартушылық іс-шараларды өткізудегі негізгі ұсынымдар	18
3	Әр жастағы білім алушылардың отбасыларымен мектептердің тиімді ынтымақтастық формалары мен әдістерін енгізу және кеңейту бойынша әдістемелік ұсынымдар	117
	Қорытынды.....	187
	Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	188
	Қосымша.....	191

Білім алушылардың отбасыларымен мектептердің ынтымақтастық формалары мен әдістерін енгізу және кеңейту бойынша әдістемелік ұсынымдар

Басуға 05. 09.2025. ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.

Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 12,5.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы»
010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Алтын Орда»
БО, 16-қабат